

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАРАГАНДИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

*“Сегіз қырлы
бір сырлы”*

Основы имиджологии на примере Первого Президента

Том 4

Караганда
Издательство КарГТУ
2011-2012

ББК 66.3 (5 Каз)=632.4
О-75

О-75 Основы имиджеологии на примере Первого Президента: В 4 т. Т. 4/
Под общей редакцией академика НАН РК А.М. Газалиева. – Караганда:
Издательство КарГТУ, 2011-2012. – 170 с.: ил.

ISBN 978-601-296-276-5

Данная книга является продолжением изданного в 2010 г. сборника с аналогичным названием. В ней собраны лучшие статьи казахстанских политиков, ученых, журналистов, в которых наиболее емко и многогранно представлен образ Лидера нации, Первого Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева.

ББК 66.3 (5 Каз)=632.4

ISBN 978-601-296-276-5

© Карагандинский государственный
технический университет, 2011-2012



САБАҚТАСТЫҚ

Әбдімәлік Нысанбаев,
академик

Егемен Қазақстан, 30 маусым 2011ж.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәтінен бергі аз уақыт ішінде әлем картасындағы танымал мемлекетке айналды – бұл Ұлт көшбасшысы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі, өткенді түсіне отырып, болашақты болжайтын, жаһанданудың жаңа дәуірінің тамырын баса білген талантының нәтижесі. Қазақстан өз дамуының экономикалық, саяси және этномәдени үлгісін іздестірудің күрделі, қиын да қайшылықты кезеңінен өте келе, болашаққа деген сенімін нығайтып, оған қол жеткізудің мақсат-міндеттерін ұғына отырып, үшінші мыңжылдыққа қадам басты.

Елімізде жүйелі өзгерістер, қоғамның саяси жүйесінің, рухани-адамгершілік бағдарлар мен құндылықтардың жаңаруы жедел жүруде. Бізде азаматтық қоғамның қызметі мен дамуын анықтайтын заңнамалық қағидалар мен нормативтік актілер жасақталып, оның саяси-құқықтық негізі қалыптасты. Президенттің күш-жігерінің арқасында саяси жүйе мен оның институттары жетілдірілді. Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген жетекшілігімен Қазақстан Республикасы өзінің индустриялық-инновациялық стратегиясын жүзеге асырып отырған дербес өркениетті бәсекеге қабілетті державаға айналып келеді.

Қазақстанның қоғамдық өмірді ұйымдастырудың демократиялық формаларына, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамға деген ұмтылысын, оның еркіндікке ие болуын әуел бастан халқының өз өмірқамының, өз тарихының шынайы субъектісі болуға деген, өз тағдырын өзі анықтауға деген ұмтылысын қолдап, соған қызмет етіп келе жатқан Президент Н.Назарбаев тұлғасының рөлін ескермей пайымдау да, ұғыну да мүмкін емес. Қазақстан үшін дамудың басым бағыттарын айқындай білу және оның салдарларын болжай білу, жалпы табыстар мен жетістіктер Елбасының көпқырлы саяси қызметімен байланысты.

Біздің Президенттің адами қасиеттері мен демократиялық ой-санасы тек жоғары ғылыми-теориялық деңгейді ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар әлемнің ұлттық кескіні мен дәстүрлерге, тарихи болмыстың үздіксіз ағымына сүйенумен байланысты оның саяси интуициясы мен сезімталдығын да аңғартады. Еліміздің алдағы онжылдықтарда дамуының келешектерін анықтайтын «Қазақстан-2030» Стратегиясын жасау мен оны біртіндеп жүзеге

асыру да Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланысты. Соның негізінде ол дамудың ерекше қазақстандық жолын жобалады: «Тұрақтылықтан – жаңару арқылы – бүкіл республиканың гүлденуіне». Мемлекет басшысы әділетті қоғамның жобасын ғылыми негіздеп қана қоймай, оны шындыққа да айналдыра білді. Бұл Қазақстан Көшбасшысының бүкіл көпқырлы қызметін сипаттайды: ойдың бейнесі мен әрекеттің бейнесінің, сөз бен істің бірлігі.

Әлем картасында жаңа тәуелсіз жасампаз кәсіби мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюы – Нұрсұлтан Назарбаев қызметінің бірінші және ең басты нәтижесі. Қазақстан Президенті тарихтың тұңғыш тереңіне сүңгіп, ондағы ұлттың асыл қазынасының інжу-маржанын теру үшін теңдессіз бастама көтерді – «Мәдени мұра» (2004-2011 жж.) стратегиялық ұлттық жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Халықтың өзін-өзі тануы, міне, өз-өзіне келіп, өзіндік төлтумалылық пен ерекшелікті бекіту үшін осы шарт қажет, деп есептейді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Өзге мемлекет басшыларымен, әлемдік қауымдастықтың өкілдерімен болған көптеген кездесулер, әңгімелер, сұхбаттар, жеке әсерлердің жиынтығы қазақстандық көшбасшының көзін мынаған жеткізді: дәл осы бай ұлттық мәдениет, тарих, қазақ философиясы, этностық бояу, фольклор, қазақ тілінің мәнері мен көркемдігі пікірлесушінің қызу қызығушылығын тудырады.

Президент ұлттық топтастыру негізделетін идеялық құрылымдарды айқындайды. Олардың ішінде мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің дамуы аса маңызды орын алады. Тіл мәселесі, ұлттық мәселе сияқты өте бір нәзік мәселе, дейді Президент. Тілдің ерекшеліктері ұлттық типті, этностық даралықты және, тіпті, әлеуметтік құрылымдардың ерекшеліктерін де анықтайды. Ана тілі жаһандану дәуірінде өзінің бүкіл бай әлеуетін ашуы үшін, қазақ ұлттық идеясы бар дауысымен естілуі үшін Мемлекет басшысы қолдан келгеннің бәрін істеуде.

Тәуелсіздік алғаннан кейін біздің еліміз бұрынғы көнерген экономикалық, саяси және мәдени формаларды тастап, жаңа тарихи кеңістікке батыл қадам басты. Біз жас республиканың экономикадағы, саясаттағы, азаматтық құрылыстағы, мәдениеттегі жетістіктеріне құрметпен көз саламыз. Ең бастысы – этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы жетістіктерге. Әлемнің жекелеген аймақтарында этносаралық шиеленістер ұлғайған тұста Қазақстан тұрақтылықтың аралы болып қала берді.

Конфессияаралық қарым-қатынастың қазіргі формаларын белсенді жүргізушісіне тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы айналды және тарихи, ғаламдық деп айтуға тұрарлықтай бірқатар бастамаларды іске асырды: Рим папасы Иоанн Павел II-ні шақыру, Астанада әлемдік діндердің тоғысатын орталығын құру жолындағы аса маңызды қадам ретінде әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшыларының съезін өткізу. Бұл идея шын мәнінде Еуразияның ортасында, ежелгі қазақ даласының қақ жүрегінде орналасқан Қазақстанның жаңа астанасының ұлы мақсатына лайықты.

Этносаралық толеранттылықтың дәстүрлерін ұстана отырып, Астана планета халықтарының рухани келісімі мен өзара түсіністігінің негізі ретіндегі конфессияаралық сұхбаттың теңдессіз стратегиясын жасады. Оның үстіне, Астана діндердің, халықтар мен ұлттардың бірігуі мен рухани келісімінің баға жетпес тәжірибесі туралы әлемге жар салды. Нұрсұлтан Назарбаевтың дана басшылығының арқасында ғана Астана тамаша табыстарға қол жеткізді және болашақта да жаңа асуларды алатынына еш күмән жоқ.

«Мәдени әралуандылықты сақтай отырып, халықтың бірлігін қамтамасыз ету – біздің ең басты байлығымыз» деген Президенттің идеясы туған Отанның тағдырына жан-тәнімен берілген барша қазақстандықтардың түсіністігі мен қолдауына ие болды.

Адам үшін өзіне, өз балаларына және туған-туыстарына ынтымақты әрі берекелі өмір сүруге лайықты жағдай қажет екені бесенеден белгілі. Адамның Үйінде осындай игіліктің салтанат құрғаны мейлінше маңызды.

Біздің өркениетті санамызда Үй ұғымы жай баспана түсінігінен анағұрлым терең. «Отан отбасынан басталады» деген мақал да осыны дәлелдесе керек. «Үй» – бұл материалды игіліктермен толтырылған территорияны ғана білдірмейді. Ол адамның тұлғааралық байланыстарынан, құндылықтық бағдарларынан және қондырғыларынан тұратын құрылым, ол адамның «болмысы». Бұл болмыстың толықтығын сездіретін және өмірге мән беретін іргелі негіз.

«Үй – жай ғана бөлмелер, қабырғалар мен терезелер емес, олардан анағұрлым кең нәрсе. Үй – бұл басты баспана, жылы ұя, бұл сенің өміріңнің территориясы», – бұл туралы өзінің «Қазақстан жолы» кітабында Н.Ә. Назарбаев осылай дейді. «Өз қолыңмен тұрғызған үйден қымбат нәрсе жоқ».

Жиырма жылға жетер-жетпес уақыт ішінде біз өзіміздің ортақ Үйімізді – өзіміздің Қазақстанды тұрғыздық. Қазіргі Қазақстан – бұл өзінің бүгіні мен ертеңіне сенімді егемен мемлекет.

Біздің бұл жетістікке жетуіміз оңай болған жоқ, тәуекелге баруға да, кейде құрбандыққа көнуге де тура келді. Бірақ барша қазақстандықтардың өз елімізді шынайы тәуелсіз әрі игілікті елге айналдыруға деген ұмтылысы, халқымызға тән еңбексүйгіштік пен төзімділік Қазақстанның қиын замандарды артта қалдыруына сеп болды. Бұл жолда бірінші Президенттің сіңірген еңбегі зор болды, ол жас мемлекет қалыптасуының сындарлы жылдарында дұрыс стратегиялық бағыт таба білді және қазақстандық қоғамның ең бағалы құндылығы өз азаматтарының татулығы мен келісімін сақтап қала білді.

Алайда өмірдің ағымы бір орнында тұрмайды. Өз дамуының сапалы түрде жаңа сатысына қадам басқан бүгінгі Қазақстанның алдында әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани прогресс жолында одан ары жылжудың жаңа ауқымды міндеттері тұр. Бұл міндеттерді шешу тек саяси және экономикалық тұрақтылық болғанда ғана, елдің гүлденуі жолында

барлық саяси күштердің жігерін біріктіргенде ғана, қоғамды жалпыхалықтық ұлттық көшбасшының төңірегіне топтастырғанда ғана мүмкін болады.

«**Біз әлі жолдың басындамыз**», деді Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында. Оның басты құндылықтары – дамудың этикалық негізін, өлшемдері мен бағдарларын құрайтын **еркіндік, бірлік, тұрақтылық, өркендеу**. Осылар біздің балаларымыз бен немерелеріміз тұратын ортақ Үйіміздің – болашақ Қазақстанның келбетін қалыптастырады.

Негізгі құндылықтар – еркіндік, бірлік, тұрақтылық, гүлдену – бір-бірінің шарты бола отырып, өзара тығыз байланыста болады. Еркіндік әркімнің және барлығының осы өмірде өзін жүзеге асыру мүмкіндігінің теңдігін бейнелейді. Еркіндік әрбір тұлғаның лайықты өмір сүруі үшін де, бүкіл қоғамның орнықты дамуы үшін де бірдей дәрежеде қажетті. Бірлік еркін әрі теңқұқықты азаматтардың бірлескен белсенді әрекетін талап етеді. Өз кезегінде, бірлік қоғамның ынтымағының көрінісі ретінде ғана мүмкін болады. Бірліксіз еркіндік пен тұрақтылықты жүзеге асыруға, игілікке қол жеткізуге жағдай болмайды. «Біз бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында көп нәрсеге қол жеткіздік. Біздің болашақ дамуымыз да, барлық мақсаттарымыздың іске асуы да қоғамдағы бірлік пен елдегі тұрақтылық болмаса мүмкін емес», деп Елбасы үстіміздегі жылдың 28 ақпанында жетекші отандық БАҚ журналистерімен болған кездесуде тағы бір мәрте атап өтті.

Президент Н.Ә. Назарбаев егемен мемлекет ретіндегі Қазақстанның орнықты дамуы тек жалпыұлттық келісім жағдайында ғана ықтимал деп есептейді, ал бұған қазақтардың да, барлық басқа этностардың да жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдылық беруі негізінде даму арқылы қол жеткізуге болады. «Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – елдің табысты дамуының негізгі шарты. Қазақстанның тәуелсіздігі жолы – бұл ортақ Отанымыз – Қазақстанның тағдырына елді мекен ететін 140 этнос өкілдерінің жауапкершілігінің жолы. Өз игілігіміз – халықтар бірлігін көздің қарашығындай сақтау, мұны өскелең ұрпаққа, жастарға өсиет етіп табыстау барынша маңызды».

Елбасы революциялық сипаттағы түбірлі өзгерістерді мүлдем қабылдамайды, ол қоғамдағы өзгерістер мен реформалардың эволюциялық сипатын ұсынады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың барысы мен ырғағына әсер етудің негізгі ұстыны – бұл қоғамдық тұрақтылық пен саяси бағыттың сабақтастығын сақтай отырып, қазақстандық қоғамның барлық салаларын біртіндеп және мақсатты түрде реформалау.

Өз арманының Үйі Президентке қалай көрінеді? Негізгі бағдарлар Қазақстанның 2030 жылға дейін дамуының стратегиялық бағдарламасында айқындалған. Нақты өлшемдер «Қазақстан-2020» Жоспарында берілген. Дамудың мақсаттарына қол жеткізудің міндеттері Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы жаңа Жолдауында белгіленген.

Саяси жаңарту елдің саяси жүйесін одан ары демократияландыру мен либералдандыруға бағытталған реформаларды жүргізуді білдіреді.

Қазақстанда адам мен азаматтың құқықтары сақталатын, құқықтық және әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейі, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі қамтамасыз етілген, барлығы үшін тең мүмкіндіктер берілген әділетті демократиялық қоғам құрылатын болады.

Мемлекеттік қызметкерлердің моральдық-адамгершілік келбетіне, тәртіпке, отансүйгіштікке, кәсіби шеберлікке деген талапты күшейту, атқарушы билік құрылымдарының қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру, олардың қызметін бюрократиясыздандырып, тиімділігі мен тұнықтығын арттыру мақсатында бұл құрылымдар жетілдірілетін болады.

Өз функцияларын әділетті атқарудың негізі ретінде сот билігінің объективтілігі мен тәуелсіздігі нығайтылады. Адалдық, әділдік, ар мен абыройлылық, жоғары кәсіби деңгей мен Заңның рухын сақтау қазақстандық қазылық корпусының баламаларына айналады.

Елбасы таза және демократиялық сайлау елдегі мемлекеттік биліктің негізгі заңдылығын аңғартады деп атап көрсетеді. Алдағы сайлау туралы отандық журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев кезектен тыс сайлау өткізу идеясы – бұл Ата Заң мен демократиялық ұстындарға құрмет көрсетудің белгісі деп көрсетті. Президент таза, ашық әрі тұнық сайлау өткізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады деп атап өтті.

Жеделдетілген экономикалық жаңарту халықтың әл-ауқатын арттырудың шешуші шарты ретіндегі әлеуметтік бағдарланған, тиімді, бәсекеге қабілетті, қарқынды және ашық экономика қалыптастыруды байқатады.

Бәсекеге қабілеттілік экономика тиімділігінің басты тетігі ретінде көрінеді. Бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыруға болашақта елдің ұлттық экономикасының негізіне айналуы тиіс шағын және орта бизнесті жедел дамыту анағұрлым лайықты жауап береді.

Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті 50 елінің қатарына ену Стратегиясының ұстындары мен мақсаттарын түгелдей іске асыруға қол жеткізу қажет.

Аймақтық және жаһандық экономикалық ұйымдар мен бірлестіктерге қатысу арқылы, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді әлемдік нарыққа енгізу арқылы Қазақстанның әлемдік экономикалық кеңістікке кіруі жалғасын табады.

Экономиканың қарқынын арттыру шикізаттық бағдардан өңдеуші секторды дамытуға қарай өтуге бағытталады. Экономиканы жаңарту оның технологиялық артта қалушылығы мен «соңынан қуалаушы» сипатынан арылту мақсатында жүзеге асырылады.

Бұл міндеттерді шешу қарқынды индустриялық-инновациялық бағдарламасымен байланысты, ал бұл өз кезегінде отандық машина жасау мен электрониканы дамытуды, биологиялық және ядролық технологияларды бейбіт мақсатта қолдануды; аэроғарыш саласында қазіргі заманғы өндірісті дамытуды; индустрияның, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің негізгі салаларын одан ары дамытуды; химиялық және мұнайхимиялық өнеркәсіпке, сондай-ақ, құрылыс индустриясына басымдылық беруді аңғартады.

Осыған орай индустриялық-инновациялық бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін мынадай шарттар міндетті: ғылымға инвестиция салу және отандық өндірісті ғылымға бейімді ету; басқарудың мәдениеті мен жаңа әдіснамасын қалыптастыру мен практикаға енгізу; өмірқамының барлық салаларында ақпараттық технологияларды жаппай енгізу және пайдалану; біріккен мемлекетаралық бағдарламалар мен жобалар жасауды экономикалық интеграция үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру; мемлекеттік институттармен серіктестік негізінде инновациялық үдерістерге қоғамдық бірлестіктер мен жеке кәсіпорындарды белсенді түрде тарту.

Ұлттық экономиканы дамытудың аса маңызды факторы ретінде аграрлық секторды дамытуға баса назар аударылатын болады. Жаңа экономикалық жағдай мемлекеттің аграрлық саясатын жаңартуды, елдегі агробизнестің бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Бұл саладағы мемлекеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету; аймақтардың ерекшелігін ескере отырып, ауылшаруашылық кәсіпорындарын оңтайлы орналастыру мен мамандандыру, аймақаралық кооперацияны дамыту; ауыл шаруашылығы өндірісін жаңарту, қазіргі заманғы ғылым мен техника жетістіктерін енгізу негізінде оның техникалық және технологиялық артта қалушылығын игеру; отандық ауыл шаруашылығының орнықты дамуы мен оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Әлеуметтік жаңарту отандық экономиканың орнықты және тиімді өсуінің мүмкіндігіне негізделген адами ресурстар мен әлеуметтік саланы дамытуды аңғартады. Жаңа әлеуметтік саясат адам әлеуетін дамытуға, мемлекеттің әлеуметтік функцияларын күшейтуге, адамның лайықты өмірі үшін жағдайлар қалыптастыруға бағытталады болады. Өмір сапасының қазақстандық ұлттық стандарты үздік әлемдік үлгілерге жақындайды.

Әлеуметтік тұрақтылық пен игілікке қол жеткізу мыналардың негізінде мүмкін болады: өндіріс пен оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, шағын және орта бизнесті дамытудың, қоғамдық пайдалы еңбек саласында қосымша жұмыс орындарын қалыптастыру нәтижесінде жұмыспен қамтуды ұлғайту; еңбек өнімділігін өсіру барысында мемлекеттік секторда жәрдемақыларды көтеру; зейнетақыны, стипендия мен пособиелерді индексациялау және арттыру; халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал бөлігіне арнайы көмек көрсету.

Қорыта айтқанда, аталған бағыттар мына төмендегілерді қамтиды:

Саяси салада: елдің демократиялық дамуына ықпал ету; оның егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту; республиканың территориялық тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; азаматтық қоғамды дамыту; адамның құқықтары мен еркіндіктерін кеңейту;

Экономикалық салада: халықтың әл-ауқаты мен экономиканың өркендеуіне жауап беретін меншіктің барлық түрлерін дамыту; әлеуметтік-нарықтық шаруашылықты қалыптастыру; шағын және орта бизнесті қолдау; әлемдік экономикалық қауымдастыққа интеграция;

Әлеуметтік салада: мемлекет, бизнес және еңбек арасында серіктестік қатынастарды қалыптастыру; халықтың әлеуметтік аз қорғалған бөлігін мемлекеттік қорғау және қолдау; қазақстандық ауылды түлету;

Рухани салада: қазақстандық бірегейлік пен отансүйгіштікті қалыптастыру; барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту; Қазақстан этностарының мәдени-тілдік төлтумалылығы мен рухани мұрасын қолдау; этносаралық келісім; діни төзімділік.

Осылайша, **Қазақстан 2020 жылға қарай** құқықтық және әлеуметтік бағдардағы мемлекетті білдіретін болады, онда тұлғаның құқықтары мен еркіндіктері, мүдделері мен қажеттіліктері оның қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігімен астасатын болады, ал мемлекет пен қоғам тұлғаның өзін жүзеге асыруы мен дамуы мүмкіндіктері үшін өзінің жауапкершілік жүгін арқалайтын болады. Мұндай мемлекетте халықтың билікке деген егеменді құқығы, биліктің конституциялық жіктелісі мен олардың өзара бақылануы, заң үстемдігі мен оның қолданылу теңдігі, тұрғылықты халықтың әлеуметтік-құқықтық қорғалуының кепілдігі, мемлекеттің реттеушілік мүмкіндігіне сүйенген экономиканың нарықтық негіздерін дамыту ұстындары басымдылық танытады. Мұның барысында өзінің бүкіл мүдделері мен мұқтаждықтары жүйесімен қоса алғандағы адам ең жоғары құндылық болып табылады.

Нұрсұлтан Назарбаев адамзатты әлемдік тарихтың шынайы мәнінде әлемнің ішкі рухани өзгеруіне итермелейтіндей көшбасшы деп нық сеніммен айтуға болады. Мемлекет басшысының тапқыр инновациялық идеялары тек үндеу, идея күйінде қалып қоймайтыны өте маңызды. Олар өзінің практикалық қалыбын экономикадан, саясаттан, мәдениеттен, әлеуметтік саладан, халықаралық қатынастардан тауып отыр. Бұл идеялар мен бастамалар нақты өмірден орын алып қана қоймай, Президенттің бірқатар кітаптарынан, мақалаларынан және сөйлеген сөздерінен көрініс тапты. Олардың барлығы – қазіргі әлемнің жаһандық қатынастары жүйесінде тәуелсіз Қазақстанның үйлесімді және орнықты инновациялық дамуымен сипатталатын біртұтас мақсатқа бағындырылған Нұрсұлтан Назарбаевтың көпқырлы қызметінің құжатты куәліктері.

Мемлекеттік ұлттық саясаттың табыстары мен оны жасау мен жүзеге асырудағы Президенттің рөлі орасан, күмәнсіз әрі жалпы мойындалған. Елдің жедел дамуының ұзақ мерзімді басымдылықтарына жауап беретін саяси реформалардың жүзеге асырылуын Мемлекет басшысы «Қазақстан-2030» стратегиясында, Қазақстанның бәсекеге анағұрлым қабілетті 50 мемлекеттің санатына ену стратегиясында, «Жаңа Қазақстан – жаңа әлемде (2007), «Қазақстан азаматтарының игілігін арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» (2008), «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» (2009), «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» (2010) жолдауларында белгіледі.

Оның үстіне Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі және бұл ұйымның таяуда Астанада өткен Саммиті аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшілікті

нығайту жөніндегі Президенттің қатаң ұстанымы мен саяси энтузиазмін толығымен көрсетіп берді. Бүгінгі Қазақстан ядролық қаруды таратпаудың әлемдік үдерісінің жетекшісі болып қана қоймай, лаңкестікпен күрестің халықаралық күш-жігерін қолдай отырып, әлемдік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл ойнап отыр.

Мемлекет басшысы тұлғасының жан-жақтылығы мен күш-қуатын бейнелейтін және республиканың болашаққа лайықты экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени алға жылжуына ықпал ететін Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңашыл идеялары мен бастамаларын тізіп айта беруге болады. Көп нәрсе жасалды, бірақ жасайтын нәрселер одан да көп. Ұлт көшбасшысының ұстанған бағытының сабақтастығын сақтай отырып қана, «2020-дамудың стратегиялық жоспарын» іске асыруға болады.

Барлық осы күрделі де қиын міндеттердің оң шешім табуы Тұңғыш Президенттің, Ұлт көшбасшысының есімімен және көпқырлы қызметімен байланысты.

ЖАҒАН МОЙЫНДАҒАН ЖАСАМПАЗДЫҚ

Қадыр Әлімқұлов,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Егемен Қазақстан, 9 сәуір 2011ж.



Табаны күректтей жиырма жыл бойына, Президент Әкімшілігі құрылған алғашқы күннен бастап, ежелден еркіндігін аңсаумен келе жатқан, небір жаугершіліктің жұтын, отаршылықтың озбырлығын көре жүріп, «мың өліп, мың тіріле» жүріп, тәуелсіздігіне әзер жеткен қазақ елінің Тұңғыш Президентінің қол астында қызмет атқарып келеміз. Лауазымдық міндеттеріме орай сарапталатын заңдар, жарлықтар, өкімдер, Мемлекет басшысы қатысқан ірілі-ұсақты мәжілістер мен кеңестердің ілеспе аудармалары, олардың шешімдерін саралайтын хаттамалары, шұғыл жеделхаттары мен қайтарған жауаптары, халықаралық және мемлекетаралық уағдаластықтарға байланысты келісімшарттар, награда тапсыру, азаматтыққа қабылдау мен одан шығару, саяси баспана беру, сотталғандарға кешірім жасау сияқты күнделікті жұмыстың сыртында ондаған кітабын құрастыру мен шығаруға атсалысқанымыз, тікелей басшылығымен егемен еліміздің Ата Заңын аударуға қатысуымыз, тәуелсіз мемлекетіміздің нормативтік-құқықтық актілерінің атауларын қалыптастырушылардың арасынан табылып Президент Кеңесінің бастығы Махмұд Қасымбековпен бірлікте, өзінің батасын ала отырып «Нұрсұлтан деп ат қойдым...» деген кітапты жазуымыз – мақтаныш сезімімен ауыз толтырып айтуға аздық ете қоймаса керек деп ойлаймын.

Енді осы кітаптың жазылу барысы жайында әңгімелесем деймін. Әлі есімде, бізге балалары мен немерелеріне Президентіміздің атын қойғандардан көптеп хат келе бастаған. Алғашқыда жай баяндап, өзінің келісімімен алғыс білдіріп, бүлдіршін аттастарына тілектестігін хабарлап, жылы рәуіште жауап қайтарып жүрдік.

Келе-келе ондай хаттар тым көбейе түсті. Қазақстанның бар өңірі қамтылғаны былай тұрсын, бауырлас қырғыз, өзбек, татар азаматтарынан асып, түрік, чешен, дағыстан, башқұрт ағайындардың артын ала орыс, украиндарға ұласты. Алғашқы емен-жарқын әңгімелесуіміздің сәті де сонда түскен еді.

Кітаптың жазылуы барысында, аптал азамат Махмұд Қасымбековпен аты әңгіме арқауына айналып отырған адамға – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнайы жолыққан едік. Кітаптың құрылымы, онда көтерілген мәселелер туралы ой-пікірлерімізді ортаға сала келіп, осыған орай Елбасының тікелей өзіне бірнеше сұрақ қоюды жөн көретіндігімізді алға тарттық. Осы сұхбат негізінде жазылатын арнайы тарауға үлкен үміт артатынымызды, оның жалпы кітаптың ауыр жүгін арқалауға тиіс екендігі жөніндегі пайымдауымызды да жасырған жоқпыз.

Мемлекет басшысы жоспарланып отырған әңгімеге деген көзқарасын білдіргеннен кейін, өтінішімізді қанағатты сезімімен қабыл алды. Сол сұхбатты оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Себебі, онда Президент бітім-болмысынан суыртпақтап сыр тартар біраз мағлұматтың бар екені еш даусыз.

* * *

– Нұрсұлтан Әбішұлы, алғашқы сұрағымыз мынандай: Сіздің атыңызды кім қойған?

– Менің әкем Әбіш – атамыз Назарбайдың кенжесі. Ол кісінің Әбіштен үлкен Үмбет, Шалабай деген ұлдары, бір қызы болған екен. Қызы жас кезінде қайтыс болып кетіпті. Назарбай әлде би, болмаса болыс па, әйтеуір, ауқымды аймаққа билік жүргізген, қолында мөрі бар адам екен. «Назарбайдың жазығы», «Назарбайдың диірмені» деп аталатын жерлер әлі де бар. Шамамен, Шамалған, Қаскелең, «Үшқоңыр жайлауы» деген мекендерді қоныстанған болса керек. Қазақ дәстүрі бойынша әке-шешесі қартайғанда кенже баласының қолында болады ғой. Әжеміз – Мырзабала бәйбіше біздің үйде тұрған.

Назарбай атамыз елді отырықшылыққа икемдеп, жерге тұрақтандыруға көп көңіл аударған адам сияқты. Оның әкеміздің үш жасында, ғасыр басында дүниеден озғанын қариялар айтып отыратын. Сонда, әкей 1905 жылғы болса, атамыз 1908 жылы қайтқан тәрізді. Ол кісі дүние салғаннан кейін мөрін әжеміз Мырзабала марқұм ешкімге бермей, өз қолында ұстаған. Демек, бар билікті қолға алған ғой...

Әжеміз мен бес жасқа келгенде қайтыс болды, еміс-еміс есімде бар, сұңғақ бойлы, әдемі кісі еді. Өте жігерлі болатын. Бар балаларына, ауыл-ағайынға айтқанын істетіп отыратын. Ол кісіге ешкім қарсы келмейтін. Әкеме тұрмысқа шыққаннан кейін шешеміз бес жылға дейін құрсақ көтермепті. Ел: «Бұлардың балалары болмайды», «анау-мынау...» – деп жүргенде, мен туыппын. «Кенже ұлдан көрген тұңғыш немерем» деп, әжеміз мені бауырына салып алыпты. Сонымен, мені сол әжеміз баққан. Менің атымды да Нұрсұлтан деп өзі қойыпты.

– Қандай жағдайда және неліктен ол есімді қойған деп ойлайсыз? Мүмкін, әулеттеріңізде ұқсас есімді адамдар болған шығар?

– Қандай жағдайда екенін білмеймін, ал неліктен екенін түсіндіріп көрейін. Елдің айтуынша да, менің пайымдауымша да бұл есімді Құраннан алған болса керек. Өйткені, әжеміз құдайға сеніп, құлшылық еткен, намаз оқитын – мұсылмандықты қастерлеген адам еді. Үнемі ақ шағаладай боп, әппақ киім киетін.

«Молдалармен ақылдасты, әдейі осы есімді таңдап қойды...» дейтін сөз бар. Мен кейін Құранды арнайы қараған едім. Құдайдың 99 аты бар. Солардың ішінде Нұр деген бар, Сұлтан деген бар, бірақ Нұрсұлтан дегені жоқ. Өлгі «молдалармен ақылдасты» деулері – «Жаратушының екі атын біріктіріп қойсақ қайтеді?» – деп кеңескендері болса керек...

– Өзіңіз есіміңіз туралы қандай ойдасыз?

– Мен ешқашан «менің атым қандай?» деп ойланып көрген емеспін. Атты әке-шешен қояды, сондықтан ол туралы кім ойлайды? Тек оның мағынасы бар ма, жоқ па деп ойлауға болады. Бір ғана айта кететін жай, бұрын өз есімімді көп кездестірмейтін едім. Мұндай ат сирек болатын. Мысалы, мектепте жүргенімде ондай есімді бала болған жоқ, оқыған, жұмыс істеген жерлерімде аттастарымды кездестірмедім. Қатарластарымның арасында менімен есімдес екі адам ғана бар екенін білетінмін: бірі – белгілі ақын Нұрсұлтан Әлімқұлов, екіншісі – Қарағандыда милиция полковнигі еді. Басқа ешкімді ұшырастырған емеспін.

Мен отбасының тұңғыш баласы, әжемнің кенже ұлының бірінші немересі болдым деп жоғарыда айттым ғой. Оның үстіне, біраз жыл немере көрмегендіктен бе, әжей жарықтық мені көп қорғаштапты. Ешкімге көрсетпеуге тырысқан. Менің тоғыз айда аяғым шыққан екен. Тәй-тәй басып, жүре бастаған кезімде «көз тимесін» деп, арнайы дорба тігіп, аяғымды соған кигізіп қояды екен. Сонда көрші-қолаң келіп: «Балаңыз әлі жүрмеген бе?» – десе: «Жоқ, ә. Құдай бізге қайдан оңған баласын берсін, жүрмейді әлі...» – дейді екен. Аяғы байлаулы бала, әрине, жүре алмайды ғой.

Ол кісі мен бес жасқа келгенде қайтыс болды. Ауырып жатқаны аздап есімде. Тауда жүрген кез еді, сатымен үйдің төбесіне шығам деп құлап, содан дүние салды.

– Басқа мемлекеттердің азаматтары да атыңызды көптеп еншілеуде...

– Ендеше, бұл үрдіс халық ризашылығынан туған болар деп ойлаймын. Басқа халықтар Қазақстанды көрмей, білмей отырған жоқ. Қазақстан қанша көп ұлтты болса да, тыныштықта өмір сүруде. Біздің халықтарымыздың арасындағы татулыққа бәрі сүйсінеді. Әрине, қиындықтар да болған. Ал оларды ескермей, алға жылжуға болмайды.

300 жылдан бері Ресеймен, басқа көрші мемлекеттермен араласып-құраласып келеміз. Уақыт талабымен біздің жерімізге неміс те, украин да, дүңген де, ұйғыр да қоныстанды. Ең бастысы, сол халықтар арасындағы ауызбірлікті, ыстық ілтипат пен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалу керек болды. Алғашқы күннен бастап саясат ретінде де, Заң ретінде де, қызмет ретінде де соны іске асырып келеміз. Осының барлығына халық риза. Жан-жақтағы елдер де мұның бәрін көріп отыр. Мәселен, Чешенстанда 80 мың адам, Кавказда: қарабақ, армян – бәрін қосқанда 150 мың адам, бір Тәжікстанда ғана 100 мың адам қаза тапты деп хабарлап жатыр. Ал біздің еліміз бейбіт, тыныш өмір сүруде. Халыққа ең керегі осы емес пе?! Сондықтан басқа ұлттың адамдары да балаларына осы есімді қоятын болуы керек.

– Осындай абзал азаматтарға, балдырған аттастарыңызға айтар тілегіңіз?

– Мұндайда тек жақсы тілек айту керек қой. Өздерің айтқандай, Нұрсұлтан деген – жақсы ат. Бұл есім Қазақстанда, жалпы түркі тектес халықтарда айрықша мағынаға ие. Мысалы, Нұр сөзі түрік, қыпшақ, басқа тілдерде – жарық, сәуле, жылу деген мағына береді. Сұлтан дегеніміз – түркі, парсы, араб дүниесінде ел басқарған адамдар. Тіпті патшаларды да сұлтан деген. Сондай-ақ, сұлтандар патшаның жер-жердегі билік жүргізуші өкілдері (наместник) болған.

Жалпы, шыр етіп дүниеге келген баласына қандай адам жаманшылық ойлайды? Үлкен азамат болып, әкесінің атын шығарса деп армандайды. Еліне қызмет етіп, халқына жақын болғанын қалайды. Жағдайы жақсы болса, мінезі жақсы болса, батыр болса дейді. Сұлу болсын, шешен болсын дейді. Міне, сол тілектерінің бәрі қабыл болсын! Ниеттеріне жетсін! Балалардың біреуі – Елбасы, енді біреуі – ғалым, ақын болсын, ақылды болсын! Елің, жерің, Отаның сүйетін, халқының тәуелсіздігін қорғап, болашағына қызмет ететін ел азаматтары болып өссін!

Солар өсіп, азамат болғанда, қолдарына билік тигенде, біздің Қазақстанымыз барлық өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, бай, дүние жүзі сыйлайтын, халқының тұрмысы түзеліп, әл-ауқаты артқан, ғылым мен техниканы түгел игерген ел болсын. Сол кезде біз сияқты жасы ұлғайғандар да жақсы тұратын болсын. Балалар да, оқушылар мен студент жастар да – жалпы үкімет тарапынан әлеуметтік қамқорлықты қажет ететін санаттағы барлық отандастарымыз да жақсы жағдайда болсын. Ел гүлденген, тірлік түрленген заманға тезірек жетейік!

* * *

Қат-қабат қыруар қызмет арасынан аса қымбат уақытын бөлгені және мазмұнды әңгімесі үшін алғысымызды айтып, қол алысып қош айтысып шыға салысымен, санадағы сан әсерді жадымызда қайта жаңғырттық.

Жасыратын несі бар, былайғы ағайын «Президент Әкімшілігінде қызмет атқарамыз» десек, бізді Нұрсұлтан Әбішұлымен күнде жолығысып жүргендей көреді. Жиналыс, мәжілістерде болмаса, оңаша әңгімелесудің сәті сирек екеніне сендіру де қиын. Алайда шындығы – сол. Сондықтан да бірлі-жарым бағамдаған әсерімізді ортаға салғанды жөн көрдік.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қызмет бабындағы принципшілдігін, яғни қатаң талап қоюмен қатар, сергек сезімталдықпен қамқорлық та көрсете алатындығын тікелей қол астында қызмет атқаратындардың барлығы жақсы біледі.

Әлбетте, Президент алдына келген адамның жас шамасына байланысты сақталатын дәстүрлі салттан да ауытқымайды. Кімге де болсын өзін еркін сезініп, терезесі тең жағдайда әңгімелесуіне мүмкіндік туғызады. Жүйелі сөздің желісін үзбей тыңдайды; қажет болған жағдайда, ойды нақтылай түсуі үшін қамшылайды; керек кезінде, арнайы сұрақ қойып жетелей де біледі. Сөз салмағы жеңілдеп, діттеген межеден ауытқып бара жатса, сабырлы сыпайылықпен қажетті арнасына аударып, болмаса тың тақырыпқа бастап кетіп, жіті бақылап отырады. Ойлы сөздің орайы келіп жатса, жадырай күліп, баурап алады. Көбінесе айтайын дегенінді емеурініңнен сезеді. «Ол былай емес пе еді?» деп ой орамын өзі жалғап жүре береді.

Сомдалған санасы, толысқан тәжірибесі, туа біткен бітім-болмысы – бәрі-бәрі алып шынардың бұтақтары мен тамырларындай; соның бәрін бойына сіңіртіп, қандай да дауыл дүлейде де шайқалтпайтындай көрінеді. Оған жан жылуының молдығын қосыңыз. Осының бәрі бірігіп келгенде, Қазақстан Президентінің пайымына айналған. Ол – Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгінгі таңда жүргізіп отырған бірегей саясатының түп-тұғыры. Татулық пен тыныштықтың туын көтерген мәмілегердің монументіндей. Әрі ол саясат баршаға мәлім.

Міне, ұлтымыздың ұлы перзенті, ел жетекшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың саңлақ саясаткер ретіндегі қызметін, арда азамат ретіндегі бітім-болмысы мен елдік мінезін сомдайтын басты бағыт осындай жасампаз да қарапайым, ірі де іргелі істерден бастау алады. Сондай-ақ бұл – абыройлы азаматқа ақ жол, сәтті сүрлеу тілегенде, ең алдымен тілге тиек ететін кемел көрсеткіш те.



ЕРГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Қабидолла Сәрекенов,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
техника ғылымдарының докторы

Егемен Қазақстан, 12 ақпан 2011ж.

Адамның жасы ұлғайған сайын өткен күндердің естеліктері санаңның түкпіріне жасырына бермей, әлсін-әлсін жарқырап, кедір-бұдыры жойылып, тура сол қабылдағанындай есіңе түсіп отырады екен. Біз де жас болдық, бақытымызды жақсы жардан, еңбектен табуға талшынып ғұмыр кештік. Әсіресе, алпысыншы жылдардың басында он сегіз жігіт Днепродзержинск қаласынан оқу бітіріп келіп, Теміртауға жұмысқа орналасқан кездер есіме жиі оралады. Сонда ортамыздан оза шығып, бәріміздің ұйытқымыз болған Нұрсұлтан Назарбаев еді. Біз Елбасымен сонау жас шағынан қатарласа келе жатқанымызды тағдырдың тамаша сыйы деп білеміз.



Еңбек жолымызды Қазақстан Магниткасы аталған, сол кезде жаңадан бой көтерген осы қалада бастадық. Жап-жаспыз. «Бойда қайрат, ойда көз» болған соң, ешқандай қиындыққа мойымай, алға қойған мақсатымызға жетуге бір кісідей талпындық. Әйтпесе, оқу бітіріп келдің екен деп құрметтеп, «қызыл кілем жайып» қарсы алған ешкім де болған жоқ. Оның үстіне өзіміз мейрам күні, тұп-тура 1 мамырда жетіппіз. Тек 2-3 күн өткеннен соң ғана біздің қайдан, қалай келгенімізді қалалық басшылық анықтап, трестке жіберді. Жұмыс жоқ, жатақхана мәселесі шешілмеген... Сондағы Нұрсұлтанның бейнесі де әлі күнге көз алдымда. Ол біздің оқудағы старостамыз болатын. Осында келген соң да, бәрімізді жинап алып: «Не істейміз?» деген өмірлік маңызы бар үлкен сұрақты қойды. Алғаш жауап берген мен едім: «Елге қайтқан ұят болар. Бір жарым жыл оқыдым. Оқығаным зая кетпес үшін осында қаламын». Ұрымтал тұсқа дөп келген сөзге көпшілігі қосылды. Сөйтіп бәріміз де алғаш еңбек жолымызды қарапайым жұмысшылықтан бастағанбыз. Нұрсұлтан мен Сараның танысатын тұсы осы кез. Еліміздің Тұңғыш Президентін Нұрсұлтан деп, мемлекетіміздің бірінші ханымын Сара деп

қана сөйлеуім біреулерге сөкеттеу де көрінер, бәлкім. Дегенмен, олардың жастық шағын айтатын тұста басқаша атау да табиғи шықпайтын сияқты.

Бұл таныстық туралы Нұрекең кейін өз кітабында былай баяндағаны бар: «...Сол жылдардың өмір бойы есте қалатын ең бір елеулі оқиғасы – болашақ келіншегім Сарамен алғашқы кездесуім. Ал бұл кездесу... бір апаттан кейін домна пешінің жанында болған еді. Әдетте апат болып, металл жерге төгіліп жатқанда түгел ауысым бар қалдықты жинап, теміржол қозғалысын қалпына келтіргенше ешкім ешқайда кетпейді. Күні бойы боласың ба, тәулік бойы боласың ба, өзің бүлдіргенді өзің ретке келтіруің тиіс. Осындай қолайсыз бір сәт еді – тәулік бойы дерлік табанымыздан тік тұрған кезіміз, тұла бойымыз қазанның түп күйесіндей қап-қара, тек көзіміз жылтырап, аппақ тісіміз ақсияды. Сол түні қосалқы электр станциясында кезекші болып, біздің пешіміздің түбінде не болып жатқанын көруге келген қызға кез бола кеттім».

Нұрсұлтан бір күні маған: «Хорға барайық», деді. Мен түсінбей тұрмын. «Біздің мұнда келгендегі мақсатымыз – инженер болу еді ғой. Өзіміз таңертеңнен кешке дейін ауыр жұмыс істейміз. Оның үстіне жоғары оқу орнына түсу үшін дайындалуға да уақыт керек. Енді хорды қайдан шығардың?». Мен көнбегеніммен, «барайық» деп қиылып тұрып алған соң, ақыры дегені болды. Ол кезде Теміртау қаласындағы №110 кешкі мектептің залына хор айтуға қазақ жастары жиналатын. Ұйымдастырушысы кейіннен Жоғарғы Сот судьясы болған Кеңес Жармағамбетовтың зайыбы Алтын деген кісі еді. Біз барған соң даусымызды тексеріп, тенорлардың қатарына жазды. Бір рет ән салғанымыз есте. Үйірмеге Сара да барады екен. Оның даусы сопрано. Сараны көргеннен соң барып Нұрекеңнің неге осында келуге бейіл болғанын түсіндім. Әрине, ол кісінің Сарамен алғаш қалай, қандай жағдайда ұшырасқанын әлгінде айттық. Бірақ, жай ғана ұшырасу осы хор үйірмесінен ұшқын атып, әрі қарай үлкен сезімге, отбасының діңгегі – мерейлі махаббатқа айналғанын айтуымыз керек. Ол менің хорға алғаш және соңғы баруым еді. Нұрекең де бармаған шығар? Сол оқиға туралы бүгінге дейін өзіне әзілдеп: «Бір барғаннан қалмадың ғой», деп айтып жүремін.

1961 жыл Нұрекең үшін ең бір атаулы жыл деп білемін. Өйткені ол осы жылы жаз айларының бірінде Хельсинкиде өткен жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік VIII фестиваліне қатысты. Ол өзі төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын. Нұрекеңді осы фестивальға басшылық емес, ұжым жіберіп еді. Сол кездерде шешендік қабілетімен танылып үлгерген жас жігітті ұжымның да таңдай білуі кездейсоқ емес деп ойлаймын. Нұрсұлтан Хельсинкиден көп өсіп қайтты. Қанша дегенмен шет елді көрді, өзге жұрттың жастарымен ой-пікір бөлісті. Хельсинкиге бет алғанда ең алдымен Қарағандыға алып баратын таксиге Сара екеуін шығарып салғаным есте. Таксиге мінейін деп тұрып: «Қабдол, елге аман-есен оралған соң Сараға үйленемін», – деді. Мені Нұрекең ғана солай атайды. Қызық болғанда бұл оқиғаны Сәкең 45 жыл өткен соң барып есітіпті. Сөйтсем «үйленейік» дегенді болашақ зайыбына Хельсинкиден оралған соң бір-ақ айтқан екен. Шынында да олар сол жылы күзде үйленді. Шағын той өтті. Ол уақытта оны

«комсомол тойы» дейтін. Оның жай-жапсары Нұрекең туралы жазылған кітаптарда бар.

Ол кезде көпшілігіміз бойдақпыз. Нұрсұлтан мен Сараның отауына жиі-жиі барамыз. Жұмыстан қарындары шұрқырап шыққан жігіттерге Сара ас дайындайды. Содан думандатып, ән салып, қалжың айтып таң атыратынбыз. Осы күндері алпысыншы жылдардың жастары қандай жайдары, жүйкелері темірдей мықты болған деп ойлаймын. Түні бойы отырсақ та, шаршамаймыз ғой. Таңертеңгі шайды ішіп алып, қайтадан жұмысқа кетеміз. Онымызға қабак шытып, ыдыс-аяқ салдырлатып жүрген Сара тағы жоқ. Қашан көрсен ақжарқын қалпында. Әзіліңе әзілмен жауап беріп, орнықты сөзге ұстамдылық көрсетіп, әрқашан да көңіліңді тауып тұрғаны. Ол үйге жиі баруымыздың бір себебі, екеуі де қонақжай, сауықшыл еді. Қосылып қазақтың небір тамаша әндерін шырқағанда қандай қиыншылықтың өзі жеңілдеп сала беретін.

Сараны сонау бойжеткен шағынан бері танымын ғой. Біздің мекемеде қыздар аз болатын. Бірақ сол аздың өзі сүт бетіндегі қаймақтай өңкей жалынды, ақылды, көрікті бойжеткендер еді. Сол топта Сара да бар. Нұрекеңнің көзі жайдан-жай түспеген болар? Үйленгеннен кейін де екеуі бір-бірін толықтырып, жарасымды жұп бола білді.

Бір жылдан кейін бұл отбасы Комсомол көшесіндегі жаңадан салынған пәтерлеріне көшті. Онда да жиі-жиі баратынбыз. Небір думанды кештер, туған күндер, мейрамдар тойланған пәтер ғой ол. Жас кезінде Сәбит аға Оразбаев та сол пәтерде қонақ болған. Бір күні Нұрсұлтан: «Біздің үйге жүріңдер, Сәбит келді, әнін тыңдайсыңдар», деген соң араласып жүрген кісілер бәріміз сол үйге жиналды. Оразбаевтың жас кезі. Таң атқанша домбырамен ән салды. Әніне, сәніне тамсанып біз отырмыз. Сара қалтқысыз қызмет етіп, қайта-қайта шайын жаңалап, ән тыңдап, ол да мәз болып жүр. Қанша дегенмен көп нәрсе әйелге байланысты ғой. Егер Сара жылы қабак танытпайтын болса, біз ол үйге жиі жиналмас едік. Бірақ, отанасының ыстық пейілі бәріміздің басымызды бір жерде түйістіріп отыратын.

Жаңа үйге көшкен алғашқы жылдардағы бір оқиға есіме түседі. Менің әлі үйленбеген кезім. Нұрекеңмен бірге тұрған 5-ші жатақхананың ескі тұрғыны деген атым бар. Бір күні бөлмеме Нұрекең келіпті. Өзі аздап ұрттаған, бірақ қызу емес. Құрылысшылардың ортасында болғанға ұқсайды. Комсомолдың тапсырмасы бойынша соларға Хельсинкиде болған оқиғаларды баяндап, көрген-білген қызықтарын бөлісу үшін арнайы тапсырмамен жіберген ғой. «Біздің үйге барып жата-жастана әңгімелесейік», деген соң үйге екеуіміз бірге келдік. Сара есіктің алдында жүр екен. Далада сақылдаған сары аяз. Пальтосы жұқа болса керек, әбден тоңыпты. Жүзінде реніштің ізі бар. Сонда да маған байқатпаған сыңай танытып, екеуімізге ас-суын беріп, жақсылап күтті. Ішімнен: «Е, әйелімнің алдында сәл жеңілдеу болсын деп әкелген екенсің ғой», деп мен отырмын. Сараның сондағы ұстамдылығына тәнті болдым. Жаман әйел күйеуінің досы алдындағы бедел-седелін ойлап тұрмай, тіке кетуі мүмкін ғой. Оның үстіне бұл Нұрсұлтанның алғаш кешігіп

келуі емес. Өз жұмысына қоса комсомолдың тапсырмасы шаш-етектен. Кез келген әйел ондай «кешігулерді» бірде түсінсе, бірде түсінбейтіні заңдылық.

Әйел ерді ешқашанда ашумен жеңе алмайды. Тіпті ерлерден артық болуды көздеп, олармен іштей бәсекелестікке түскен әйелдер қанша жерден ердің жұмысын істеп, ермінезділік көрсеткенімен, ерден артық бола алмайды. Өйткені оның қаруы – қара күш, салқын ақыл емес, оның қаруы – мейірім, нәзіктік, сұлулық. Осы қасиеттерін жарқыратып аша білген әйел әр кезде де құрметті, сыйлы. Кезінде талантты жазушыларымыздың бірі Мұхтар Мағауин: «Әлемдегі ең сұлу әйел – менің әйелім», деп жазды ғой. Ерінен ондай сөз есту үшін әйел өзіне тән қасиеттерін мейлінше таныта білу керек деп ойлаймын. Сондай-ақ, әйелдің жер бетінде ер адамдікіне мүлде ұқсамайтын өз миссиясы бар. Ол – ана болу, ұрпағына мейірім-шапағатын төгу, сол арқылы жер бетіндегі қатыгездік, жауыздық атаулыны өршітпей, тепе-теңдікті сақтап тұру деп аталады. Мен Сараның ұстамдылығының, нәзіктігінің арғы жағынан жан-дүниесінің тереңдігін, еріне деген адалдығын көремін.

Сара Алпысқызының ана болған кездері де көз алдымызда. Жалпы, Алла бала тауып, соны бағып-қаға білетін кез келген әйелге аналық қасиетті 99 пайыздан кем бермейді деп түсінем. Олардың бәрінің бойында аналық сезім, мейірім ғажап байқалады. Сәкең де өріктей-өріктей үш қыз өсірді. Қыздары инабатты, әрқайсысы да ақылына көркі сай боп бойжетті. Бұл жерде ананың рөлі үлкен деп есептеймін. Өйткені, Нұрекең ел қамын жеп, басшы қызметтерде жүрді. Отбасының жүгі Сараның мойнында болды. Ол қыздарының әрқайсысы үшін қуана білетін. Достардың арасында аналық мақтанышпен онысын айтып та отыратын. Алғаш Дариғаға аяғы ауыр кезінде әлі сол Теміртаудамыз. Комсомолдардың кезекті бір кешіне үшеуміз бардық. Ән-биден бөлек әр кеште аукцион ұйымдастырылатын. Ең қызығы, аукционға түскен затты ешкім білмейді. Өйткені оның сыртын орап қоятын. Бұл жолы да сондай аукцион болды. Жүргізуші бір ораулы затты ұстап тұр. Алушылар әлгінің бағасын тиыннан бастап бір рубльге дейін өсірді. Бір кезде біреу бір жарым рубль тікті. Оның соңын ала мен «бес рубль» дедім. Сөйтіп әлгіні мен сатып алдым. Өзім түнгі ауысымға баратын болғандықтан, тықыршып тұрғам. Затты Сараның қолына ұстата салдым да, жұмысқа кеттім. Кейіннен Сара айтады: «Сен сол ораудың ішінде не бар екенін де білген жоқсың ғой. Үйге келіп, ішін ашып қарасам, картонға жапсырылған әріптер екен. Мен соны Дариға мектепке барғанша сақтадым». Әрине, қазіргі заманда бәрі бар. Көп нәрселер таңсық болудан қалды. Ал әлгі картон әріптер ол кезде әжептеуір көрнекі құрал еді. Оның үстіне Сара аналық махаббатымен, әйелдік ұқыптылығымен әлгі затты жеті жыл сақтап тұр емес пе?

Алматыда Госснабтың ғылыми-техникалық басқармасының бастығы қызметінде жүрген кездегі оқиға да көз алдымда. Жұмыста отырсам Сара телефон соғады: «Бүгін Әлия теледидардан ән айтады. Соны көрші», дейді қиылып. Онда әр нәрсенің қат кезі. Теледидар қазіргідей әркімнің үйінде кездесе бермейді. Мекемелерде бірінші бастықтың ғана кабинетіне сән беріп тұратын. Мен енді: «Теледидар көруім керек еді», деп төрағаның кабинетіне кірмейтінім түсінікті ғой. Содан тоғыз қабатты ғимараттың подвалына

түстім. Электриктердің ермек қылып отырған, экраны кішкентай ғана теледидары болатын. Сол теледидардан Әлияның бір мезгілде пианинода ойнап әрі «Маусымжан» әнін құйқылжыта орындағанын көрдім. Кейіннен: «Қалай, жақсы ма?» деп сұрайды ғой. «Керемет!» дедім. Сондағы алып-ұшқан ана жүрегінің дүрсілі телефонның арғы жағында болса да, әлі күнге көкейімде қалыпты. Біздің жолдастардың арасынан ең алғаш немере сүйген де Нүрекендердің отбасы. Мен бір жолы сұрағаным бар Сарадан: «Немерелі болған қандай екен?» – деп. Сонда: «Алдымен немерелі болсайшы, сосын көресің қандай тәтті екенін», дегені.

Өмір жолы бұралаң. Бұралаң жолда біреулер өз-өзін мүлде жоғалтып, күресінде қалады. Ал біреулер өсіп, көркейіп, өзінің де, өзгенің де қамын жейтін деңгейге жетеді. Азаматтығын шыңдап, ұйымдастырғыш қабілетін дамыта түседі. Сараға келер болсақ, ол о баста, сол жас кезінде-ақ адамдармен тіл табысқыш, көмек көрсетуге даяр тұратын, ұйымдастырғыштық қабілетке ие жандардың қатарынан еді. Ол қанша дегенмен, ауылда өскен, Алпыс секілді ортасында беделі бар, ел сыйлайтын жақсы әкенің тәлімін көрген қыз емес пе? Сондықтан да оның әрбір іс-әрекетінен дарқандықтың, қонақжайлылықтың, көпшілдіктің лебі есіп тұратын.

Одан кейін де талай заман өтті. Нүрекендердің отбасы Алматыда. Өзі мемлекеттік үлкен қызметте істейді. Ал, біздің отбасы Теміртауда. Мен қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіндемін. Қырыққа жақындаған кезім еді. Негізі көпшілік қырық жасын тойлай бермейді. Мен де ескермегенсіп қоя салайын деп жүргенмін. Бірақ біз күтпеген оқиға болды. Туған күнім қарсаңында Алматыдан Сара келе қалсын. Өзі мерекелік көңіл-күймен жүр. «Неғып жатырсыңдар, қырыққа келгенді тойлау керек, тез қамданайық», деп өзі ұйымдастырып, туған күннің басты жоспарын сызып та қойды. Мен тура сол күні комсомолдардың жиынына қатысуым керек-тін. Ол өзі түнгі он бір-он екісіз бітпейтін ұзақ мәжіліс. Содан ебін тауып ертерек шығып, дос-жарандарды жинап, шүү, қарақұйрық деп Топарға бір-ақ тарттық. Сол жақта жігіттердің бірінің демалыс базасы бар еді. Сол жерде мен қырық жасымды атап өттім. Топар Қарағандының арғы жағында. Одан түнделетіп Теміртауға қайтқанша таңғы сағат бес болды. Теміртаудың жанындағы ауылда Сараның төркіні бар. Біз сол жолы оны шығарып салып, Теміртауға таң атқанда келгенбіз. Иә, Сара Алматыдан келмегенде, менің туған күнім тойланбайтын еді. Ол да бір дариға-дәурен, тап-таза достық пейілдің шынайы көрінісі ретінде жадымда жаттаулы.

Әлгінде Сара Алпысқызының жас кезінде-ақ адамдарға қамқор қасиеті бар болғанын айттым ғой. Сол жылдар уақыт өте жетіліп, ұшталып, азаматтық сипат алды. «Бөбек» өмірге аяқ астынан немесе жарнама үшін келе салған қор емес. Оның негізі Сараның дарқан жүрегінде баяғыда-ақ салынып, іргетасы бекіп қойған деп айтуға болады. Ол үшін сәл шегініс жасайық. Біз мектепті бітірген 58-59-шы жылдары еліміздегі көптеген балалар үйлері мүлдем қысқарып кетпегенімен, көптеп жабылып жатты. Ашаршылықтың, репрессияның, соғыстың ауыртпалығынан әлі де еңсесін тіктей қоймаған халқымыз негізінен соғыстың кесірінен жетім қалған, еш кінәсі жоқ

сәбилерді бауырына басты. Өз басым асырап алған баласын өз баласынан кем көрмей бағып-қаққан, жетілдірген талай адамдарды білемін. Отандастарымыздың сол кездегі мейірімділігі, ертеңгі күнге деген үміті соншалықты зор болатын. Елдегі бұл жағдайды Сараның көрмеуі, білмеуі мүмкін емес. Сондықтан мынандай тыныш заманда, соғыссыз-ақ балалардың тірі жетім атанып, ал балалар үйінің қайтадан жауыннан соңғы саңырауқұлақтай қаптап кеткені оның да жүрегін шаншытқаны анық. «Бөбектің» жұмысы жетім балаларға көмек көрсетумен ғана тұйықталмайды. Соның ішінде ауыр науқасқа шалдыққандарды шет мемлекеттерде емдетуге де көп көңіл бөліп отырған бірден-бір қор осы. Сәкең осы қор арқылы өзінің адамсүйгіштік қасиетін дәлелдеп-ақ келеді. Теледидардан әр шығып сөйлегеніне, газеттердегі сұхбаттарына кәдімгідей риза болып отырамын. Бір жылдары шет мемлекеттерге балаларды асырып жіберуге, яғни, шетелдік азаматтардың жетім балаларды асырап алуына еркін жол ашылды. Сол кездердегі Сараның шырылы газет беттерінен түспейтін. Ол өз балаларымыздың сыртқа кетуіне кәдімгідей алаңдап, қоғамдық пікір туғызып, қарсылығын білдіріп жүрді. Қазір енді бұл жағдай біраз саябырсыды ғой. Жалпы, ол негізін қалаған қор атының «Бөбек» деп алынуында да мән бар. Біз оларды қанша жерден жетім балалар, тастанды балалар деп, іштей аяушылықпен қарағанымызбен, шын мәнінде олар еш кінәсі, күнәсі жоқ бөбек қой. Өмірде бөбектің пәк күлкісі мен тәтті қылығынан артық не бар дейсің? Енді сол бөбектерге жан жылуын сыйлап жүрген Сәкеңнің аналық мейіріміне қалай сүйсінбейсің?

Соңғы жылдары Сара Алпысқызы айналысып жүрген ірі жобалардың бірі «Өзіңді өзің тану» деп аталады. Қазір бұл жоба бойынша мектептерде арнайы пән жүргізіледі. Осы жоба бойынша Сәкең кітап та жазды. Оның негізгі мағынасы «Қайткенде адам қалады адам болып?» дейтін жауабы күрделі үлкен сауалдың төңірегінде жұртқа ой салу десек қателеспейміз. Шынында да, қазір жер беті түрлі ауыр күнәлардың ордасына айналды. Күніне қанша мың жазықсыз адамдар адам қолымен өлтіріліп, аз ғана топтың ашкөздігінің кесірінен мыңдаған адамдар аштан қырылып, діни қақтығыс пен ымырасыздықтың салдарынан неше мыңы тірідей жер жастанып, зинаның етек алуынан неше мың жасөспірім қыздар зорланып жатыр. Бұл айтқанға оңай болғанымен, жүрекке салмақ түсіретін оқиғалар. Шоғырланған топтың зобырлығынан, имансыздығынан, ынсапсыздығынан, ұятсыздығынан миллиондаған қарапайым бұқара адамгершілік, ар-ұятты ойлап емес, ертеңгі күніміз не болады, ертең қандай тамақ жейміз деп өмір сүретін болды. Өлемді жаулаған осы бір сүреңсіздікті біздің еліміз қалай аттап өтсін? Біздің қоғамның да ішкі рухани проблемалары аз емес, әсіресе, адамдарда имандылық, ар-ұят категорияларының екінші кезекке қарай ысырылуы өте нәзік әрі жақсылап саралауды қажет ететін күйде тұр. Біз бір кездері «жаным – арымның садағасы» деген өте биік ұғыммен күн кешкен халық едік, енді ақшаның арбауына түсіп, «бұлбұлдың да жемсауы бар» деп өз-өзімізді ақтайтын болдық. Осы тұрғыдан алғанда «Өзіңді өзің тану» бағдарламасы адамның адамгершілік қасиеттерін ұштап, адамның аңнан айырмасы сана-

сында екенін, сол сананы жақсы, оң істерге пайдалану керектігін, сол сияқты адам өзінің жаман қасиеттерін де біліп, кез келген жағдайда өз-өзін ұстай білуін насихаттайды

Елбасының әйелінің әрбір қадамы жұрттың көз алдында тұрады емес пе? Тырнақ астынан кір іздеу, түймедейді түйедей етіп жариялау – қарсыластар, бәсекелестер үшін түк те емес боп қалды ғой. «Ақпарат ғасыры» дегенді пайдаланып, кейбір ниеті жаман адамдар басымыздан, бейнелеп айтқанда, қоқысты да жаудыра беретін болды. Ал «Өзіңді өзің тануға» келер болсақ, бұл әйгілі Платон шалдың: «Өзіңді өзің таны», дейтін ұлағатты нақылымен үндес, тамырлас бастама. Тек адами құндылықтарға тәрбиелеп, адамның адамгершілік сезімін оятуды көздейді. Шынында қазір жан-жағымызға қарайықшы, белең алған қылмыстан жан түршігеді. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» демекші, адамның аңнан да төмен болып кететін тұстары кездеседі. Мен жуырда Малышевтің «Мир как он есть», Ламоновтың «Стратегия нового развития» деген кітаптарын оқып шықтым. Екеуі де профессорлар. Тереңнен толғап, байыппен пішіп жазыпты. Адамның ең алдымен өзін тануы, өз табиғатына үңілуі әсіресе осы ғасырда ең қажеттілікке айналғанын олар да айтады. Сондықтан Сараның «Өзіңді-өзің таны» деп бастама көтеріп, оны мектептерге пән ретінде енгізіп жүргенін қолдаймын. Алла бұл істе оған қуат берсін. Бастаған ісін соңына жеткізердей мүмкіндік берсін!

Маған кейде журналистер: «Сіз Назарбаевтар отбасымен көп жылдан бері араласып келе жатырсыз. Назарбаев Елбасы атанды, Сара Алпысқызы бірінші ханым болды. Осындай дәрежеден кейін олар бұрынғы қарапайым қалыптарынан өзгеріп кеткен жоқ па?» деген мағынада сұрақтар қойып жатады. Алланың таңдауымен хан болған адам түгілі қарапайым пенденің өзі мінезін мың құбылтып, не өмір сүру стилін, достарын өзгертіп жатады. Өмір соған жетелейді. Санасы солай бұйрық берген соң сөйтеді. Сонда хан болған, ханым болған адам неге өзгермеуі тиіс? Әрине, олар да өзгерді. Олар жақсы жағына қарай өзгерді. Өркөкіректеніп кеткен жоқ. Көбінесе ел басшыларымен, жоғары қауым өкілдерімен араласатын болғандықтан, бекзаттық қалыптастырды. Мен мұны бұрын оларда ондай жоқ еді немесе олар тым қарапайым еді дегенге меңзеп отырған жоқпын. Керісінше, екеуі де елден ерек мінез-құлықтың, адами асқақ болмыстың иелері болатын. Бірақ, бірі елін-жерін жаудан қорғаған атақты Қарасай батырдың сегізінші ұрпағы, екіншісі Арқа өңірінде мол дәулетімен танылған Қонақайдай атақты байдың немересі болғанымен, олардың өздері өмір сүрген уақыт Кеңес Одағы тұсына тура келді де, тұрмыстарында қарапайымдылықтың болғаны жасырын емес. Оның үстіне сол кезде енді ғана қалыптасқан Теміртауда көп жылдарын өткізді. Тіпті Алматыға алғаш келген кездері туралы Дариғаның өзі жазды емес пе? «Бізді қалай қарсы алғанына отбасымыз ренжіп қалды. Алматыдағы жаңа үйімізге партиялық бастықтар бас сұққанда, олардың әйелдері біздің арзанқол ыдыс-аяғымыз бен көйлек-көншектерімізге көңіл қалдырарлықтай ескертулер жасады. Бізді мына шеңбер қабылдамайтындай сезіндік». Бұл Назарбаевтар отбасының Кеңес өкіметі тұсында дүниеге, сән-салтанатқа

онша қызықпағанының арқасында айтылған сөздер ғой. Бірақ, тәуелсіздік тұсында бәріміз де өзгердік. Өмірге, қоғамға көзқарасымыз өзгерді. Кеңес кезіндегі ынсапсыз адамдар, солардың ұрпағы сол күйлерінде қалып, елді тонаумен айналысып жатқанда тәуелсіздіктің арқасында санасы жаңа сатыға көтерілген адамдар елдің болашағының картасын сызып отырды.

Жақында ғана Данияр Әшімбаев «Кто есть кто» деген кітапта: «Екінші Назарбаев қолма-қол болмайды», деп жазыпты. Мен де осы ойға келісемін. Елбасының жолдасы болғаным үшін емес, өмір көрген, жақсы-жаманды ажырататын адам ретінде оған әзірге балама жоқтығын анық айтамын.

Әрине, Сара туралы айтқанда оның жан жары Елбасыны айтпай кету мүмкін емес қой. Сосын да тоқтап, орайын келтіріп әңгімелеп жатқаным. Өз басым бұл екеуіне қызыға қараған, тілектес болған жолдастарының қатарынан көрінгенімді мақтан тұтамын. Әсіресе жас кезіміздегі Назарбаевтар отбасымен араластықты сағына еске аламын. Бұл тек бір-екі жастардың басын қосып, мейрамдатып жүретін емес, адал көңілдерінің арқасында кәдімгідей көптеген жолдастарының бақытына куә болған, көпшілігімізді көптеген жақсы адамдармен таныстырған берекелі де мерекелі, дастарқаны кең, жомарт отбасы еді. Сондықтан қазір жас келіп, жылдар өзінің аларын алған тұста қарым-қатынасымыз біраз сирегенімен, жастық шақтың қызу да қызық күндері, әсіресе Сараның ақжарқын мінезі, шынайы болмысы, әзіл-қалжыңға да шебер елгезек ақылы осы күнге дейін көз алдымда. Сара туралы бір мақала жазу аздық етеді, ол жайында кітап жазу керек деп ойлаймын. Қалың қазағы елдің бірінші ханымы туралы білсін, өнегелі өмірінен үлгі алсын.

Ең бастысы – бүгін өмірінің өрелі белесіне көтеріліп отырған Сара Алпысқызы еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі дара саясаткер болып қалыптасуына, бар күш-жігерін, білімі мен білігін, ел мүддесіне алаңсыз арнауына бар жағдайды жасау арқылы мемлекетіміздің мығымданып, тәуелсіздігіміздің тұғырлануына үлкен үлес қосты.

Ерине қызмет еткен әйел еліне де қызмет етеді.

Жазып алған Айгүл Сейілова

СӘБИ КҮЛКІСІ САҚТАЛҒАН КІСІ

Мархабат Байғұт,

журналист

Егемен Қазақстан, 8 сәуір 2011ж.

Ташкентіңізде тұратын өзбектің өбек мінезді мінәйі жазушысы, сатира сардары, әзілкеш әдебиетшісі, ақжарма аудармашы Насыр Фазыл ағатайым қайбір жылы Президентіміздің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығын алғалы Алматыға келген. Республика сарайында тапсыру салтанаты болған. Насыр аканың миығын жылы жымыиыс түрткен. Сыйлық алмаққа шыққанда. Теледидардан көріп отырмыз. «Ай, айналайын ағамыз бірдене ойлап барады-ау», деп күбірлегеніміз сол-ақ екен, Насыр Фазылыңыз оң қалтасынан бәкісін шығарды. Елбасымызға ұсынды. Сый ретінде. Сөйтіп тұрып: «Нүреке, өзіңіз білесіз, бәкі тарту еткенде егесіне ептеп тиын-тебен береді, яғни сатып алады», – деді. Нұрсұлтан Назарбаев қапелімде қалтасын қарағанымен, тиын-сиын таппады. Қасындағы кісілерден алып берген.



Сол сәттегі сәби күлкісі көз алдымыздан кетпейді. Елбасымыздың уыз күлкісі. Қалай сақталған десенізші. Жарықтық Әсем апамыз айтушы еді. «Ақжүрек, ақжарылқап адамның бала кездегі сәби күлкісі кетпейді. Қалып қояды. Сүт күлкі, сәби күлкі кез келген кісінде кездеспейді», деп.

Тұңғыш Президентіміздің сәби күлкісі, сүт күлкісі қатты қайран қалдырған сонда. Әсем апамыздың әңгімесі ойымызға оралған.

Насыр Фазыл көкемізді шырайлы Шымкент шаһарының темір жол вокзалынан қарсы алғанбыз. Облысымыздың әкімі Өзбекстанның кәтта қаламгері, халық жазушысы Насыр аканы шын пейілмен құттықтап, шапан жапқан. «Нүрекеңнің баладай аңқылдап күлгенін жанынан, тура қасынан көріп, қолын алып байқадым, қандай таза күлкі?! Рахатқа бөлендім!» деді өзбек пен қазақ көркем әдебиеттерінің арасындағы алтын көпір атанған аудармашы-суреткер.

Түс ауа Ташкентке қарай шығарып саларда, оңашада, қайтадан қалжыңқойлығына басып: «Бауырым, Президенттеріңізді бір састырдым, ә? Қалтасында ақшасы жоқ екен ғой», – деді Нәкең. «Насыр көке! Қожанасыр бабамыз екеуіңізге бір сөзді болған жарасады ғой», дейміз біз де қалысқымыз келмей.

Тағы бірде Түркияның тамаша басшысы, тамылжыған мейірім иесі Тұрғұт Өзал Түркістанға келетін болды. Алдымен Шымкент әуежайына ұшақпен жетіп, одан кейін тікұшақпен тартады екен. Облыс әкімі аппаратының ішкі саясат бөліміндеміз. Шымкент әуежайындағы көкөрай шалғынға егізқатар киіз үйлер тігілген. Әуелі әуежайыңызға Нұрсұлтан

Назарбаевтың ұшағы келіп қонған. Сәлден соң Тұрғұт Өзал жеткен. Өзаныңыз омырауын ашқан күйі арсалаңдай күліп, жанарлары жасаурап, біздің Елбасымызды ентелей келіп құшақтаған. Тұрғұт ағасына асыға ұмтылған Президентіміздің уыз күлкісіне тағы да таңырқағанбыз сонда. Тұрғұт Өзаныңыз анау-мынау ресми райдағы қатқылдау протоколдарға онша мойынсұнбайды екен. Омырауын ашқан күйі, олпы-солпылау жүргендей сезілді. Алыс ауылыңыздағы ақкөңіл ағаңыздан аумайды-ау, аумайды. Ақжарқын, кіршіксіз күлкісі, сүт күлкісі біздің Елбасымыздың сәби күлкісімен керемет келісіп, үйлесіп, екеуінің әзіл-қалжындары да жарасып, мәре-сәре болысқан. Сәл салқындау күн кенет жылып жөнелген. Айнала төңіректегі ағаштардың жапырақтары жалт-жұлт етіп, шуаққа оранған. Сәл дөңестеу тұстағы шырын шырыштан шық мөлдірей сырғанаған.

Былытырғы көктемнің соңына таман сіздің тілшіңіз «Егемен Қазақстанның» арнайы тапсырмасымен Алтай өңіріне сапар шеккен. Тасқынның ізімен жүрген. «Қалбатау қарғыны», «Тарбағатай тағылымы», «Алтайымнан айналдым» дегендей мақалалар жазған. Сонда ғой, 187 үйі тасқынға кеткен Жәңтікей ауылының ақжарқын қызы Айгүл Иманғалиева жанындағы қырық жігіттен құралған жасаққа қарап қойып: «Су тасқыны болды екен деп, мойнына су кеткендей көрінер жасық жасақ емеспіз біз. Бұрнағы күні теледидардан Президентіміз сөйледі. Күлімсіреп айтты. Сол сәби күлкісі сенімімізді нығайтты. Бүгін Үкімет басшылары, бір топ депутаттар келе жатыр. Мемлекетіміздің мейірімі мерейімізді тасытып тұр. Тасқынға тосқын деген осы!» – деген жігерленіп. «Алтайымнан айналдым!» деп, Қатонқарағай кентін аралап, жүрек шіркініңіз атқақтап, Бұқтырмадан да бетер бұлқынып, Шыңғыстай ауылындағы Оралхан Бөкей ағамыздың қара шаңырағына да жеткенбіз. Аққайындар тербеліп, қарағайлар қалқайып, ғажайып жазушының қоңыр мұңға оранған үйін қоршап тұрыпты. Президенттің күлімсірегендегі келбеті туралы Ораған да жазып еді-ау. Ертеректе. «Қазақ әдебиеті» газетінде. Тү-у Алтайдың түкпір тұсында Шындығатай мұнартады. Беріректе Аршаты ағарандайды. Біз Берел қорғаны қазбаларының орнын аралап жүрміз. Осыдан екі мың бес жүз жыл бұрын жерленген сақ көсемінің және бір әйелдің денелері, еті түк те бұзылмаған тұтас жылқы табылған. Келімсектер тонамағанда ғой, талай дүниелер мағлұмданар еді-ау. «Елбасымыз бұл жердің түпкі тарихы, сақ заманы туралы жиі айтады. Бұланты бұлағының бойынан қорық-мұражай салып жатырмыз ғой Президентіміздің қамқорлығымен», – дейді Мұзтауыңызға мізбақпай жете алатын сиректердің бірі Ерен Жұмағұловтай ереніңіз. Ерен батырыңыз да Елбасының ерекше күлкісіне көбірек тоқталған сонда.

Өткен жылыңыздың күзіне қарата айналайын Аралыңыздың айналасын аралап, Көкарал бөгетін көріп қайтқанбыз. Сонда ғой, екінші күннің түс әлетінде сағым арасынан сағыныштай сарғайып, Райым бекінісі көрінген. Сәл әріректен Қамбаш көлі қарауытқан. Қосжардағы балық питомнигіне айдынды көлдің бір шеті тиіп тұрыпты. «Мінекиіңіз, бес жыл бұрын анау айдын үстіне жасалған қалқымада Нұрсұлтан Әбішұлы әңгіме айтып,

жанындағылардың бәрін күлдірген. Сонда ше, риясыз риза күлкісі бәрімізді тандантқан», – деп еді Арал ауданының әкімі Нәжмәдин Мұсабаев мырза.

Жақында ғана Елбасымыз түркі дүниесінің текті төрі Түркістанда болды. Тап жанында, тура қасында отырып, сәби күлкісін, уыз жымыиысын, сүт күлкісін және көріп, жылынғандай күй кештік. Түркістан тағылымы. Түркінің текті төрі. Әзірет Сұлтан. Ұлы ұғымдар ұлағаты қашаннан-ақ қасиетті. Қожа Ахмет Ясауи бабамыз «Өз дініндегіні дос тұт, өзге діндегіні де дұшпан тұтпа», деген. Көктемгі көкті аялап, бір талын да жұлмаған. Елбасы осы жылғы наурыздың 11-інде облысқа жұмыс сапары аясында Түркістандағы этнографиялық орталықта зиялы қауым өкілдерімен жүздескенде Ясауиге, Абайға көбірек тоқталды. Тәуелсіздіктің жасампаз жиырма жылындағы ғасырға татырлық жетістіктерге, алдағы жиырма жылдың бағдарларына талдау жасады.

Сол 11-ші наурызыңыздың таңертеңгілігі талай жұртты таңырқатқанын айтпасқа болмас, сірә. Күн түнеріңкіреп тұрған. Сұрғылт бұлттар Түркістан аспанын торлап алыпты. Түнде ғана сіркіреп өткен жаңбырдан шаһардың шаңы басылып, кеберсіген кенезесі жібігендей көрінгенімен, ауа райы жуық арада ашылмайтындай еді. Ардагер ақсақалымыз, ақылманымыз Жарылқасын Әзіретбергенов: «Көрерсіндер де тұрарсыңдар, Елбасы келген кезде күн шуағы шашырап шыға келеді», деді. Шынымен-ақ тап солай болды. Президенттің тікұшағы Түркістанға қонғаннан-ақ Әзірет Сұлтан күмбездерін күн сәулесі аймалай сүйіп, бұлттар ыдырай жөнелген. «Түркістанның 1500 жылдығында да дәл осылай болған» деп таңырқасады жұрт. Иә-иә, 2000 жылғы қоңырқай күз-тұғын. Әзірет Сұлтан кесенесінің қарсы бетінде сан мың адам сапқа тізіліп, Тұңғыш Президентіміз келетін жаққа көз тігеді. Ауа райы тым тымырсық тартып, аспан түнеріп, тұманытып тұратын күндер еді. Той күні де солай-тұғын. Алайда, сәлден соң Ясауи кесенесінің сол жағынан Елбасы көрінді. Жанында тәуелсіздігімізді тұңғыш таныған Түркияның Президенті бар. Кенет күреңкей бұлттар ыдырап, түнерген тұман тез сейіліп, лездің арасында, деп-демде күн күлімдеп, күзіңіз көктемге айналғандай күй кешкенбіз...

Елбасы зиялы қауым өкілдерімен сырласып отыр. Наурыздың шуақты күні күлімдейді. Президент «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша атқарылған ізгі істердің бәрі Тәуелсіздіктің 20 жылдық тойына татымды тарту болғанын тілге тиек етті. Елдегі ерен жетістіктердің мәнісіне тереңірек ой жібермектің, қарапайым адамдарға, жастарға жете ұғындырмақтың маңызына тоқталды. Күллі кең-байтақ Отанымыздағы, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы индустриялық-инновациялық бағдарламаның, әлеуметтік жобалардың жүйелену барысын бағамдады. Зиялылардың бір тобымен бірқатар мәселелер төңірегінде ойласуға келгенін мағлұм етті.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы алуан-алуан айшықты тірліктер турасында, өзге де жағдаяттар жайында алты адам өз ойларын ортаға салды. Жетінші кезек бізге келді. Сөзден. Біз биылғы Жолдаудағы тілге қатысты қанатты қағидаларға екпін түсірдік. Жолдауда тіл туралы арнайы бөлімнің болуы ұлттың рухын көтергені, намысын нығайтқаны рас

қой. Бұған дейін де талай-талай тар кезеңдерден, талайлы өткелдерден кемеңгерлікпен жол бастап өткізген Тұңғыш Президентіміз тіл туралы айтудайын айтып-ақ, жағдайды жасаудайын жасап-ақ келеді. Қазақ тілінде 1200 балабақша ашылды. 3900 мектеп тек қана қазақ тілінде білім береді. Елбасы тапсырмасына сәйкес толығымен қазақ тілінде хабар тарататын «Балапан» телеарнасы ашылды. Құдай қаласа, «Қазақстан» телеарнасы да қыркүйектен бастап толығымен қазақ тіліне көшпекші. «Мәдениет» телеарнасы қазақшаға басымырақ көңіл бөлмекші.

Бір-екі ұсыныс та білдірдік Елбасыға. Мемлекеттік қызметке қабылданатын адамдарға мемлекеттік тілді білу жөніндегі талапты күшейте түскен жөн. «Әлеуметтік маңызды әдебиет» тізімі жасалып, көркем әдебиет кітаптарын шығару едәуір жақсара түсті. Өкінішке қарай, олардың таралымы екі мың дананың айналасында ғана. Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде жарты мыңға жуық кітапхана бар. Әлгі тираж республикадағы кітапханалардың өзіне де жетпей қалады. Мектептер кітапханаларын қоспағанда. Шынтуайтында, тілдің құнарын арттыратын да, көркейтетін де – көркем әдебиет.

Айтпақшы, біз сөзімізді былай бастағанбыз: «Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Өзіңіз өте жақсы білесіз, Сізді керемет жақсы көріп, тендессіз тәнті болып өткен, ерліктің, елдіктің жыршысы, махаббат жыршысы атанған халық жазушысы, марқұм Әзілхан Нұршайықов ағамыз осындайда ой-пікірін қағаздан қырағаттай оқып жеткізетін. Пейіште нұры шалқысын. Өзекеңнің әдісін шәкірті ретінде жалғастырып, жазғанымды оқиын деп отырмын». Сөзіміздің соңында «Әз ағамыз шамамен осылай аяқтар еді» дегенбіз. Елбасымыз қайран қаранар қаламгеріміз Әзілхан Нұршайықовты әлсін-әлсін тебірене еске алды. Ақиқатшыл, ақжүрек азамат, тілеуқор абыз болғанын меңзеді. Сәл-пәл мұңая күлімсіреді. Тағы да сәби күлкісін, сүт күлкісін көріп қайран қалдық. Тағы да Әсем апамыздың әңгімесі ойымызға оралды.

Қорытынды сөзінде тіл мәселесіне толығырақ тоқталды. Қазақтың кең-байтақ даласы мен тауларының түкпір-түкпіріне дейін диалект жоқтығын, тіліміздің байлығын, құнар-қуатын мақтан тұта әңгімеледі. Сонымен қатар, терминдер тәржімасындағы толып жатқан олқылықтарды, орынсыз аудармаларды өткір сынап өтті. Қазақ тілі грамматикасын, орфоэпиясы мен орфографиясын қайта қарау, жетілдіру, жаңарту мен тазарту керектігіне, осы орайда, асықпай латын қарпіне көшуді де ойластыру қажеттігіне назар аударды. Ғылымда, білімде, технологияда, әдебиеттің өзінде таңғаларлықтай жаңалықтар, тың тыныстар көбірек болса, олар қазақ тілінде жазылса, қазақтың тілін өзгелер өздігінен-ақ оқыр еді деп армандайтынын айтты.

Тарихты терең ұғынбақтың, түп-тамырымызды, тегімізді танып-танытпақтың, әсіресе, жастарды тәлімдеудегі тиісті мақсат-мұраттардың жүйеге түспей келе жатқанына қынжылыс білдірді. Дін тазалығы, Ясауи мен Абай хакім ілімдері хақында толғана келе құнды-құнды пікірлер түйіндеді. Тіпті талас-тартыс тудырып жүрген хиджаб пен тұмшалана орамал тарту жағдаяттарына дейін ойын ашық білдірді. «Біздің қазақ қыздары мен әйелдері ешқашан пәренжі кимеген, жүзін жасырмаған. Мамандық алып,

тұрмысқа шыққандар өздері білер, ал мектептерде, өзге де оқу орындарында жас қыздардың тұмшалана орамал тартып, хиджаб киюіне мен мүлде қарсымын», – деді. Бұрыннан-ақ жақсы танитын Жарылқасын Әзіретбергенов ағамызбен емен-жарқын әзілдескенде ше, тағы да сол сәби күлкісін көрдік.

Әңгіме-дүкен аса әсерлі болды. Түркістандай текті төрдегі тағылым қашан да қымбат қой, шіркін.

Сайлаудың алдында, тиісті бір топтың құрамында Төле би, Сайрам және Түлкібас аудандарын аралағанбыз. Төле би ауданында тебіреністі сөздерді естіп толқыдық. Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі Бегайым Ибрагимова: «Нұрқанат деген ұлым Нью-Йоркте студент, Гүлнұр дейтін қызым Пенсильванияда магистрант. Екеуі де «Болашақ» бағдарламасының игілігіне бөленіп жүр. Қарапайым ауыл мұғалімдеріміз, осылай ойлап па едік?! Нұрсұлтан ағамыздың нұры демей, не дейік?!» – дейді. Зейнеткер Светлана Хоменко: «Қазақ, орыс, украин, түрік, өзбек – Леңгір қаласындағы барлық ұлттар өкілдері бір отбасы сияқтымыз. Жиырма жылдың ішінде қиындықтарды да, қуаныштарды да бірге көрдік. Енді кез келген асуларды алатынымызға сенемін, – дейді нық сеніммен. – Президентіміз айтқандай бірлік болса, бәрі жемісті болады».

Сайрамдағы өзбек апамыз Нышаной Умарова да осындай ой толғады. «Қарабұлақ қыстағында қырық мындай өзбек тұрады. Әр отбасымызда оншақты перзент бар. Тапқанымыз бала-шағамызға бұйырсын. Елбасымыз жүз жасасын», – дейді ардақты ана.

Сайлаудан кейін Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, ҰҒА академигі Уәлихан Бишімбаевқа жолығып қалғанбыз. «Біздің университетте Нұрсұлтан есімді 128 студент оқиды, олардың тең жартысы алғаш рет дауыс берді. Мінеки, мұның өзі де көп нәрсені аңғартады. Айтпақшы, бізде КВН ұжымы бар. Олар КВН дегенді былай түсіндірді. Бүгін. «КВН – Қазақстан вечно независим», «КВН – Казахи – великий народ», «КВН – Қазақстан выбрал Назарбаева!» Мінеки-мінеки, көрдіңіздер ме?!» «Мінеки!» деп сөйлегені атақты академикке жарасып-ақ тұрыпты.

Иә, сайлаудың ертеңіне сіздің тілшіңіз Сәуле Рысбаеваға да жолыққан. Құндыз деген әжесі құстың келгеніне қуанып, сырлы қасықпен су құятын Сәуле ғой. Мектепті үздік бітіргенімен, кеңестік кезеңде кәсіптік-техникалық училище тәмамдаған. Тағдыры қиындау болған қазақ қызы. Еңбектен ерінбеген. Бертінгі заманда, нарық тұсында қатты қиналып, өз ізденісімен жол тапқан Тараздың танымал кәсіпкер келіншегі. Сәуле сайлаудың ертеңіне бүй деді: «Екі мың бесінші жылы, тап осындай сәуір айы еді. Елбасымыз Таразға келді. Облыс кәсіпкерлері бірлесіп көрме ұйымдастырдық. Өзіміздің өнімдерден. Мақтанғанымыз емес, полиграфиялық дүниелердің бәрі біздің «Рысбаева және К» ЖШС-ныкі еді. Президентіміз көрмені аралап келе жатып, біздің тұсымызға тоқтады. Құттықтау және шақыру қағаздары, дипломдар мен грамоталар, куәліктер, күнпарақтар, этикеткалар – бәрі ұлттық ою-өрнектермен нақышталған. Ең бастысы, әрине, мемлекеттік рәміздер. «Осының бәрін өздерің жасайсыңдар ма, жақсы екен», – деді үлкен кісі. «Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің бірінші тоқсандағы көрсеткіштеріміздің жоғары

болуына Сіздің ерекше қосқан үлесіңіз бар», – дедім әзілқойлығым ұстап кетіп. Елбасының жанындағы ресми адамдар бұл сөзімді жақтырмай, түнере қарасты. Ал, Президентіміз: «Ол қандай үлес?» – деп сұрады мейірлене күлімдеп. «Сіз келетін болған соң біздің ЖШС-ға тапсырыс еселеп артты, өнімдерді еселеп шығардық», – дедім. Елбасымыз рахаттана күлді. Баладай таза күлкісімен».

Әнекиіңіз, Сәулеңіз де осылай дейді.

Біздің ойымызға Әсем апамыздың айтқаны оралады. Көз алдымызға Елбасының кәдімгі уыз күлкісі келеді.

Сәби күлкісі сақталған кісі. Менің Президентім. Сіздің Президентіңіз. Баршамыздың Елбасымыз.



ПРЕЗИДЕНТТИҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ: 2010 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Махмұт Қасымбеков,
Қазақстан Республикасы
Президенті Кеңесінің бастығы

Егемен Қазақстан, 11 қаңтар 2011ж.

2010 жыл Қазақстан үшін шын мәнінде үлкен ілгерілеу жылы болып, тарихқа елдің ішіндегі және халықаралық аренадағы жарқын жетістіктер жылы ретінде енді. Мемлекет басшысы жұмыс кестесінің мазмұны өзінің тығыздығы жағынан да, қызулығы жағынан да соған сай болды.



Жыл бойы шетелдік сапарларды, өңірлерге жасалған жұмыс сапарларын, түрлі мәжілістерді, халықаралық және республикалық форумдардың жұмыстарына қатысуларды, шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлерін қабылдауларды, жұртшылық өкілдерімен және еңбек ұжымдарымен жүздесулерді, өнеркәсіп кәсіпорындарына және әлеуметтік объектілерге баруларды қоса алғанда, Президент Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен 500-ден астам хаттамалық іс-шаралар өтті.

Мемлекет басшысы 14 мәжіліс өткізді, олардың қатарында Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігі басшылығы, орталық атқарушы органдар басшылары қатысқан 10, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері қатысқан 1, жергілікті жерлерге барып өткізілген 3 мәжіліс бар.

Президенттің жанындағы консультативтік-кеңестік органдар желісі бойынша Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен Шетел инвесторлары кеңесінің, Ұлттық инвесторлар кеңесінің, Архитектуралық-құрылыс кеңесінің отырыстары, сондай-ақ, Қауіпсіздік Кеңесінің 3 отырысы болып өтті.

Президент сондай-ақ, палаталар Төрағаларымен және Парламент депутаттарымен жүйелі түрде кездесіп, Парламент палаталарының екі бірлескен отырысына қатысып, депутаттық корпуспен тұрақты әрі қоян-қолтық байланыста жұмыс істеді.

Мемлекет басшысы еліміздің өңірлеріне 12 рет жұмыс сапарларын жасады.

Оның қатысуымен 180 кездесу мен халықаралық сипаты бар іс-шаралар өткізілді, олардың қатарында екіжақты қарым-қатынастардың шеңберінде шет елдерге жасалған 7 сапар және 16 көпжақты саммит пен 5 халықаралық форум бар.

Н.Ә. Назарбаев 40-тан астам баспасөз мәслихаттары мен брифингтер өткізіп, шетелдік және отандық жетекші БАҚ-тарға 14 сұхбат берді.

Жыл бойы Президент 2,5 мыңға жуық құжаттарды қарап, қол қойды, олардың қатарында 132 заң, 220 жарлық, 61 өкім, 15 мәжіліс хаттамалары, 1,5 мыңнан астам қызметтік құжаттар, талдамалық және ақпараттық-анықтамалық материалдар, азаматтардың 218 арыз-шағымдары мен хаттары бар.

Осы кезеңде Мемлекет басшысы барлығы 76 күн іссапарда болды, оның 32 күні шет елдерге, 44 күні Қазақстанның өңірлеріне арналды.

* * *

2010 жыл Қазақстан үшін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалықтың аясында өткені күмәнсіз.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы миссиясының байыпты бағдарламасын Қазақстан Президенті еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы қызметіне кірісуіне байланысты ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы отырысында баяндап берді. Соған сәйкес, қазақстандық төрағалықтың барысында негізгі күш-жігер посткеңестік кеңістіктегі «сұрленіп қалған» деп аталатын дау-жанжалдарды реттеуге бағытталды.

Осы орайда Н.Ә. Назарбаев Таулы Қарабақ жанжалына байланысты Әзірбайжан және Армения президенттерімен, сондай-ақ, Приднестровье мәселесі бойынша Ресей Федерациясының, Украина мен ЕО-ның президенттерімен келіссөздер ұйымдастырды, солардың барысында осыларды реттеу жөніндегі келіссөздерді қалпына келтіруге қатысты екіжақты маңызды келісімдерге қол жеткізілді.

Алайда, бұл бағыттағы басты дипломатиялық табыс, ондағы ішкі саяси жағдайдың қалыптан шығып кетуіне байланысты, Қырғызстандағы ахуалды реттеу болды. Қазақстан басшысының реттеу жөніндегі жеке іс-әрекеттері, Қырғызстан бойынша арнаулы өкіл тағайындауы және қырғыз халқына гуманитарлық көмек көрсету жөнінде кешенді іс-шаралар ұсынуға бастамашылық танытуы әлемдік қауымдастықтың жоғары бағасын алды.

Н.Ә. Назарбаевтың 29 маусымда, Астана қаласында толеранттылық және кемсітпеушілік жөніндегі ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі Конференциясында жария еткен этносаралық үнқатысуды нығайту, сондай-ақ, 17 шілдеде, Алматы қаласында ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуінде айтқан ЕҚЫҰ-ның экономикалық-экологиялық өлшемі саласында тұжырымдамалық құжат әзірлеу жөніндегі бастамалары да қолдау тапты.

Сондай-ақ, идеясын Мемлекет басшысы 8 маусымда АӨСШК-нің Ыстамбұлда болып өткен III саммитінде жария еткен ЕҚЫҰ мен АӨСШК арасындағы өзара іс-қимылды ретке келтіру жөніндегі Қазақстанның күш-жігерінің де үлкен маңызы болды.



Осындай жағдайда ЕҚЫҰ-ның саммитін өткізу жөнінде біздің еліміз ұсынған бастаманы толық қолдаған ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің басым көпшілігінің көзқарасы мейлінше занды әрі күтілгендей болып шықты.

Ұйымның қызметінде елеулі проблемалар жинақталып қалғанын, сондай-ақ, ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер 1999 жылғы Ыстамбұлдағы соңғы саммиті сәтінен бергі 11 жылдан астам уақыт бойы жоғары деңгейде бірге жиналмағаны туралы деректі ескере отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы лауазымына кіріскеннен кейін бірден-ақ алғашқы



міндеттердің бірі ретінде ЕҚЫҰ саммитін өткізу мәселесін қойды. 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауында Президент осы орайда: «Мен саммитте ЕҚЫҰ жауапкершілігі аймағындағы қауіпсіздіктің көкейкесті проблемаларын, Ауғанстандағы

жағдайды және төзімділік мәселелерін талқылауды ұсындым. Біздің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымыз бүкіл әлем халықтарының қауіпсіздігін дамыту мен өркендетуге бағытталады», деп мәлімдеді.

3 тамызда ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі 2010 жылғы желтоқсанда Астанада саммит өткізу туралы шешім қабылдады. 5 тамызда Н.Ә. Назарбаев мәлімдеме жасап, 35 жыл бұрын, 1975 жылдың 1 тамызында Хельсинки қорытынды актісіне қол қойылғандықтан, бұл оқиғаның рәміздік мәні бар екенін атап айтып, жоғары деңгейдегі кездесу ұйымды бүгінгі шындыққа бейімделуге мүмкіндік береді және әлемдік қауымдастыққа ЕҚЫҰ-ның «Хельсинкиден Астанаға дейінгі» табысты эволюциясын көрсетеді деген сенім білдірді.

1-2 желтоқсанда болып өткен ЕҚЫҰ-ның Астана саммиті 56 мүше мемлекеттер мен БҰҰ-ны, НАТО-ны, ТМД-ны, тағы басқаларды қоса алғанда, ұйымның 12 серіктес мемлекеттерінен 2,5 мыңға тарта делегаттарды жинады. Оның жұмысын көрсетуге әлемдік БАҚ-тың 1,5 мың өкілдері келді.

Саммиттің және Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының негізгі қорытындыларын тұтасымен бағалай келе, оларды былай деп тұжырымдауға болады.

Ең алдымен еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы табыстарының танылуын нақты әйгілеген әрі оның халықаралық беделін едәуір арттырған ірі дипломатиялық жеңіс болғандығын айта кету керек.

Алайда, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық қызметінің басты нәтижесі оған осы ұйымның дамуына жаңа серпін берудің сәті түскендігі болып табылады. ЕҚЫҰ Еуропа мен Солтүстік Американың барлық елдерін қамтитын қауіпсіздік жөніндегі жалғыз құрылым бола отырып, ендігі жерде Шығыс пен Батыс мемлекеттерінің арасындағы басты диалог алаңының рөлін атқаруға нақты мүмкіндік алды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы Қазақстанның басқа ірі мемлекетаралық құрылымдардың қызметіне қатысуына да назарды бәсеңдетпеді.

Осы ретте ең алдымен Президенттің маусымда Ташкент қаласында болып өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) мемлекеттері басшылары кеңесінің X отырысына қатысуын айтуға болады, соның барысында Қазақстан өзіне ШЫҰ-ға 2010-2011 жылдары төрағалық ету өкілеттігін алды.

Н.Ә. Назарбаевтың белсенді атсалысуымен Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) өзінің одан әрі құрылымдық жетілуін жағастырды. АӨСШК-нің тарихында тұңғыш рет III саммит Қазақстаннан тысқары жерде – Ыстамбұл қаласында өткізілді. Ол ол ма, Вьетнам мен Ирактың, сондай-ақ, Бангладештің бақылаушы ретінде қатысуы арқылы ұйымның қатары жана мүшелермен толықты.

Құрамына түркітілдес мемлекеттер кіретін өзге халықаралық құрылым туралы да осыны айтуға болады. Атап айтқанда, тағы да сол Ыстамбұлда қыркүйекте өткен X саммиттің қорытындысы бойынша Түркі кеңесі

хатшылығының, Ақсақалдар кеңесінің, сондай-ақ, Түркі әлемі академиясының қызметін ұлғайту туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Қарашада Баку қаласында өткен Каспий бойы мемлекеттерінің III саммитінің барысында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді, онда Қазақстан басшысының бастамасы бойынша бекіре тұқымдас балықтарды аулауға 5 жыл мерзімге мораторий енгізу туралы шешім қабылданды, сондай-ақ, жағалау бойындағы елдердің теңіздегі құқыққа қарсы әрекеттермен күрес саласындағы өзара іс-қимылдың құқықтық негізін қалаған Каспийдегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұдан басқа, тараптар 24-25 теңіз милін негізге ала отырып, ұлттық аймақтың енділігін айқындау туралы мәселені жедел ойластыруға келісімдерін білдірді.

НАТО-мен ынтымақтасу желісі бойынша да елеулі ілгерілеушіліктер болды. Мәселен, Португалияның астанасы Лиссабон қаласында Солтүстік атлантикалық альянстың Ауғанстан жөніндегі қазандағы отырысының қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Қазақстанды бірінші болып Қауіпсіздікке ықпал етудің халықаралық күштерінің қызметіне тарту, транзиттік ынтымақтастықты ұлғайту және Ақтау теңіз портын пайдалану туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Мемлекет басшысының 11-13 сәуірде Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысуы да 2010 жылғы маңызды сыртқы саяси оқиға болды, онда ол әлемдік қауымдастықтың жоғары бағасын алған бірқатар бастамалар ұсынды. Олардың қатарында – Ядролық қаруды баршаға ортақ көлбеу және тіктеп таратпау туралы жаңа шартты, ядросыз аймақтардың құқықтық мәртебесін реттеуді, Таяу Шығыста ядросыз аймақты, Ядролық отынның халықаралық банкін және Ядролық қауіпсіздік жөніндегі оқу орталығын құруды ойластыру бар. Осылайша, еліміз өзіне ядролық қарусыздану және таратпау үдерісінің жаһандық көшбасшысы рөлін бекітті.

Осы орайда БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның Қазақстанға 6-7 сәуірде жасаған алғашқы ресми сапарының ерекше мәні болды. Семей полигонында болған БҰҰ басшысы Орталық Азияда ядросыз аймақ шарты бойынша Қазақстанға кепілдік беруді жақтап, осындай аймақтың Таяу Шығыста құрылуын жеделдетуді ұсынды.

Сонымен бірге Достастық елдерінің мемлекетаралық бірлестігі шеңберіндегі байланыстар ең жиілігімен ерекшеленді, 16 саммиттің 9-ы осылардың еншісіне тиді.

Мұндағы басты бағыт Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің Кедендік одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістігінің қалыптасуы болып қала берді. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бірыңғай кеден тарифі, ал 1 шілдеден бірыңғай Кеден кодексі енгізілгені белгілі. Осы үдерістерді дамыту үшін үш ел президенттерінің Кеден одағының Жоғарғы органының желтоқсандағы отырысында Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру туралы декларацияға қолдары қойылып, БЭК-тің құқықтық базасын қалыптастыратын келісімдер мақұлданып еді, олардың күшіне енуі БЭК-ті 2012 жылдың 1 қаңтарынан іске қосуға мүмкіндік береді.

Бұл шешімдердің маңызы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылып, мерейтойлық отырысы Астана қаласында 5 шілдеде болып өткен

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (ЕурАзЭҚ) 10 жылдығы тұсында ерекше маңызға ие болды.

Посткеңестік кеңістік елдерімен ықпалдастықтың басқа маңызды бағыты ең алдымен Қырғызстандағы ішкі саяси ахуалдың тұрақсыздануына байланысты қауіпсіздік проблемасы болды. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) жыл бойы өткен үш саммитінің басты күн тәртібін тап осы мәселелер құрады.

2010 жылы Қазақстан, сондай-ақ, алдымызда тұрған басты халықаралық ұйымдардың бірі – Ислам конференциясы ұйымына 2011 жылдан бастап төрағалыққа әзірлікті белсенді түрде жалғастырды.

Тұтасымен алғанда, Президент жыл бойы 16 көпжақты саммиттерге – Ядролық қауіпсіздік туралы жаһандық саммитке, ТМД-ның 3 саммитіне, ЕурАзЭҚ-тың 2 саммитіне, АӨСШК-нің III-саммитіне, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер кеңесінің X-отырысына, Қазақстан мен Ресейдің аймақаралық ынтымақтастығының VII-форумына, түркітілдес мемлекеттердің X-саммитіне, Каспий бойы мемлекеттерінің III-саммитіне, НАТО-ның саммитіне, ЕҚЫҰ-ның саммитіне, сондай-ақ, біздің елімізде өткен 5 халықаралық форумдарға («Қазақстан: дағдарыстан кейінгі модернизациялау кезеңіндегі инвестициялық мүмкіндіктер» IV-қазақстандық инвестициялық саммиті, ЕҚЫҰ-ның толеранттылық жөніндегі конференциясы, Минералдық ресурстар мен металлургия жөніндегі I-қазақстандық халықаралық конгресс, III-Астаналық экономикалық форум, ЕҚЫҰ сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі) қатысты.

Екіжақты қарым-қатынастар желісі бойынша 2010 жылы Мемлекет басшысы 7 рет шет елдерге сапар жасады, олардың 1-і мемлекеттік, 4-і ресми және 2-і жұмыс сапарлары болды.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік сапармен Оңтүстік Кореяға (21-23 сәуір), ресми сапармен Өзбекстанға (16-17 наурыз), Украинаға (14-15 қыркүйек), Бельгияға (24-26 қазан), Францияға (26-28 қазан), жұмыс сапарымен Ресейге (14-16 ақпан) және Бельгияға (10-11 сәуір) барды.

Қазақстан Президентінің Корея Республикасына мемлекеттік сапары индустриялық-инновациялық және инвестициялық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың дамуына қуатты серпін берді. Құрық теңіз айлағын дамытуға 500 млн. долларлық сомаға несие тарту, Оңтүстік Кореяға ядролық отын жеткізіп беру және уранды бірлесіп өндіру саласындағы ынтымақтас-тық, сондай-ақ, Оңтүстік Кореяға, Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне кемінде 2 млн. тонна қазақстандық астықты экспорттау туралы меморандумдарға қол қойылды. Сапар қорытындысы бойынша, Мемлекет басшысының тапсыруымен Үкімет Қазақстанда жоғары технологиялық ин-вестициялық жобаларды енгізу және «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы зауыттарының базасында әскери кемелер жасау мәселесін зерттеу жөнінде бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жасауға кірісті.

Н.Ә. Назарбаевтың Өзбекстанға жасаған ресми сапарының барысында Орталық Азия аймағындағы су-энергетикалық ресурстарды бірлесіп пайдаланудың ұтымды тетігін тездетіп жасауға және Рогун СЭС-і мен Қамбарата объектілері құрылысының жобаларына халықаралық сараптама жүргізуге өзара мүдделілік танытылды.

Мемлекет басшысының Украинаға жасаған ресми сапарының қорытындылары бойынша Украина аумағы арқылы мұнай транзиттеуді қалпына келтіру, 2010-2011 жылдарға арналған Қазақстан-Украина іс-қимылдарының жоспарын ұлғайту («Жол картасы – 3»), мұнайгаз секторы, атом энергетикасы, көлік және транзит, машина жасау, ғарыш және агроөнеркәсіптік кешен сияқты келешегі зор салаларда іскерлік байланыстарды арттыру туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Бельгия мен Францияға жасалған ресми сапарлар да маңызды болды, солардың барысында Н.Ә. Назарбаевтың Еуропалық Одақтың, Бельгияның, Францияның және НАТО-ның басшылығымен келіссөздері жүргізіліп, экономика, энергетика, сауда және инвестиция салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы келісімдерге қол жеткізілді. Ілгеріленген серіктестік туралы жаңа келісім жасау, Қазақстанға «нарықтық экономикалы ел» мәртебесін беру және біздің еліміздің БСҰ-ға кіруі туралы келіссөздерді аяқтау туралы ЕО, Бельгия және Франция басшылығының қолдауы алынды.

Ресей Федерациясымен дәстүрлі етене байланыс ұсталынып тұрды. Есепті мерзім ішінде түрлі пішіндер бойынша Президент Д.А. Медведевпен 9 және Үкімет Төрағасы В.В. Путинмен 2 рет кездесті. Дәстүрлі сындарлы әрі іскерлік ахуалында өткен кездесулерде сауда, энергетика, ғарыш салаларындағы екіжақты қарым-қатынастардың, шекара маңы мен аймақтық ықпалдастықтың, күн тәртібінің халықаралық және өңірлік мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Президентімен бірге Өскемендегі Қазақстан мен Ресейдің аймақаралық ынтымақтастығының VII форумына, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына байланысты Мәскеуде өткен салтанатты іс-шараларға қатысуының елеулі маңызы болды.

Өз кезегінде, Мемлекет басшысы 2010 жылы Қазақстанға екіжақты сапарлармен және халықаралық форумдардың шеңберінде келген Румыния президенті Т. Басескумен, Словакия президенті И. Гашпаровичпен, Украина президенті В.Ф. Януковичпен, Түркия президенті А. Гүлмен, Сербия президенті Б. Тадичпен, Австрия президенті Х. Фишермен, Армения президенті С.А. Саргсянмен, Литва президенті Д. Грибаускайтамен, Беларусь президенті А.Г. Лукашенкомен, Ауғанстан президенті Х. Карзаймен, Қырғызстан Республикасының өтпелі кезеңдегі президенті Р.И. Отунбаевамен, Финляндия президенті Т. Халоненмен, Болгария президенті Г. Пырвановпен, Тәжікстан президенті Э.Ш. Рахмонмен, Хорватия президенті И. Йосиповичпен, Венгрия президенті П. Шмиттпен, Черногория президенті Ф. Вуяновичпен, Албания президенті Б. Топимен, ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен, Иордания Королі Абдалла II ибн Хусейнмен, Бельгияның

Мұрагер ханзадасы Филипп II-мен, Германияның Федералдық канцлері А. Меркельмен кездесті.

Кездесулердің басты өзегі екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтумен бірге, осы елдердің озық технологияларын жеткізу арқылы Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына қатысуы, жоғары технологиялы өндірісті тікелей инвестициялау, Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторында бірлескен жобаларды іске асыру мәселелері болды. Бұл орайда Түркия, Германия және Қытай тараптарымен жүргізілген келіссөздер айрықша жемісті өтті.

2010 жылы Президенттің сондай-ақ, Қазақстанға келген халықаралық ұйымдардың, шетелдік саяси, қоғамдық және іскерлік орталардың өкілдерімен көптеген кездесулері болды. Олардың қатарында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, ЕҚЫҰ Бас хатшысы М.П. де Бришамбо, ҰҚШҰ Бас хатшысы Н.Н. Бордюжа, ИКҰ Бас хатшысы Э.Ихсаноглу; ПАСЕ Төрағасы М. Чавушоглу; АҚШ Мемлекеттік хатшысы Х.Клинтон; Италия Министрлер Кеңесінің Төрағасы С.Берлускони; Нидерланды премьер-министрі М.Рютте, Франция премьер-министрі Ф.Фийон, Греция премьер-министрі Г. Папандреу, Эстония премьер-министрі А. Ансип, Түркия Ұлы ұлттық жиналысының Төрағасы М. Шахин, Иран Ислам жиналысы Мәжілісінің Төрағасы А. Лариджани, ГФР Бундестагының Төрағасы Н. Ламерт, ҚХР Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытай комитетінің Төрағасы Цзя Циньлин, Ресей Федерациясы Федерация Кеңесінің Төрағасы С.М. Миронов, Мәскеу мен бүкіл Русьтің Патриархы Кирилл, т.б. болды.

Жыл бойы Мемлекет басшысы Ресей, Израиль, Украина, Оңтүстік Корея, Түркия, Швейцария президенттерімен, Испания Королімен және басқалармен телефон арқылы сөйлесті.

Оған Ұлыбританияның, Беларусьтің, Иранның, Түркіменстанның, Әзірбайжанның, Ирактың, Қытайдың, Пәкстанның, Түркияның, Украинаның, Сауд Аравиясының, Жапонияның, Иорданияның, Литва мен Венгрияның елшілері сенім грамоталарын тапсырды.

* * *

Еліміздің ішкі саяси өмірінің басты оқиғаларының бірі – Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығы болды.

«Конституция – мемлекеттің демократиялық дамуының негізі» деп аталатын халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Отанымыздың соңғы 15 жылдағы барлық жетістіктері – Конституциямыздың және соның базасында қабылданған заңнаманың жұмыс істеуінің нақты нәтижесі екенін атап өтті. Тап осының арқасында Қазақстан ТМД-да алғашқы болып посткеңестік кеңістікте теңдесі жоқ салық және зейнетақы реформаларын жүргізіп, ұлттық экономикаға 100 млрд. доллардан астам тікелей инвестициялар тартып, ІЖӨ-ні екі еселей алды; осыған қоса, жан басына шаққандағы ІЖӨ-ні 700 доллардан 8 мың долларға жеткізді, яғни 11 есе өсіре алды, деді ол.

30 тамызда Мемлекет басшысы елорданың орталық алаңындағы «Қазақ елі» монументінің алдында Конституцияның 15 жылдығына орай Әскери парад қабылдады.

Егемен Қазақстанның жаңа тарихына тікелей қатысы бар ендігі бір мерейтойлық меже Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығы болды. 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы: сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік» XVI-сессиясын ашып, оған қатысушыларды мерейтоймен құттықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев бүгінде Ассамблеяның алдында ұлттық бірлікті нығайтуға байланысты жаңа міндеттер тұрғанын атап өтті. Ассамблеяның еңбегін тану белгісі ретінде Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық наградасы белгіленгені туралы хабарлады.

Бұл жылдың елеулі оқиғаларының бірі ретінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын да атап өткен жөн.

Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы құрметіне соғыс ардагерлерінің бір тобына мерейтойлық медальдар мен жаңа пәтерлер кілттерін тапсырды.

Мереке қарсаңында жиналғандар алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы Отан соғысындағы жеңіс біз айтып жеткізгісіз азаптар, құрбандықтар мен мұқтаждықтар арқылы келді. Қазақстандықтар Жеңіске қол жеткізуге елеулі үлес қосты. 500-ден астам жерлестеріміз Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Халқымыздың Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова есімді ұлдары мен қыздарының, тағы басқалардың ерліктері ұрпақтар жүрегінде мәңгі сақталады. Біз құрбан болғандарды зердемізде қастерлеп сақтай отырып, Отанымызды гитлерлік басқыншылардан қорғағандардың барлығына құрметімізді көрсетеміз», дегенді атап айтты.

Сол күні ол әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің үлкен бір тобына мемлекеттік наградалар, сондай-ақ, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Президенттің күзет қызметі, қорғаныс, ішкі істер, әділет және төтенше жағдайлар министрліктерінің, Бас прокуратураның өкілдеріне жоғары әскери және арнайы дәрежелердің ерекшелік белгілері мен сыныптық шендерін табыс етті.

28 маусымда елордада халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орны – «Назарбаев университетінің» ашылуы үлкен жаңғырық туғызды. Салтанатты рәсімге қатысушылардың алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы елімізде «Болашақ» президенттік бағдарламасының табысты жұмыс істейтінін, соның шеңберінде мыңдаған қазақстандық жастар әлемнің жетекші университеттерінде білім алып қайтқандықтарын атап өтті. Жаңа оқу орны ашылған соң Қазақстан жастары енді инженер, медицина және энергетика мамандықтары бойынша Астана қаласында оқытылмақ. Жаңа оқу орнында әлемнің ең жақсы профессурасы сабақ беретін болады.

Шілдеде Президент Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына орай Теміртау қаласында өткен салтанатты іс-шараларға қатысты. Бұл оқиғаның біздің еліміз үшін маңызын айта келе, ол 50 жыл бұрын алғашқы шойын балқымасының алынуы арқылы тек қана Қарағанды металлургия комбинаты

өмірге келіп қоймағандығын – бұл Қазақстанның бүкіл қара металлургиясының өмірге келгендігі екендігін де атап өтті.

Астана күнін мерекелеу айшықты әрі есте қаларлық іс-шараға айналды. Салтанаттарға Ресей президенті Д.А. Медведев, Беларусь президенті А.Г. Лукашенко, Тәжікстан президенті Э.Ш. Рахмон, Қырғызстан Республикасының өтпелі кезеңдегі президенті Р.И. Отунбаева, Армения президенті С.А. Саргсян, Украина президенті В.Ф. Янукович, Иордания Королі Абдалла II ибн Хусейн қатысты. Мерекелік бағдарламаның шеңберінде Н.Ә.Назарбаев Астана қаласында бірқатар жаңа нысандарды ашты, олардың қатарында әлемдегі шатыр нысанды ең биік әрі таңғажайып ғимараттардың бірі – «Хан Шатыр» және «Керей мен Жәнібек» композициясы да бар еді.

1 қыркүйекте Мемлекет басшысы төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің IV сессиясын ашты. Депутаттар алдында сөз сөйлеген ол парламентарийлердің назарын алдағы сессиядағы заңшығарушылықтың басты міндеті – 2020 жылға дейінгі дамудың стратегиялық жоспарын құқықтық қамтамасыз ету екендігін атап көрсетті.

Желтоқсанда Президент қалыптасқан дәстүр бойынша Тәуелсіздік күніне арналған салтанатта сөз сөйлеп, республиканың экономикалық және мәдени дамуына, достық пен келісімді нығайтуға, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін арттыруға елеулі үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградалар табыс етті. Олардың қатарында көрнекті мәдениет, ғылым, білім, денсаулық сақтау қайраткерлері, өндіріс, құқық қорғау органдарының өкілдері, әскери қызметшілер, соғыс және еңбек ардагерлері, сондай-ақ, шетел қайраткерлерін қоса алғанда, ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитін әзірлеуге және өткізуге лайықты үлес қосқандар да болды.

* * *

Қазақстан 2010 жылы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда әлемдік экономикада сақталып тұрған дағдарыстық құбылыстарға қарамастан, рецессияны жеңіп, іс жүзінде экономиканың барлық салаларында оң ырғақты сақтап қалды, мұның өзі дұрыс таңдалған стратегияның, дағдарысқа қарсы жүйелі қабылданған іс-шаралардың және жинақталған өз қаражатымыздың есебінен экономиканы қаржылай қуатты қолдаудың тікелей нәтижесі еді.

22 қаңтарда Үкіметтің тиісті есебін тыңдау барысында еліміздің 2009 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын шығара келіп, Мемлекет басшысы: «Өткен жылы мемлекеттердің бәрі бірдей экономикада оң нәтижелерге жете алмады. Біз серпінді мемлекеттер деп аталатындардың ішінде болдық. Көптеген мемлекеттердің сыртқы қарыздары үлкен көлемде артуда, несие көлемі де артып барады, бюджет тапшылығы аса зор деңгейге жеткен, жұмыссыздық белең алған, өте көп кәсіпорындар жұмысын тоқтатқан. Міне, осындай жағдайда біздің экономикамыз дағдарыстан шығынсыз шығып келеді. Осының арқасында жұмыссыздықты қысқарттық, инфляцияны төмендеттік, «Жол картасын» жүзеге асыру барысында еліміздің тұрғындары үшін аса қажет үлкен жұмыстарды атқардық. Келіп жеткен 2010 жылы бізді бұдан да ауқымды міндеттер күтіп тұр. 2010 жыл біз үшін

2020 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламамызды жүзеге асыру негізінде Қазақстанның серпінді өсудің тұрақты траекториясына шығаратын жыл болуы тиіс», деп атап көрсетті.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі тиісті стратегиялық даму жоспарын Президент бір жетіден кейін, 29 қаңтардағы Парламент палаталарының бірлескен отырысында, «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауының шеңберінде жария етті.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде таяудағы онжылдықтағы тұрақты және теңгермелі даму ұлттық экономиканы үдемелі әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру есебінен қамтамасыз етілетінін ерекше қадап айтты. Сол себепті, мына міндеттерді: ел экономикасын дағдарыстан кейінгі дамуға дайындауды, үдемелі индустрияландыру мен инфрақұрылымдарды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсіміне қол жеткізуді, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді түрде инвестиция салуды, қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуді, ұлтаралық келісімді нығайтуды және халықаралық қатынастарды одан әрі дамытуды шешу қажет болады.

Қазақстан халқына Жолдауды жүзеге асыру жөніндегі алғашқы іс-шаралар 1 ақпанда Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкімет мүшелерінің, Президент Әкімшілігі мен орталық мемлекеттік органдар басшылығының қатысуымен өткен жұмыс мәжілісінде, сондай-ақ, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысында талқыланды.

Стратегияны орындау үшін Үкімет 2020 жылға дейінгі үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жасап, бекітілді. Оның өзегін жалпы сомасы 8 трлн.-нан астам теңгеге лайықталған республикалық және өңірлік маңызы бар 294 жоба құрады. Экономиканың 12 саласы: металлургия, мұнай өңдеу мен химия өнеркәсібі, агроөнеркәсіп кешені, машина жасау, құрылыс индустриясы, көлік және телекоммуникация инфрақұрылымы және басқалар басым бағыт болып айқындалды. Бағдарламаны екі 5 жылдық жоспарлар шеңберінде, екі кезеңде жүзеге асыру көзделді.

Мемлекеттік бағдарламаның мазмұны және оны жүзеге асыру жөніндегі нақты міндеттерді Президент Премьер-Министр К.Қ. Мәсімовтің, Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі Қ.Б. Саудабаевтың, Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Е. Мусиннің, Үкімет мүшелерінің, орталық атқарушы органдар жетекшілерінің, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен өткен наурыз кеңесінде халыққа жария етті.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында Үкіметті оңтайландыру жүзеге асырылды, соның шеңберінде бірқатар министрліктер таратылып немесе өзгертілді және жаңа министрліктер құрылды. Олардың қатарында Мемлекеттік бағдарламаны өмірде іске асыруға тікелей жауапты Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі бар. Сонымен бірге әр жобаға тиісті салалық министрліктер, «Самұрық-Қазына» және «ҚазАгро» холдингтері

басшыларының, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің дербес жауапкершілігі белгіленді.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы қорытындыларының тұсауы 2 шілдеде болған «Назарбаев университетінің» ашылуы кезінде «Күшті Қазақстанды бірігіп құрамыз!» жалпыұлттық телекөпірінің барысында кесілді. Атап айтқанда, Жамбыл облысының Мыңарал поселкесіндегі цемент зауытында өндірісті іске қосу жүзеге асырылды, Балқаш ЖЭС-нің құрылысының басталуына рұқсат берілді, Маңғыстау облысының Баутино портында кеме жасау зауыты ашылды, «General Electric» компаниясымен ықпалдастықта «Ақтөберентген» АҚ шығарған 16 кесінділі қазақстандық компьютерлі томограф көрсетілді және т.б. Телекөпір барысында барлығы сомасы 381 млрд. теңгелік 72 инвестициялық жобаның тұсауы кесілді.

2020 жылға дейінгі дамудың үдемелі индустриялық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үдерісіне шетел инвесторларын кеңірек тарту мақсатында Президент «Қазақстан: дағдарыстан кейінгі модернизациялау кезеңіндегі инвестициялық мүмкіндіктер» деп аталатын IV-қазақстандық инвестициялық саммитке, Минералдық ресурстар мен металлургия жөніндегі I-қазақстандық халықаралық конгреске, III-астаналық экономикалық форумға, Президенттің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің 23-ші отырысына қатысты.

Кәсіпкерлер кеңесінің I-пленарлық отырысы да осы мәселелерге арналды, онда Мемлекет басшысы ұлттық бизнесті қолдаудың шеңберінде Үкіметке «Бизнестің жол картасы – 2020»-да әлемдік дағдарысқа байланысты қиын жағдайда қалған кәсіпорындарды жандандырудың, ставкаларды субсидиялаудың, кепілдік берудің, инфрақұрылымдар салудың және қызметкерлерді қайта оқытудың механизмдерін ескеруді тапсырды. Бұдан басқа, бизнесті дамытудағы әкімгершілік кедергілерді азайту үшін Н.Ә. Назарбаев «Ақорда» сайтында «Бизнесті президенттік қолдау» арнаулы бөлімін ұйымдастыруды тапсырды, оған құқық қорғау органдары тарапынан құқыққа сай емес іс-әрекеттер мен тексерулер деректері бойынша кез келген кәсіпкер хабар жолдай алуы тиіс. Жыл бойы көрсетілген ресурсқа 2 мыңнан астам кәсіпкер хабарласты. Ол арыз-шағымдардың барлығы да Президент Әкімшілігінің қатаң бақылауына алынып, қалыптасқан тәртіп бойынша тиісті органдарда қаралды. Тексерулердің қорытындылары бойынша құқық қорғау органдарының 24 қызметкері қызметтік лауазымдарынан босатылды.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы нәтижелері, сондай-ақ, елдің индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясын жүзеге асыру туралы Премьер-Министрдің есебін Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерімен және Президент Әкімшілігінің басшылығымен 15 маусымда және 2 тамызда болған мәжілістер барысында тыңдады.

Еліміздің ауыл шаруашылығының көкейкесті проблемалары, соның ішінде жиын-терін науқанының мәселелері Н.Ә. Назарбаевтың 3 тамызда Премьер-Министрдің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Президент

көмекшісі мен Ауыл шаруашылығы министрінің қатысуымен өткізген талқылауының арқауы болды.

4 тамызда Президент Үкімет мүшелерінің, Президент Әкімшілігі мен орталық мемлекеттік органдар басшылығының қатысуымен азаматтардың құқықтарын қорғаудың көкейкесті мәселелері бойынша өткізілген мәжілістің жұмысына қатысты. Мәжіліс барысында үлескерлік құрылысқа өз қаржыларын салған азаматтардың проблемаларын шешуге, қылмыспен күрестің жағдайына, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметте азаматтардың құқығын қорғауға қатысты мәселелер туралы сөз болды.

2010 жылы 12198 үлескердің мәселесі шешіліп, 67 үлескерлік құрылыс объектісі пайдалануға берілгенін айта кету керек, олардың қатарында астанада 36 нысан (6503 үлескер), Алматы қаласында 14 нысан (4625 үлескер), өзге өңірлерде 17 нысан (1070 үлескер) бар. Тұтасымен алғанда, дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру барысында мемлекет 384 нысанға қатысты 53 мыңнан астам үлескерлердің проблемаларын шешті.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, алда тұрған 2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарының мәселелерін де айрықша бақылауда ұстады.

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері де Президенттің ұдайы назарында болды.

Өткен жылы Мемлекет басшысы еліміздің көп өңірлеріне жұмыс сапарларымен барды, солардың барысында облыс активтерімен, еңбек ұжымдарымен, жұртшылық өкілдерімен кездесті, ондаған өнеркәсіп және әлеуметтік нысандарда болып, жаңа өндірістердің іске қосылуына қатысты. Олардың қатарында Оңтүстік Қазақстан облысындағы керамогранит шығаратын зауыт пен Ақмола облысындағы Васильков тау-кен комбинатында алтын айыру фабрикасының ашылуына, Павлодар облысындағы өнімділігі жылына 125 мың тонналық «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ екінші кезегінің іске қосылуына қатысуы, т.б. бар.

Қазанда Президент облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерімен жұмыс мәжілісін өткізді. Онда еліміздің 2010 жылғы 9 айының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары талқыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер белгіленді.

Тұтасымен алғанда, Мемлекет басшысы жыл бойы Премьер-Министрмен, Ұлттық банктің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық компаниялар мен еліміздің даму институттарының басшыларымен үзбей кездесіп тұрды.

2010 жылдың әлеуметтік-экономикалық қорытындыларын шығара отырып, Н.Ә. Назарбаев 21 желтоқсанда Президенттің сапа саласындағы «Алтын сапа» сыйлықтарының және «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсының лауреаттарын марапаттау салтанатының шеңберінде барлық облыстардың, мемлекеттік органдар мен ұлттық холдингтердің бір жылдағы индустрияландыру туралы есептерін тыңдап, сондай-ақ, телекөпір арқылы Қазақстанның өңірлерінде пайдалануға берілген

жаңа объектілермен танысты. Жалпы алғанда, Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың шеңберінде, жылдың соңына қарай 23 мың тұрақты жұмыс орындарын ашу арқылы 800 млрд. теңгеден астам соманың 152 жобасы іске қосылды.

* * *

Мемлекет басшысының 2010 жылғы жұмыс кестесінің негізгі нәтижелері, міне, осындай. Жұмыс кестесінің теңгерімділік сипатта болғанын, онда белгіленген іс-шаралардың бәрінің де толығымен орындалғанын атап айтқан жөн.



МЕНІҢ ЕЛІМ, МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ, МЕНІҢ ПРЕЗИДЕНТІМ

Сергей Харченко,
Қазақстан халқы Ассамблеясының
мүшесі

Егемен Қазақстан, 9 ақпан 2011ж.

Тарихты уақыт жасайды, ал тарих өз жадында қоғам мен біздің әрқайсымыздың өміріміздегі ең маңызды деген жайттарды ғана сақтайды. Биылғы маусым айында менің Қазақстандағы өмірім мен жұмысыма 50 жыл толады.

Бүгін біздің республикамыздың тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында артта қалған хрущевтік кезеңнің 1961 жылы еске оралады. Сол жылы бүгінгі жастарға белгісіз комсомол мені Жітіқара асбест комбинатының құрылысына аттандырды. Қазақстан Донбастан келген эшелонды қонақжайлылықпен салтанатты түрде қарсы алды. Оркестр ойнады, митинг болды, жалынды сөздер айтылды. Қазақтың кең даласы хрущевтік жылымықтан жадыраған сәт еді. Біз құрылыста жұмыс істей жүріп, өзіміздің бақытты болашағымызға және мемлекет келешегіне кәміл сендік. Сондықтан да болар, алғашқы қиыншылықтарға төздік, үш ай бойы еденде ұйықтап, қолға түскенді қорек еттік. Мені Николай Жабиннің бригадасына тас қалаушы-бетоншы етіп жіберді. Жұмыс ауысыммен жүргізілетін, кейде тізе бүгуге де мүрсат болмайтын. Әрбір сағат сайын дерлік бетон тиелген машина келіп жататын, оларды арнайы науа – «туфелькаға» қотарып, кейін мұнаралы кранмен жоғарыға беретінбіз. Мұндай ауыр жұмысқа үйренбеген біз титықтап қалатын едік, сәл-пәл демалысқа отырғанда ПТУ-дағы алаңсыз өмірді және Украинаның сұлу табиғатын еске алатынбыз. Өйткені, Қазақстанның қатаң табиғаты біздің маңдайымыздан сипай қоймады. Бір айдан кейін Донбастан келген бір жарым мың адамның бес жүзі басы ауған жаққа жақсы тіршілік іздеп кетті. Менің де көңілім алаң еді, Украинадағы Полесьеге қайта кеткім келіп мазасыздандым. Бірақ аз да болса жолға ақша жинап, товар таситын пойызбен емес, жолаушы пойызымен жүрмек болдым. Күн артынан күн өтіп жатты. Біз де жаңа ортаға, жаңа жұмысқа үйреніп, осы өңірге бауыр баса бастадық. Ұшы-қиыры жоқ ен дала бізді өз құшағына тарта түсті, мөп-мөлдір аспан қиялға қанат байлады. Дәл сол кездің өзінде мен журналистикаға бір табан жақын едім, «За асбест» атанған осындағы көп тиражды газетке хабар-ошар жаза бастадым. Сол газеттің материалдарынан аса маңызды бүкілодақтық екпінді құрылыс – Теміртаудағы Қазақстан Магниткасы туралы оқып, білдім. Сол құрылыста ол кезде ешкімге белгісіз Нұрсұлтан Назарбаев та еңбек етіп жүр екен. 1960 жылы 3 шілдеде Орта Азия мен Қазақстандағы алғашқы



домна пеші іске қосылғанда оның қуанышында шек болмаған-ақ шығар. Енді Назарбаев құрылысшыдан металлургке айналды. Ол Борис Яговитовтың бригадасындағы төртінші горновой болды. Ал мен Жітіқара асбест комбинатының пайдалануға берілу қуанышын үш жылдан кейін сезіндім, ол кезде әскер қатарындағы міндетімді атқарып жүрген едім. Бригадирім Николай Жабиннің Ленин орденімен марапатталуы, кейбір бригада мүшелерінің медальмен наградталуы алыста жүрген мені де ерекше толқытты. Сол кездері «Темиртауский рабочий» және біздің Жітіқараның «За асбест» газеттері озат жұмысшылар туралы, әсіресе әрі жұмыс істеп, әрі оқитын жастар туралы жиі жазатын. Сөйтіп, біз горновой Нұрсұлтан Назарбаев пен Қабидолла Сәркеновтің Қарағанды политехникалық институты Теміртау филиалында оқитынын білдік. Мен де құрылыс техникумының кешкі бөліміне түстім, бірақ кейін құрылысшы мамандығынан гөрі бүйрегім журналистикаға бұрды. Техникумды тастап, кешкі мектепке бардым, ондағым аттестат алғаннан кейін университетке түсу. Журналистика мені тарих пен мемлекет саясатын тереңірек білуге, белгілі де талантты адамдар өміріне зер салып, солардан үлгі алуға итермеледі.

Николай Жабиннің бригадасында да, Нұрсұлтан Назарбаев еңбек еткен бригадада да бірнеше ұлттың өкілдері еңбек етті, олардың абырой-беделі ұлттық белгілерімен емес, білімі, жауапкершілігі және өз мамандығына деген адалдығы арқылы айқындалатын. Біз бала кезімізде, содан жасөспірім шағымызда, кейін жігіт болып, оң-солға сын көзбен қараған тұста да үлгіні әдеби кейіпкерлерден, аты шыққан жандардан ғана емес, ең алдымен өз тұстастарымыздан алатын едік қой. Нұрсұлтаннан оның ауылының балалары, мектептес достары мен жолдастары үнемі үлгі алды. Дегенмен оның өз қатарластарынан еш өзгешелігі жоқ та сияқты еді. Кейін өзінің табандылығы мен төзімділігін көрсетіп, қатарларының құрметіне бөленуді қалағандар да Нұрсұлтанға теңелуге тырысты. Кейін қоғамдық жұмыс өрге өрлетіп, ол енді Нұрсұлтан Әбішұлы болғанда жауапкершілік пен табандылықты көптеген жас содан үйренді. Москваға, БЛКЖО Орталық комитетінің хатшысына,

тікелей телефон соғуға Нұрсұлтан сияқты батыл, бірбеткей адамның ғана жүрегі дауалар еді...

Енді оның төңірегіндегілер, оны жақсы білетін жандар Нұрсұлтан Әбішұлының жанына топтаса бастады, ақыл сұрады, сырласты, кеңесті. Сөйтіп, тағдыр халық басшылығына алып келген адамның тұлғалық қасиеті қалыптасты.

Міне, осынау тұста мен қазақ халқының қонақжайлылығы мен төзімділігі, қиын жағдайға тап болған жандарға көмек қолын созуға даярлығы сияқты қасиеттерін танып, білген едім. Дәл сол шақта Қазақстанның болашағы мен байлығының негізі қаланып жатты. Сол болашақ пен байлықтың құрамдас бөлігі Қазақстанға келген басқа этностардың мәдениеті, тілі еді. Кейде түсінігі мен түр-келбеті, мінезі мен өмірлік ұстанымы әртүрлі жандар да ортақ іс үшін бір кісідей жұмылып жатты.

Қазақстан Магниткасында Нұрсұлтан Назарбаев ерекше тұлға еді. Ол ақылды, сындарлы, шыныққан, өз жолы мен өз қадірін білетін жас еді. Ол металлургтер ішінде де ерекшеленіп тұратын. Ол менен бұрын комсомол белсендісі болды, қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене қатысты. Ол туралы газеттер жиі жаза бастады, Қазақстан комсомолының X съезіне, БЛКЖО-ның XVI съезіне қатысты, Бүкілдүниежүзілік III жастар фестиваліне делегат болды.

Бүгін толық сеніммен мынаны айтуға болады: кеңес кезінде жұмысшы мамандығы адамның өсуіне, ең бастысы – жастардың өз қабілеті мен талантын көрсетуге жақсы мүмкіндіктер берді. Бұған бүгіндер Қазақстанның даңқты адамдарына айналған көптеген бұрынғы жұмысшылардың өмірбаяндары дәлел бола алады. Нұрсұлтан Назарбаев басшылық лауазымға қызықпағанын кейін талай айтса да, бірақ ол дүрмектің ортасында қала алмас еді, өйткені оның лидерлік қасиеті үнемі алға бастайтын. Белсенді еңбек адамы, жастар жетекшісіне Теміртау қалалық комсомол комитетін басқару ұсынылды. Өз тәжірибемнен білемін, мұндай ұсыныстардан дені сау адам бас тартпаса керек-ті. Бірақ Нұрсұлтан Назарбаев бас тартты. Мұнысын ол мұндай жұмысқа психологиялық жағынан дайын емеспін деп түсіндірді. Оны бюроға шақыртты, әдеттегідей қысымға алды, жаза да қолданды, бірақ көндіре алмады. Дәл осы тұста Назарбаев – тұлғаның бар болмысы мен мұндалады. Ол БЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы С.П. Павловқа дейін жетіп, өз тарихын баяндады. Облыстық партия комитетінің бюросы қалалық партия комитетінің Назарбаевқа жаза беру жөніндегі шешімінің күшін жойды, ал бірінші хатшы Катковқа қатаң партиялық жаза қолданылды. Бірақ кейін Назарбаев Теміртау қалалық комсомол комитетін басқарды да. Өйткені, партиялық функционерлер оның лидерлік қасиетін, адамдармен жұмыс істеу қабілетін, алғырлығын көріп-білген еді. Бүгіндері бізге күнделікті өмірде осындай қасиеттер жетіспей жататыны өкінішті-ақ!

Комсомолдан кейін және 1970 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен соң Нұрсұлтан Назарбаев Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Ал сол кезде

«Костанайтяжстрой» тресі комсомол комитеті хатшысының орынбасары болып істейтін маған ең алғашқы үкімет наградасы – В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне шығарылған мерекелік медаль тапсырылған еді. Ленин партиясы, сол кезде КОКП-ны осылай атайтын, кадрларды тәрбиелеп, іріктей білетін. Араға көп уақыт салмай Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан металлургия алыбы партия ұйымын басқарды, одан кейін Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы болды. Ал 1979 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы болып сайланды. Төрт жылдан кейін ол Қазақстан Министрлер Кеңесін басқарады.

Біз, қатардағы партия қызметкерлері мен партия мүшелері, бұл қызметтердегі оның жұмыс стилін, белгілі бір проблеманы шешудегі оның ықпал ету деңгейін тікелей сезінген жоқпыз. Ал сол кезде де, бүгін де, мемлекеттегі бірінші тұлғаға қоғамның миллиондаған мүшесі мен әрбір нақтылы адамының өмірі байланысты еді. Өйткені, біздің барлық жеңістеріміз бен өкініштеріміздің бастауында солар тұратын.

Комбинат парткомының хатшысы болып сайланған Нұрсұлтан Назарбаев алдында сан түрлі мәселелер тұрды. Комбинат директоры О.И. Тищенко да жанадан тағайындалған еді. Тұтқа ұстаған екі басшы кәсіпорында оның алғашқы күнінен қордаланып қалған түйткілдерді шеше алмады. БАҚ-та сын мақалалар жарық көре бастады, журналистер кінәні директор мен партком хатшысына тақты. Бірақ бұл қиыншылықтар олардың сағын сындырмады. Мәскеуден келген бригада комбинаттағы істің жай-жапсарын зерттегеннен кейін Н.Ә. Назарбаевты КОКП Орталық Комитетінің Секретариатына шақырды. Бұл тегін шақырту емес еді. Н.Ә. Назарбаев оған өз комбинатына көмектесу үшін жол тартты.

Секретариат отырысы барысында Н.Назарбаев комбинаттағы жағдайды бүкпесіз, боямасыз баяндады. Комбинатты салғанда онда жұмыс істейтіндер жағдайы мүлдем ескерілмеген. Тұрғын үй, балабақша, азық-түлік пен тұрмысқа қажет тауарлар жоқ, климат жағдайы ауыр және де басқа көптеген проблемалар қордаланған.

Сөйтіп, Нұрсұлтан Назарбаев Кремльдің сынағынан тұңғыш рет өтті. Әрине, ол сол кезде алда мұнда талай келіп, Горбачев, Ельцин және басқа адам тағдырын шешушілердің «күпия» механизмдерімен таныс болатынын білген жоқ. Бірақ Н.Назарбаев мұндай сынақ-кездесулерде адам тағдырын шешушілер туралы емес, өз елі, адамдарының тағдыры туралы ойлады. «Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстан жасампаздары» атты кітап жазған ағылшын жазушысы және биографы менің әріптестерім – журналистер алдында таң-тамаша қалады: «Батыста далада туған жанның Президент болуы мүмкін емес». Иә, Батыс үшін Назарбаев тағдыры тосын. Онда осы күнге дейін алдыңғы кезекте адамдар туралы, содан кейін барып дивиденттер мен пайда туралы ойлайтын адамдарды түсіне бермейді. Шекарадан тыс жерде бұған қарама-қарсы.

Назарбаев республикада адамдардың өмір деңгейі, кадрлық өзгерістер мәселесіне ерекше мұқият қарады. Жоғары тұрған бастық алдында да

жалпақтамады. Ол үнемі өз халқы туралы ойлады, өзінің қайдан шыққанын, тегін ұмытқан жоқ. Мұның өзі оған КСРО-ның тараған сәтінде және егемен Қазақстанды дербес басқарған алғашқы жылдары көмекке келді. Астананы Ақмолаға көшіру кезіндегі шешімі оның табандылығы мен мақсаткерлігін айқын айғақтайды. Мұның артында аса маңызды геосаяси проблема жатқаны да түсінікті ғой.

Нұрсұлтан Назарбаевты КСРО-ның ыдырауынан көп бұрын қайта құру деген дақпыртпен партияның халық мүддесінен алшақтап, лениндік принциптерді белінен басуы алаңдатты. Одақтық республикалар ірілі-уақты мәселелердің бәрін Мәскеумен келісетін. Мәскеу болса жергілікті жердің мәселесін шешу үшін елп ете қоймайды. Экономикалық және әлеуметтік түйткілдер қордаланып, шешімін таппай жатты. Назарбаев пен оның жақтастары мұның неге соқтыратынын жақсы білді. Горбачев болса өзінің батыстағы достарына жақсы көріну үшін алған бетінен қайтпады. Дегенмен ол жаңартылған Одақты сақтап қалатынына сенді. Оның үстіне Бүкілодақтық референдум саясаткерлерге келісімге келуге мүмкіндік берді, бірақ олар келісімге келе алмады. Ең алдымен Горбачев пен Ельцин текетіресі жалғаса берді. Олар тоталитарлық жүйені жоямыз деген сылтаумен миллиондаған қарапайым адамдар мүддесін ұмытты, ең болмаса Қытайдың тәжірибесін қолдана алмады, ал олар идеологияны сақтай отырып, бүкіл елге жеке меншік енгізді, сөйтіп қысқа мерзімде өз экономикасын көтере білді. Назарбаев Қазақстанның ұлттық мүддесін партия съездерінде, КСРО Жоғарғы Кеңесі сессияларында, Горбачевпен жеке кездескенде көтеріп жүрді. КОКП XXVIII съезінде сөйлеген сөзінде ол елді жаңартудың инициаторы – партия неге халық сынына ұшырап отыр деген сұраққа жауап бере келіп, бұл құбылыстың негізгі себептерін айтты. «Қоғамның басқарушы күші» қайта құрудың нақтылы жоспарын, сол қайта құрудың ықтимал салдарын ойластырған жоқ, деді.

Мен ол кезде Мәскеуде болған едім, журналистер Н.Назарбаевтың бұл батыл сөзін ерекше жоғары бағалады. Назарбаевтың күрделі жағдайда шешім қабылдауға деген қабілетіне басқа да мысалдар жетерлік.

Мына жағдай қазір жалпы жұртқа жақсы белгілі, Горбачевті президенттік тақтан аластаған Беловежье келісімінен кейін М.Горбачев өзінің досы санаған үлкен Д. Буш, оған тіпті телефон да соққан жоқ. Оның орнына ол Б. Ельцинмен әңгіме өткізіп, мемлекетте мәңгілік дос жоқ, тек саяси және ұлттық мүдде ғана бар дегенді тағы да бір еске салды. Міне, осы мүдде Н. Назарбаев өмірі мен қызметінде жеке бастың қамы, даңқы және популизмнен үстем тұрды. Назарбаев 50 жасқа толғанда оны облыстық партия комитеттері хатшыларының ұсынысымен Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызымен марапаттамақшы болады. Ол туралы білген мерейтой иесі бұған үзілді-кесілді қарсы болып, өз орнына Андрей Браунды наградтауды ұсынады.

Тағдыр Н.Назарбаев алдына үнемі таңдау жасауды қойып келді: не тез шешім қабылдау керек немесе ойлану, салмақтау, нақтылау қажет. Соның бәрінен ол дұрыс жол табатын еді. Онымен бірге болғандар оның іскерлігін,

парасатты ақыл-ойын, іске деген принципті көзқарасын айтудан жалықпайды. 1990 жылы Нұрсұлтан Назарбаев КСРО вице-президенті болуы мүмкін еді, бірақ Горбачев мұндай принципті орынбасары болуынан қорықты. Нұрсұлтан Назарбаев Одақ ыдырап, бұрынғы одақтас республикалар егемендік шеруін тойлап жатқанда да жұртпен бірге дақпыртқа ерген жоқ. Қазақстан өз тәуелсіздігін ең соңында жариялады, ал шынтуайтқа келгенде республика жастары егемендікке деген құқығы туралы 1986 жылдың желтоқсанында-ақ жария еткен еді. Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қару арсеналын жойғанда да, рубльдік аймақтан шыққанда да және де басқа көптеген маңызды мәселелерді шешкенде де асығыстықтан бойын аулақ салды. 90-жылдары қоғамдық-экономикалық формация, миллиондаған адамдардың өмір салты өзгергенде де ол өзін салмақты ұстады, халық алдында ол өзіне сенімді саясаткер болды. Сол үшін де ол жыл адамы атанды. «Файнаншиал Таймс» газеті сол кездері Назарбаев туралы былай деп жазды: «...ол бүкіл жан-тәнімен саяси және экономикалық одақты сақтауды жақтайтын бірден бір республикалық саяси қайраткер, ол нарықтық реформаны жақтаған және оны өмірге белсенділікпен енгізген алғашқы лидерлердің бірі».

КСРО-ның ыдырауынан кейін және тәуелсіздіктің алғашқы жылы біздерге, бұрынғы ұлы держава азаматтарына, психологиялық жағынан да және экономикалық жағынан да жеңіл болған жоқ, сол тұста Нұрсұлтан Назарбаев жұбаныш пен үміт сөзін таба білді, ол былай деді: «Біз Кеңес үкіметі жылдары қазіргі қолда бар экономиканың, әлеуметтік инфрақұрылымның жасалғанын ұмытатын мәңгүрт емеспіз...»

Бүгін біз, қазақстандықтардың орыс тілді бөлігі, Президент Назарбаев пен барлық қазақтарға Қазақстанның мемлекеттік тілді мәжбүрлеп оқыту жолымен кетпегені үшін шын жүректен алғыс айтуға тиіспіз. Сонымен бірге қазақ тілін біздің балаларымыз бен немерелеріміздің білуі үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Сол арқылы біз Президент – Ұлт Көшбасшысына халықты одан әрі топтастыруға жәрдемдесеміз. Республика бастан кешірген күрделі тарихи кезеңдер және оларға Нұрсұлтан Назарбаевтың көзқарасы барлық қазақстандықтардың Қазақстанда жаңа лидер өсіп жетілді деген сенімін тудырды. Қостанай облыстық партия комитетінде қызмет істей жүріп соған дәлел талай мысалдарды кездестіргенім бар. 1989 жылы мамыр айында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды, ал 1990 жылдың 24 сәуірінде ол Қазақстан тарихында бірінші Президент болып сайланды. Сонымен бірге ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы портфелін де сақтап қалды. Содан бері, міне, 20 жыл бойы ол біздің Президент, Ұлт Көшбасшысы және халықаралық деңгейдегі дана саясаткер, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы, ал партия беделі тікелей Назарбаев есімімен байланысты. Өткен кезең ішінде біздің бәріміз сияқты ол да ерекше өзгерді, барынша сарабдал және адамдар мен олардың ісін қатаң бағалайтын болды. Бірақ бір мәселеде ол бұрынғы қалпында қалды, ол – өз халқына Ежелгі дала тарихына лайықты болу үшін көмек, қолдау көрсету.

Оның барлық өмірі қазақстандықтарға белгілі және ол бізге әлемдегі күрделі процестерді, ондағы адамның орны мен рөлін тереңірек ұғынуға көмектеседі.

Назарбаев кезінде республика егемендік, халықаралық бедел алды, индустриялық-инновациялық даму жолына түсті. Қазақстан Тәуелсіздік жылдары 120 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде инвестиция тарта білді. Бұл елге өз тәуелсіздігін нығайтуға және Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті ортаға кіруі үшін алғышарт жасады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ірі саясаткер ретіндегі шын мәніндегі лидерлік, адами қасиеттері мен оның көрегендігі, менің ойымша, халықтар арасындағы келісімді нығайтуда ерекше көрінді. Және Нұрсұлтан Әбішұлы мұны өзіміздің қазақстандық үйде де, сондай-ақ әлемдік масштабта да ойдағыдай жүзеге асыруда. Назарбаев – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың және оны жүзеге асырудың авторы, әлемдік дін лидерлері съездерін, ТМД елдері мәдени және рухани дамыту форумын өткізудің инициаторы және ЕҚЫҰ дамытудың осы заманғы басты қозғаушысы. Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем халқына Сенім, Дәстүр, Ашықтық, Төзімділік принциптерін сақтау жөніндегі үндеуі менің Қазақстанымның басшысының мемлекетаралық қатынастар мәдениетін жоғарылатуға жаңа импульс әкелуге ұмтылушылығын тағы бір дәлелдейді. Әлемге халық мүддесі мен арман-тілегін жоғары қоятын перзент берген халық та даңқ биігіне көтерілмек. Сөз жоқ, Нұрсұлтан Назарбаев Нобель бейбітшілік сыйлығына лайық, ал қазақтар болса түркі халқы мен посткеңестік кеңістікке жаңалық атаулының бастаушысы ретіндегі өз рөлін баяғыда-ақ дәлелдеді.

Бүгіндері кейбіреулер Президенттің жаңылыс басуы мен қателіктерін еске ала бастады. Ал басқа мемлекет басшыларында қателік жоқ па? Мұндайды Президент сенімін ақтамағандар, мемлекеттік қызметтен аластатылғандар айтады. Бұлар дұрыс баға бере алмайтын, аяғының астынан басқаны көре алмайтын адамдар. Президент ондайлардың мемлекетте бар екенін де жақсы біледі...

Ең бастысы – халық, Президенттің ізбасарлары мен тілеулестерінің үлкен командасы онымен бірге. Нұрсұлтан Назарбаев солар үшін өмір сүріп, жұмыс жасайды. Оның осы ұмтылысы миллиондаған қазақстандықтар мүддесіне сай келіп, жарасым табады. Оның ішінде мен де бармын.

...Өткен жылы Мәскеуде, менің «Казахстан: от суверенитета к мировой конкурентоспособности» атты кітабымның тұсаукесерінде мәскеулік қазақтар мені Қазақстанның этностық емес патриоты деп атады. Мен оны мақтан етемін, өз Отаным деп мен Украинаны санасам, өзімнің туған елім деп Қазақстанды санаймын. Бұл менің елім, бұл менің тағдырым және бұл менің Президентім.

Шетелдік саясаткерлер не дейді?

Мың мәрте дұрыс қадам

Юрий СОЛОЗОВОВ, Ресей ұлттық стратегиялар институты халықаралық бағдарламаларының директоры:

2007 жылғы реформа Президент Назарбаевтың бірнеше мәрте қайта сайлануына рұқсат берді. Егер ол кезекті президенттік сайлауға баруға

шешім қабылдаса, оның тамаша жеңіске жететініне мен сенімдімін. Сонда батыстық «бөрілер» де тоқ, наразылықтар да алынып тасталады – сайлау өткізу институтын ешкім жойған жоқ.

Әлемнің саяси турболенттілікке кіруінің өзі Назарбаевтың табысқа жететініне кепіл болады. «Қырғызстандағы сияқты сынақтарға ұшырататындай, біздің мемлекеттілігіміз бізге өте қымбат», дейді Қазақстанда. «Сынған шыны аяқты қайта желімдеуге болмайтынын Қырғызстан көрсетіп отыр».

«Независимая газета».

Дмитрий СУЩЕВИЧ, ТМД атқару комитетінің кеңесшісі:

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың референдумның орнына мерзімінен бұрын сайлау өткізуді ұсынуы мың рет дұрыс: Конституция, тіпті ізгі ниеттермен болса да, жеңіл-желпі қайта көшіре салатын құжат емес! Ал Қазақстан халқының дұрыс таңдау жасайтынына еш күмән жоқ! Қазақстанның туыстас халқына шын жүректен бақыт пен өркенді даму жолын тілеймін.

(Ca-News).

Манфред ГРУНДА, Бундестаг депутаты:

Қазақстан Президенті мен Конституциялық Кеңес шешімі кеңінен қолдау табуда. Ол демократиялық принциптерден, ең алдымен, саяси жауапты басшыларды бірқалыпты дауыс беру нәтижелері бойынша сайлау қажеттілігінен бас тартуға жол бермейді.

31 қаңтарда Конституциялық Кеңес Президент өкілеттігін ұзарту жөнінен жоспарланған референдум ел Конституциясына сәйкес келмейді деп хабарлады. Одан кейін Президент Назарбаев референдум орнына мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізуді ұсынды.

Президенттің шешімін Конституцияның демократиялық принциптеріне адалдық ретінде бағалаған жөн. Қазақстан модернизация жолымен дамыды, табыстар, әсіресе бұрынғы Кеңес одағының өзге елдерімен салыстырғанда, көзге көрініп тұр. Мемлекет басшысы елде тұрақтылықты, экономикалық және әлеуметтік прогресті қамтамасыз етті.

Саяси реформалармен байланыстыра отырып, осы прогресті болашақта да қамтамасыз ету қажет. Президент Назарбаевтың шешімі осы бағыттағы жолды жалғастыра алады.

(Германиядағы билеуші ХДС/ХСС одағы фракциясы Атқарушы хатшысының баспасөз үшін мәлімдемесі).



БІЗДІҢ ЕЛ ОСЫНДАЙ! БІЗДІҢ ЕР ОСЫНДАЙ!

Сауытбек Абдрахманов,
«Егемен Қазақстан» республикалық
газеті» ашық акционерлік қоғамының
президенті

Егемен Қазақстан, 4 сәуір 2011ж.

Бүгін, 4 сәуірде таңертең Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының алдын ала қорытындыларын жария етті. Иә, бүгін. Ел басшысын сайлаудың ересен мәнділігін ескеріп, біз ел газетінің арнаулы шығарылымын дайындауды ұйғардық. «Егемен Қазақстанның» бұл саны дүйсенбіде жарық көріп отыр. 90 жылдан асқан тарихында газетіміз ешқашан дүйсенбіде шықпаған екен.

Орталық сайлау комиссиясында жаңа ғана, таңғы сағат 10-нан 7 минут өткенде аяқталған брифингте кешегі сайлауда Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын қолдап сайлаушылардың 95,5 пайызы дауыс бергені хабарланды.

Солай. 95,5 пайыз қолдаған. Бұл көрсеткіштің мән-маңызын толық пайымдауға біраз уақыт керек. Осы сайлауда жастардың ерекше қайрат көрсеткенін, бұрынғы сайлаулар тұсындағы самарқаулықтан арылып, қоғамдық белсенділіктің ғажап үлгісін танытқанын ғана бөле айта тұрайық. Егемен елдің ертеңі өз қолдарында екенін, Елбасы басшылығымен жасалып жатқан жұмыстың бәрінің игілігін өздері көретінін сезінді жастарымыз. Біз кеше, 2011 жылдың 3 сәуірінде қазақ жерінде, қазақ елінде шын мәнінде орасан оқиға өткенін қазірдің өзінде айта аламыз. Неліктен олай айтамыз? Сайлау қай елде өтпей жатыр? Талай елде президенттер сайланып, талайы қайта сайланып жатқан жоқ па? Иә, өтіп жатыр. Иә, сайланып жатыр. Иә, талайы қайта сайланып жатыр. Онда неге орасан оқиға дейміз?

Кезінде бір мақалада былай деп жазғанымыз бар еді:

«Нұрсұлтан Назарбаев әлем тарихында бұған дейін бірде-бір адам қабылдай алмаған шешімді тіпті тәуелсіздік қолға тимей тұрған шақтың өзінде қабылдап, адамзатты айран-асыр қалдырған болатын.

Бүкіл әлем тарихы – соғыс тарихы, қарулану шежіресі. Мыңдаған жылдар бойы адамдар адамдарды қырып-жоюдың жаңа жолдарын ойлап табу үшін жанталасты, мемлекеттер жойқын қару-жарақты көбейткен үстіне көбейтуге ұмтылды. Мыңдаған жылдар бойы халиф, хан, патша, король, император, генсек атаулының бәрі өз елінің бес қаруы бойында болуын, жат жұрттықтарды жаппай қырып-жоюға дайын тұруын көздеді. Тек бір ел ғана жаңа қаруға ұмтылу былай тұрсын, қолына келіп түсіп тұрған аса алапат

қарудан өз еркімен бас тартты. Тек бір ер ғана айрықша айбын болатын қатерлі қарудың өңешіне өз қолымен күм құйды.

Ол елдің аты – Қазақстан. Ол ердің аты – Нұрсұлтан».

Сол сөзді енді міне еліміздегі Президент сайлауына орайластырып та айта аламыз. Айта алатынымыз – алағай-бұлағай мынандай заманда әлемнің бірде-бір елінде сайлауға сайлаушылардың тоқсан пайызға жуығы (айтқандай, ол көрсеткіштің әлі сәл өсуі де мүмкін: шалғай аудандардағы, шетелдік елшіліктердегі сайлау мәліметтері қазірше толық алынбаған) қатыса қоймайды. Айта алатынымыз – басшы атаулының бәрінің дерлік бәсі түсіп тұрған мынандай заманда әлемнің бірде-бір елінде дауыс берушілердің тоқсан пайыздан астамы тек бір адамды қолдай қоймайды.

Мұндай феномен тек Қазақстанда болып отыр. Мұндай феноменді тек Назарбаев қана жасай алып отыр.

Не нәрсе де адамның пейіліне қарай беріледі дейміз ғой. Не болсын халыққа да пейіліне қарай беріледі. Өткен жылдың соңындағы Астана Саммиті күндерінде біз ежелгі қазақ жері Алланың Назары түскен, Құдайдың Нұры төгілген мекен екеніне тағы бір көз жеткізгендейміз. Әншейінде қарашаның басынан-ақ қыс қаһары қатайып алатын елордамызда желтоқсан жеткенше, Саммит басталғанға дейін жаймашуақ ауа райы орнап тұрғаны да, дәл шетелдік делегациялар басшыларының ұшақтары қонатын күні аспанның айдай ашық болғаны, Саммит өткен күннің ертеңінде-ақ Арқаның ақ бораны түтеп кеткені де осылай ойлауға мүмкіндік береді.

Саммит аяқталған күні Қазақ елі сапалық жаңа белеске ауысты – біздің мемлекетіміз, тәуелсіздік алғанына 20 жыл да тола қоймаған жас мемлекетіміз енді әлемдік саясаттың бұрынғыдай сырттай бақылаушысы болмайтыны былай тұрсын, тіпті белсенді қатысушысы ғана болмайтыны былай тұрсын, сол саясатты қалыптастырушы мемлекеттердің қатарына қосылды. Осы арқылы Қазақстан дүние дидарын айқындайтын мемлекеттердің қатарына қосылды. Осы арқылы Назарбаев жаһандық саясатқа әсер-ықпал жасай алатын әлемдік тұлғалар қатарына қосылды.

Баға деген салыстырмалы нәрсе. Бағаның бағасы ол бағаны кімнің беруіне байланысты. Біреудің керемет дегенінен біреудің жаман емес дегені артық шығуы да мүмкін. Өз басымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа әлемнің ірі тұлғаларының аса жоғары баға бергенін талай рет естігенбіз. Солардың бірі – Грузияның экс-президенті Эдуард Шеварднадзе. Өткен жылдың мамырында Тбилисиде сұхбат алғанымызда Эдуард Амвросевич: «Казахстан – великое государство. И руководит им великий человек», деген болатын. Осыдан сегіз жыл бұрын Шыңғыс Айтматов бізге берген сұхбатында «Назарбаев – халықтың бағы» деген сөз айтты.

Бұл сөздің ақиқаттығына халқымыз әу бастан-ақ сенген. Қазақстан Еуропаға төбеміздік жасап, ЕҚЫҰ сынды беделді ұйымға тамаша төрағалық етіп, осы Ұйымның 11 жылдан бері шақырылмай келе жатқан Саммитін Астанада жоғары деңгейде өткізгеннен кейін бұл сөздің ақиқаттығына енді бүкіл әлем сенді. Кешегі сайлау, ондағы Елбасымыздың жарқын жеңісі бұл биік беделді одан сайын бекіте түсетін болады.

Иә, Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтың бағына туған перзент екендігі ендігі жерде ешқандай талас тудырмайды.

Нұрсұлтан Назарбаев, шын мәнінде, мүмкін емес дерліктей істерді жүзеге асыра алған, тарихта талай есесі кеткен туған елінің, арғы ғасырлардағы бодандықты қозғап, боздамағанның өзінде, осыдан небәрі ширек ғасыр ғана уақыт бұрын басқаруға Мәскеу көлденең көк аттыны жібере салатын елінің етектегі басын төрге шығарып берген адам. Қайталап айтсақ, Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихынан ойып тұрып орын алатын тұлғалар тобынан табылатыны қазірдің өзінде айдай әлемге айқын – жиырма жылға да жетпейтін уақыт ішінде қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, қоғамды бір формациядан екінші формацияға ауыстыру, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтардан есеңгірей жаздаған халықты тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып өту, елдің еңсесін көтеру, аяғынан тік тұрғызу, бір емес екі бірдей әлемдік қаржы дағдарысы тұсында мемлекетті қиындыққа ұрындырмай, қайта бұрынғыдан да ширатып, шынықтырып шығару, алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, сан түрлі себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойында дүние-жүзілік өркениеттен шеттетіліп қалған елді жер-жаһанға таныту, тіпті ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет азиялық мемлекет, тұңғыш рет ТМД мемлекеті, тұңғыш рет халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын мемлекет, тұңғыш рет түркі тілдес ұлт ұйыстырып отырған мемлекет Еуропаға төбе би болатындай биікке көтеру, 56 елдің басын біріктіретін ұйымға тамаша төрағалық жасау, онымен де шектеліп қалмай, сол ұйымның 11 жылдан бері шақырылмай жүрген Саммитін ұйымдастыру, аса күрделі форумды осындайлық абыроймен өткізу, Астана Декларациясының қабылдануына қол жеткізу, өз елін дүниені дендеп тұрған дағдарыстар дауылында, мазасыздық мұхитында нағыз тұрақтылық аралына айналдыру, мемлекеттің ішкі жалпы өнімінің көлемін 12 есеге дерлік асыру, жиырма жыл бойы халқына оқтың даусын бір естіртпей, таңын тыныш атырып, кешін тыныш батыру тек ұлттың ұлы перзентінің ғана қолынан келеді. Мұны ашық айту – біздің ақиқат алдындағы парызымыз.

Назарбаевтың есімі қазірдің өзінде әлем тарихынан ойып тұрып орын алды. Қазақстан төрағалығы арқылы Еуропа мен Азияның арасындағы, Батыс пен Шығыстың арасындағы, христиандық пен мұсылмандықтың арасындағы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан алып дуалды, қалың қабырғаны құлату үдерісі басталды. Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік саясаткер ретіндегі тындырар ең ірі ісі де, әлемдік тарихта қалдырар ең ірі ізі де осы болуы мүмкін. Оңайлықпен біте қоймайтын, тіпті ондаған жылдардың ішінде де аяқтала қалмайтын бұл үдерістің де әуелде қазақ даласында басталғанын, оны қазақ баласы бастағанын алғыскер адамзат разылықпен еске аларына, біздің ұрпақтарымыз мақтанышпен айтарына сенгіміз келеді.

Еліміздегі реформалардың жүйелі де жемісті жалғасуы үшін, бүкіл әлемде құрметке бөленген ішкі және сыртқы саясатымыздың сабақтастығы үшін, қоғамдық тұрақтылығымызды берік бекемдей түсу үшін, мемлекетіміздің әлемдегі беделінің бұдан да биіктеуін қамтамасыз ету үшін,

халқымыздың бірлігін нығайта түсу үшін бізге биліктің баяндылығы ауадай керек еді. Бұл ең алдымен біздің өзіміз үшін керек еді. Бұл біздің келешегіміздің кепілді, болашағымыздың баянды болуы үшін керек еді. Дәл солай болды да. Халқымыз осы жылдар ішінде ұлы көшті сенімді бастап келе жатқан ұлына тағы сенім көрсетеріне титтей де күмән келтірмегенбіз. Соның өзінде де 3 сәуірдегі ел халқы танытқан азаматтық белсенділік, Елбасын дәл мұндайлық қолдау таң қалдырып, тәнті еткізеді. Бұл жайында кеше түн ішінде «Нұр Отан» партиясының орталық аппаратында сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ел басқарған адамға бұдан артық қандай марапат керек?!» деп разылықпен айтты.

Кешегі өткен сайлауда Елбасының елдің тағы бір сынына түскені рас. Сонымен бірге кешегі сайлауда біздің елдігіміз, ауызбірлігіміз, әлем таныған, мойындаған, құрметтеген басшымызды қадірлеуіміз, ең бастысы – басымыздағы бақтың бағасын білуіміз сынға түскені де рас. Ел халқы елдіктің бұл сынынан да абыроймен өтті. Қадым заманнан қағанын қадірлеп, ханын қасиет тұтқан, басшысына тақ тұратын елдің басына бақ тұратынын білетін халқымыз тағы да биіктен көрінді. Елбасы жеңісі – елдіктің жемісі. Кешегі сайлау нәтижелері тіл-көзден сақтасын дегізетіндей. Мынандай сайлаудан кейін қазақтың ауызбірлігі бекем емес, біз әлі ұлт болып ұйи қойған жоқпыз деген сыңайдағы сөздің бәрі артық екендігін айтудың өзі артық. Елдің бұдан артық біртұтастығын көзге елестету мүмкін емес.

Алаш баласының атқа мінген азаматты ардақтайтын асыл дәстүрлеріне адалдығын айғақтаған ағайыннан қалай ғана айналып кетпессің! Асылды айнытпай танитын халқымыздың даналығына қалай ғана бас имессің! «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын» деп, міне жиырма жыл бойы аттан түспей, ауыздықпен алысып, жасампаздық жорығында жүрген Елбасымыздың ел үшін еткен еңбегін, ерен ерлігін қалай ғана құрмет тұтпассың!

Біздің Ел осындай! Біздің Ер осындай!

Жеңісіңіз құтты болсын, Нұрсұлтан Әбішұлы!

Жеңісіміз құтты болсын, ардақты ағайын!



САЯСИ МЕКТЕП САЛТАНАТЫ

Ғарифолла Есім,
сенатор, академик

Егемен Қазақстан, 6 сәуір 2011ж.

Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – саяси мектеп қалыптастырған тұлға. Саясат дегенім – өнер, ол қоғамды, мемлекетті басқару өнері. Адамның қасиеттері тумысынан бастау алады десек, бұл өнер де Елбасының тума қасиеті. Саясат қат-қабат феномен. Ол – сана, теория және тәжірибе болып жіктеледі. Және де қоса айтарым, Тұлғасыз саясат жоқ. Тұлға болмысы сөзбен ғана емес, іспен анықталмақ. Сөзі мен ісі бір жерден шыққан саяси тұлға ел құрметіне бөленіп, идеялас жақтастарын күн санап арттырып, нағыз көшбасшыға айналып, өзіне де, еліне де өріс ашпақ. Осы өрісті біз саяси мектеп деп атаймыз. Саясат қоғамның тынысы. Қоғамның да адам сияқты тынысы тарылатын кез болады. Ондай жағдайда қоғамда ізгі ниет, мақсаттағы биік идеялармен қатар тобырлық сана, психология да бірге бой көтермек.

Жаңа саясат бастап, оны аяғына жеткізе алмай дағдарысқа түскен Михаил Горбачев үлгі емес. Ол тез арада тарихи Тұлғаға айналып сала берді. Көп ұзамай «Қайта құру» саясатының естелігі ғана қалды. Демек, оның ісі өткен күн. Михаил Горбачевтің ендігі саясатында жасампаздық жоқ екені баршаға аян болып үлгерді, жұрт енді онымен өз болашағын өлшемейтін болды. Михаил Горбачевтің саяси қуаты тез сарқылды. Олай болмасқа басқа амал да жоқ болатын, ол коммунист әрі социалист еді. Ол социализм шеңберінен шығып ой-сана құра алмады. Оған еш мүмкіндігі де болмады. Ол тұйық Тұлға болып қала берді. Михаил Горбачев өткенге бұрылып қарағанға ғана қажетті Тұлғаға айналды. Ол қоғам болмысынан коммунистік партиямен кеңестік социализмді де өзімен бірге ала кетті. Михаил Горбачев социалистік, кеңестік дәуірдің соңғы президенті ғана емес, ол сол дәуірдің соңғы аялдамасы.

Одан кейінгі тарихи тұлға Борис Ельцин. Ол ескі кеңестік-социалистік дәуір мен жаңа Ресейдің арасындағы көпір бола білді. Ол Ресейдің тұңғыш президенті болғанымен, бұл елдің жаңа замандағы Петр I-і бола алды ма? Пікірлер сан алуан. Мүмкін, бағалау үшін әлі де уақыт керек шығар. Борис Ельцин бейнесі әлі көз алдымызда. Мұндай жағдайда ақиқатқа жету қиын. Мүмкін, уақыт өте сұрыпталып, тарихқа қажеттісі ғана қалмақ, сол кезде Тұлға болмысы да айқындалмақ.

Борис Ельцин Тұлғасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа үлгі бола алды ма? Ол үшін мына сұраққа жауап іздейік. Борис Ельцин Ресейде саяси мектеп қалыптастыра алды ма? Немесе саяси мәдениеттің деңгейін көтере алды ма?

Бүгінде саясатта Ельцин дәстүрі бар ма? Бар болса, қалай көрінуде? Жоқ болса, неге жоқ? Осы сауалдарға жауап беру мақсатындағы ізденістен оның Тұлғасының Нұрсұлтан Назарбаевқа әсерін анықтауға болар.

Мен Борис Ельциннің «Президенттік марафон» деген мемуарын оқып шығып, бұл сауалға жауапты таппадым. Аңғарғаным, Нұрсұлтан Назарбаев ешқашан Борис Ельциннің айтқанымен жүрген жоқ, ол онымен жақсы әріптестік қарым-қатынаста болды. Ресейдің тұңғыш президентінің мінезі, қылығы, қарекеттері, сөздері өзгеше өлшемдерді қажет ететін жағдайлар.

Сөздің реті келіп тұрған соң айта кетейін. Қазіргі заман тарихында Михаил Горбачев пен Борис Ельциннің тарихи орындары ерекше Тұлғалар. Бұлар бірін-бірі толықтырған адамдар. Михаил Горбачев «Қайта құру» саясатымен қатып жатқан коммунистік тоңды жібітуге саяси мүмкіндіктер ашса, СССР-ді тарих бетінен өшіруге Борис Ельцин бел шеше кірісіп, ақыры ол міндетті орындап шықты.

Екеуі дұрдараз болғанымен, тарихи істі бірі бастап, екіншісі аяқтап шықты. Борис Ельцин билікті толық меңгере алмады, билік оны жеңді, бірақ ол жеңілісін ашық мойындады, ол да ерлік еді.

Міне, көріп отырсыз, үлгі іздеп үнемі сол жаққа қарайтын едік, ол жақта үлгі немесе үлгі тұтар саяси Тұлға болмады. Әрине, Елбасының үлгі алар екі нәрсесі болды. Олар, біріншіден, туған халқының қилы-қилы тарихы, азаттық жолындағы ерлікке толы мол тәжірибесі, ата-бабаларының даналық ой-пікірлері, аталық қағидалары, ата-баба алдындағы азаматтық борышы. Бұл сезім, сана Елбасын талай қиыншылықтардан алып шыққанын өзі жазған кітаптарынан оқып жинақтап айтып отырмын.

Екіншіден, үлгі тұтқан тарихи тұлға хан Абылай, тағы басқа ел көсемдері. Абылай хан үш жүздің басын біріктіріп, Ресей мен Қытай арасындағы саясаттың өрісінде болса, Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та Ресей мен Қытай елдері арасындағы шекараларды тұңғыш рет халықаралық құқықтық негізге түсіріп, әлемді аузына қаратқан саяси Тұлғаға айналды. Ол жөнінде сарапшылар айтуда. Ал 1991 жылы бәрін жаңадан бастау қажет болды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, таяуда ғана әлемдік деңгейдегі қызмет лауазымына жоғарылаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың мынандай жүрекжарды сөзін келтірген орынды.

«Қазіргі Қазақстанның Тұңғыш Президенті болуды және оның негізін қалауды Нұрсұлтан Назарбаевқа тағдырдың өзі бұйырды. Мемлекет құраушы халық – қазақтар – тұрғындардың қырық пайызынан сәл ғана асатын уақытта ол республиканың тәуелсіздігін жариялады. Дербестік алған мемлекеттің экономикасы болса, дағдарыстың терең иіріміне батқан еді. Аумағы аса үлкен болғанымен, сырттың солақай, әрі бүлдіруші ықпалына ұшырауы ықтимал жас елдің келешегі күңгірт көрінген.

Қазақстанның болашағы жайында теріс сәуегейлерге қанша жерден өкпе-ренішінді білдіргенмен, олардың айтқанын ақиқаттан алыс дей қою да

қиын. Өйткені, олар өз болжамдарын жоқ жерден жасамады: елдің ішкі және сыртқы жағдайына мұқият талдау жасап барып осындай тұжырымға келген.

Американың белгілі саясаттанушысы З.Бжежинский Орталық Азиядағы көшбасшы рөлін Өзбекстанға бұйыртқаны белгілі. Оның пікірінше, Қазақстанның шекарасының ашықтығы, Қытай мен Ресей алдындағы «дәрменсіздігі», күрделі демографиялық ахуалы жас мемлекеттің әлсіреуіне әкелмек. М.Горбачев та Қазақстанды қабілетсіз мемлекет санап, болашағына сенбеді, ал оның бұл көзқарасын көптеген саясаттанушылар қолдағаны рас. (Қасым-Жомарт Тоқаев. Нұр мен көлеңке. А., 2008. – 576 б, 199-200-бб.)

Анығында, жаңа саясат неден басталып еді?

Екі нәрседен: **Арылудан және Жасампаздықтан.**

* * *

Арылу деген қиын болды.

Біріншіден, халық шаруашылығын ескі тәсілдермен басқаруды тоқтатып, жаңа экономикалық басқару әдістерін қолдану қажет болды, ол үшін жаңа тұрпаттағы кадрлар керек еді. Олар өте тапшы. Кеңес кезінде қалыптасқан халық шаруашылығының ескі құрылымдары қиай бастағанда, оларды қорғаушылар қарсылықтар көрсетті, кедергілер жасады. Нарыққа өту қажеттілігін түсінбегендер де жеткілікті болды.

Екіншіден, жетпіс жыл бойы санаға сіндірілген социалистік, коммунистік ілімнің, идеологияның түсініктері мен ұғымдары көпшіліктің әдетіне, дағдысына, психологиясына айналып үлгерген болатын. Олар жаңа заман тынысына кедергі еді. Бұларды жеңу үшін қаншама саяси істер атқарылды десеңізші.

Үшіншіден, қоғам өмірінде, әр адамның түсінік, ұғымында құндылықтар алмасу үрдісі қарқынды түрде жүре бастады.

Арылу – социализмде қалыптасқан құлдық санадан құтылу.

Бұл мәселелер мемлекеттік, қоғамдық және ұжымдық деңгейлерде қызу талқыға түсті. Басылым беттерінде сан алуан пікірлер орын алды. Тұрмыс қиын болғанымен, заман қызуы әркімді қызықтыра түсті. Ой, пікір, сөз айтпаған кісі қалмады десе де болғандай.

* * *

Жасампаздық деген не еді? Ол – жаңа жол табу. Халықты адастырмау. Қасіретке ұшыратпау. Үміт отын өшірмеу. Адамдардың арман, қиялдарына қуат беру.

Сөйтіп, бүгін айтып жүрген «қазақстандық жолдың» алғашқы соқпағына түстік. **Алысты жақындататын нық басқан бір қадам. Сол нық қадамды Нұрсұлтан Назарбаев өз халқымен бірге басты. Нық қадамның мәнісі, Елбасының сөзі мен ісі бір-бірінен алшақтамауы керек еді. Бұл Жаңа саясаттың іргетасы ғана емес, халық сеніміне енудің бірден-бір жолы болатын.**

Жасампаздық деген ақ ниеттен, ақ жүректен туады екен. Бағымызға Нұрсұлтан Назарбаев Елбасы ретінде халқымызға ниеті ақ, жүрегі таза екендігін әу бастан ірі істермен білдірсе, халық та оны ақ ниет, таза жүрегімен

қабылдады. Осы үрдіс халық сеніміне, мемлекет тұрақтылығына, ел ырысына айналып, **жасампаздық идеялары өсіп-өнді.**

* * *

Жаңа мемлекет, Жаңа қоғам, Жаңа ел қалыптастыру үшін, сөзсіз, жасампаздық идея ғана емес, идеялар легі қажет болды. Сондай идеялар легін Президент Нұрсұлтан Назарбаев елге ұсына білді, олардың басты-бастыларын атап өтейін.

Бірінші идея. Халық арасында **тың экономикалық сана, психология орнықтыру қажеттілігі.** Бұл меншікке және еңбек еркіндігіне қатысты мәселе. Нарық меншіктің мазмұнын өзгертті. Бұрын коммунистер жерден алып, жерге соғып келген жеке меншік кеңінен заңды түрде өріс ала бастады. Бұл қоғам, адам психологиясын сапалы, түбегейлі өзгеріске әкелді. Бұған даярлық бар ма еді? Әрине, жоқ! Міне, қиындық басы. Социализм кезінде мемлекет халықты асыраушы міндетін атқарып, соған сай экономикалық дағды, әдет, психология қалыптасқан. Жаңа заманда мемлекет қызметі өзгерді, ол халықты тікелей асыраушы емес, оған еңбек етіп күн көруіне жағдай жасаушы институттар жүйесіне айналды. Мемлекет өз мойнына алатындар: жетімдер, мүгедектер, қарттар, зейнеткерлер. Қалғандары еңбек еркіндігін пайдаланып, өз тұрмыстарын өздері анықтауы керек еді. Халықтың біршама парасы осыған даяр болмады, сондықтан оны еңбек еркіндігіне (нарық жағдайына) бейімдеу қажеттілігі бірінші орынға шықты. Шын мәнінде, мемлекет медиатор қызметін атқара бастады. Елбасының әуелі экономика дегендегі саясатының идеялық мәнісі осы болатын. Бұл идея нәтиже берді. Халық нарық жағдайына бейімделе бастады. Алайда, еңбекке деген социалистік дағды да өз көріністерін беріп, іске бөгет бола берді. Ескі психологиядан арылу қиын іске айналды. Соның нәтижесінде тұрмыста қиыншылықтар болды. Меніңше, басты кедергі сана мен психологияда. Жетпіс жылғы социалистік насихат қалайша ұрпақтар ауыспай, кете қоймақ. Сонымен қатар жекеменшіктік психологияны бірыңғай позитивтік түрде қабылдау да болмайтын іс. Жеке меншік құқықтық негізде жүруі қажеттілік, ал тәжірибеде оның көлеңкелі жақтары өсіп-өніп шыға келіп, келе-келе ол коррупцияға жол ашты. Мұның басты себептерінің бірі, жеке меншіктің құқықтық негіздерін жетілдіру ісіне қатысты болатын. Осы жағдайда Президенттің **алдымен экономика** деген идеясы ескіден арылудың ең тиімді Идеясы болды.

Екінші идея. Жаңа қала, Астана салу идеясы. Астана туралы «Егемен Қазақстан» газетінде менің екі мақалам жарық көрді: «Астана – жаңаша ойлау символы» (04.07.2008), «Астана – акме-қоғам символы» (30.06.2009).

Астана тек қала ғана емес, Қазақ елінің символына, брендіне, идеясына айналған қала. Астанамен бірге жаңа халық қалыптасып келеді. Ескі қала консерватизмін сақтаса, жаңа қала романтикалық көңіл-күйде. Қаладан жасампаздық рухы айқын сезілуде, ол өсіп, қалыптасып келе жатқан ұрпақтардың сана-сезіміне еніп, тың дүниетанымдық өрістер іздеуде. Жақсылыққа, жасампаздыққа құмарлық Астананың, ондағы халықтың болмысын айқындай алатын рухани күш – идея.

Идея адамдарды алға жетелейді. Жүріп өткен жолым жетеді деу жоқ, алға деген ынта бар. Ол ізденіске бастамақ. Астана – жаңа қала. Елбасының ойы да сол еді. Жаңа идея жаңа қалада өріс алуы керек. Ол Астанада болмақ, сөйтіп, тегіс Қазақ еліне жайылмақ. Арман іске асып келеді. Астана әлем тілдерінде айтыла бастады, оны біле бастады. **Назарбаев – Астана – Қазақстан** қатар айтылуда. Бұл сөз бен іс бір жерден шықты.

Үшінші идея. Саясат пен мәдениет бірлігі. Ол – **Елбасының «Мәдени мұра» жобасы.** Өшкенді жаңғырту, жоғалғанды табу, іздеу, Қазақ елінің қажеттігіне жарату. Мәдени құндылықтарды әлемдік өркениеттік үрдістер өрісінде жетілдіру, әлемге тарату, насихаттау. «Мәдени мұра» – Ұлттық бағдарламаға айналды. Анығын айтқанда, бұл **Ренессанстық идея.** Құндылықтардың сұрыпталып жаңғыруы. Халықтың өткен тарихы мен болашағы арасындағы бүгінгі көпірі. Жаңа заманда жаңаша ойлау қажет десек, жас ұрпаққа, оның рухани сұранысына қандай құндылықтар ұсынуымыздың бірден-бір дұрыс әрі кемелді тәсілін Елбасы осы «Мәдени мұра» идеясы арқылы жүзеге асыруда. Бұл идея отандық ғылым мен білімнің тың сапалық деңгейге көтерілуіне таптырмайтын идея.

Төртінші идея. «Қазақстан – 2030» Стратегиясы, бұл нағыз көрегендік саясаттың идеясы еді. **Мұнда ұрпақтар алмасуы, құндылықтар алмасуы және құндылықтар тұрақтауы Идеясы** баяндалған. Тәуелсіздік жылының ар жақ, бер жағында дүниеге келген ұрпақ бүгінде жиырмалар шамасында, 2020 жылы олар отызда, 2030 жылы – қырықта, яғни акме-жаста болады. Билік те, тұрмыс та бәрі соларға өтпек. Бұл Болашақ туралы керемет Идея.

Бесінші идея. Саяси модернизация идеясы. Ол 2007 жылы Конституцияға өзгерістер енгізіліп, қоғам өмірінде партияларға өріс ашу айқындалды. Экономикада қол жеткен нәтижелер ендігі жерде саяси модернизациямен айналысуға мүмкіндік берді. Елдің тұрақтылығы саясатқа өріс ашты. Партиялар шектен тыс көптігімен емес, сапасымен айқындалды десек те болғандай.

Алтыншы идея. Елдің инновациялық-индустриялық даму бағытын анықтайтын **Технологиялық немесе Техногендік идея.** Мұның екі арнасы бар: бірі ақпараттық қоғам идеясы, екіншісі постиндустриялық қоғамға, яғни акме-қоғамға қадам басу идеясы.

Жетінші идея. Діни келісім идеясы. Бүгінгі күнге дейін дін, діндер ел мен елді, халық пен халықты бөлектейтін сана болып келген. Елбасы дін мен діндер, керісінше, ел мен елді, халық пен халықты жақындастыратын феномен болса деген биік идея ұсынып, Астанада әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының үш съезін өткізді, келесі съезге даярлық жүруде. Елбасы діндерге ұлттық қауіпсіздік мәселесінен жалпы адамзаттық деңгейге дейін өріс ашты. Дінаралық сұхбатты жаңа деңгейге көтерді. Дінаралық татулық ел саясатының тұрақты мәселесіне айналды. Діни сезімге құрмет, адамға деген құрмет философиясы қалыптасты.

Сегізінші идея. Парламенттік сана идеясы. Заң мен саясат бірлігі. Қос палаталы Парламентте заң мен саясат мәселелері үйлесімін тапқан. Ол қоғамдағы тұрақтылыққа қызмет етудің табылған тәсілі.

Тоғызыншы идея. Руға, ұлтқа бөлінбей ел болу идеясы. Мәңгілік ел идеясы Күлтегін жазуында бар. «Қазақ елі» монументі осы идеяның айғағы.

Оныншы идея. Ел бірлігі идеясы. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудан бастау алып, Қазақ елі концептінен келіп «Ел бірлігі доктринасымен» толықты. Мұнда этносаралық келісім мәселесі саясатта да, заңда да үйлесімін тапты. Парламент Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Заң қабылдады.

Осы айтылғандар Елбасының мезгіл-мезгілімен халыққа ұсынған идеялары. Біз бұл істердің куәгерлері ғана емес, шама-шарқымызша оларды насихаттаушылар әрі өмірге, тұрмысқа, санаға, дағдыға сіңдірушілерміз. Идея елге тегіс ұсынылады. Халық қоғам болып оны қабылдады, соның нәтижесінде бүгінде Қазақ елінің еңсесі биіктеп, Елбасы тек өз елінде ғана емес, әлемдік деңгейдегі көрнекті саяси Тұлғаға айналды. Ол тақыр жерге тау тұрғызғандай мемлекет құрып қана қойған жоқ, оны әлемге әйгілі етті. Мұндай саяси ерлікті жасаған әлемдік саясатта кімдер бар дегенде, менің назарыма заманы, халқы өзге болғанымен жаңа астана салып, еліне тың тыныс берген орыс патшасы Петр I, АҚШ-тың негізін қалаған Дж. Вашингтон түседі. Бергі заманнан ізгілік саясатын берік ұстанған Махатма Гандиге ұқсастық табамын, мысалы, қолындағы ядролық қаруды жою ізгілік философиясы емес пе? Саяси оппоненттеріне кешірімділік жағынан Оңтүстік Африканың бұрынғы Президенті Нельсон Мандела, артта қалған елдерді қауырт даму жолына түсірген малайзиялық Махатхир Мұхаммад пен сингапурлық Ли Куан сияқтылардың істерімен ұқсастық табамын. Сонымен бірге екінші жаһандық соғыстан ауыр экономикалық, рухани дағдарысқа түскен неміс халқын апаттан алып шығып, Германияның іргетасын мықтап қалаған Конрад Аденауэр түсіп отыр. Мысалы, ол канцлер болысымен былай деді: «Бүгінде Еуропада жаңа шекаралар орнатып, оларды өзгерту немесе жылжыту емес, одан өзге көзқарас қажет екендігін біз білеміз. Еуропада халықтар бірлігінің негізі бола алатын шаруашылық аймақтар пайда болуы үшін, біз шекараларды жоюымыз керек» (Конрад Аденауэр. Мамыр, 1949 жыл).

Қазіргі Нұрсұлтан Назарбаевтың Кеден Одағы (Ресей, Белоруссия, Қазақстан) шеңберіндегі интеграциясы кезінде айтылған Еуразия идеясының нақтылы көрінісі болып шықты. Біреулер Кеден Одағы экономикалық шара емес, таза саяси келісім дейді. Сірә, Кеден Одағы экономика да, саясат та.

Конрад Аденауэрдің екінші бір айтқан сөзі: «Экономикадағы капиталистік жүйе неміс халқының өмірлік саяси және әлеуметтік мақсаттарына сәйкес келмейді. Неміс экономикасының жаңа құрылымы капитализмнің шексіз үстемдік кезеңінің өтіп кеткендігін есепке алуы керек» (ХДО/ХЭО-ның «Дюссельдорф тезистері» бағдарламалық құжатында баяндалған Конрад Аденауэр мен пікірлестерінің әлеуметтік-нарықтық шаруашылық теорияларының негіздері, 1949 жыл).

Конрад Аденауэр саясаты Германияда «экономикалық керемет» деп аталып еді. Әлемдік қаржы дағдарысы кезінде Нұрсұлтан Назарбаев дағдарыстан жаңарып шығу идеясын Қазақ елінің бүгінгі күнінің стратегиялық бағыты етіп анықтады. Елбасы атап айтқан Қазақстанның 2020 жылғы

мүмкіндіктеріне сенемін, себебі қазіргі алған бағытымызда еш қателік жоқ, кемістіктер Үкіметтің, әкімдердің жұмысында, заң шығару жүйесінде, ал Елбасы ұстанған сара бағытта қателік жоқ.

* * *

Қай елдің саяси өмірі болмасын, оның оң және сол қанаты, ортасы болады. Бізде оңшыл дәйекті партия болмады десе де жарағандай. Оңшыл бағыттағы партия құруға, мүмкін ынта болған шығар, бірақ ол ынта саяси тәжірибеде жүзеге аспады. Солшыл бағытта партия, саяси күштер үнемі болып отырды, бірақ оларда мақсат тұтастығы, саяси іс бірлігі орын алған жоқ. Құрылған күнінен бастап ортаны ұстаған партия бұрынғы «Отан», қазіргі «Нұр Отан». Бұл партияның негізгі қуаты Елбасының жоғарыда айтылған идеяларын ұсынып, оны қоғам қабылдап, Үкіметтің іске асыруы үрдісінде қалыптасқан саяси капиталына тікелей қатысты. Турасын айтқанда, халық ең алдымен партияның көшбасшысына сенеді, оның игі істерін қолдайды.

Елбасы саясатта не оңға, не солға бұрылмай, орта бағытты ұстануда. Ортадағы адам екі шеткі адамды естиді, ал екі шеткі адам бірін-бірі естуі екіталай. Сондықтан ел тұрақтылығы үшін үнемі ортаға бағытталған саясат қажет. Сол саясатты бастаушы әрі оның жетекшісі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Халықтың оған балама жоқ деуінің мәнісі де нық орныққан халық сенімінде.

Нұрсұлтан Назарбаев саясаты жүзеге асып отырған Қазақ елі сұңқардың самғауын көз алдымызға елестетеді. Бүгінгі экономикалық өсу соның дәлелі. 1994 жылы жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 700 доллардан сәл ғана асса, 2010 жылдың 1 қарашасында бұл көрсеткіш 12 еседен өсіп, 9 мың доллардан асты. Мұндай жағдайға 2015 жылы жетеміз деп есептеген едік. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы ішінде мұндай жетістікке жеткен елдер жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылында Оңтүстік Малайзия – 2 есеге, Корея 3 есеге, Сингапур мен Польша – 4 есеге, Венгрия – 5 есеге өскен. Мұндай жетістік ненің арқасында десек, ол Елбасы саясатының өміршеңдігінің, оның қалыптастырған саяси элитасының заман жүгін алып жүрер қуаты болғандығының айқын көрінісі.

* * *

Нұрсұлтан Назарбаев – «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының көшбасшысы. Бұл партия сегіз жүз мыңдай мүшесі бар, еліміздегі ең ірі әрі қоғамға, Үкіметке ықпалы айтарлықтай тәжірибелі партия. Алайда, Елбасының саяси мектебі дегенде, бұл ұғым тек «Нұр Отан» партиясы арқылы ғана анықталмайды, ол кең мағынадағы түсінікті қажет етеді.

Елбасының саяси мектебінің ауқымы жоғарыда атап көрсетілген идеяларды іс жүзіне асырудағы ерен еңбек етіп жатқан миллиондарға тегіс қатысты. Саясат әркімнің тұрмыс, іс, қарекетінен тыс тұрған құбылыс емес, ол Елбасы ұсынған «**Балапан**» **бағдарламасынан** бүгінгі таңда күн тәртібіне қойылып отырған **абсолютті инновациялық саясатқа** дейінгі кеңістікті алып жатқан қоғамдық сана өрісі. Оны нақтылап айтсақ, Тәрбиеден **Білімге**, **Ғылымға** одан **Тәжірибеге**, **Технологияға** дейінгі саналы іс, қарекеттер

жүйесін айтпақпыз. Елбасы ұсынған саясатта сөз бен істің алшақтығы жоқ. Сондықтан да кезектен тыс президенттік сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың толық жеңіске жетуіне күдік келтірудің еш негізі жоқ.

Халық Жолдауда көрсетілген сара бағытты Елбасымен бірге жүріп өтетінін күні кешегі сайлауда тағы да тамаша танытты.

Бұл халық таңдауының тағылымы мол! 3 сәуірдегі жарқын жеңіс – Назарбаевтың саяси мектебінің де салтанаты.



ЕЛ БАҒЫНА ТУҒАН ЕР НҮРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ ЖАЙЛЫ СЫР МЕН ЖЫР

Сәбит Досанов,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

Егемен Қазақстан, 8 сәуір 2011ж.

Бірінші сыр:

Елден естіген есті әңгімелер

Алла тағала мейірі түсіп терең ақыл, тегеурінді күш-қуат, парасат патшасы деуге лайық пайым берген Нүрекең – Нұрсұлтан Әбішұлы жайлы кезекті ақжарма сезімдерімді ақ қағазға ақ қанатты періште көңілмен қондырарда менің ойыма ол жайлы естіген есті әңгімелер оралады. Жақсының өзінен бұрын аты жетеді. Мен Нүрекеңнің өзін көрмей тұрып, оның жақсы атын естідім.

Өткен, жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары. Ыстығы таяқ тастам жақын келгеннің өзін де шоқтай қаритын екі мың градустық отжалында күн ұзақ тапжылмай тұрып табанды еңбек етіп жүрген, алған бетінен қайтпайтын қайсар да қайратты намысқой жігіт – жиырма жастағы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі елді елең еткізді. Басына киіз қалпақ киіп, от көсеген озат болат балқытушы Нұрсұлтан Назарбаев жайлы газеттер жарыса жазып жатты. Сол көп мақалалардың бірінде оның киіз қалпақ киіп, от көсеп тұрған суреті де бар еді. Бүгінгі күннің бастыларын іздеп жүретін жаңалыққа жаным құмар жас кезім. Атағы аспандап тұрған жас болат балқытушы жайлы жазбақ болып, Алматыдан Теміртауға келдім. Өкінішке қарай, сол жолы Нұрсұлтанмен жолығудың сәті түспеді. Әйтсе де, ол бір сәтсіз сапар болды дей алмаймын. Жүгіргенге жөргем ілінеді деген рас. Бұл жолы мен Алматыға екі түрлі олжамен оралдым. Оның біріншісі – домна пешіндегі бет қаратпай-



тын ыстықты, сол қып-қызыл шоқ, қызулы өрттің өтінде тұрып болат балқытқан ерлерді өз көзіммен көрдім. Мына бір көрініс күні бүгінге дейін көз алдымда. Шынжыр табанды «ДТ-54» маркалы трактор домна пешіне келіп түскенде болат тұлпар қас қағым сәтте сұп-сұйық, қып-қызыл от болып, таудан құлаған бұлақ суындай ағып бара жатты.

Екіншісі – Нұрсұлтан жайлы оның әріптестері айтқан көркем шығармаға арқау болар көп әңгімелер естідім. Сол әңгімелердің бірі былай деп сыр шертіп еді. Теміртауды көгертіп, атымызды аспандатамыз деп асығып жеткен қазақ жастарының біразы жұмыстың ауырлығы мен тұрмыстағы қиындықтарға шыдамай кері қайтып кетіпті. Сонда орыс жұмысшылары: «Қазақ жастарынан болат балқытушы шықпайды, бүгіннің жасы боркемік, бозөкпе», деп келемеждесе керек. Соған намыстанған Нұрсұлтан: «Қазақтардың отты қалай бұғалықтап, қиындықты қалай жеңетініне әлі-ақ көздерің жетеді», деп намысқа қамшы басыпты. Сөзі мен ісінде алшақтық жоқ жас Нұрсұлтан өртеніп жатқан өзге тірліктің бәрін жиып қойып, өз мамандығының қыр-сырын толық игеру үшін Украинадан бір-ақ шыққан көрінеді. Екінші бір әңгімеде Нұрсұлтанның: «Қайырымдылықтан асқан қасиет жоқ», деген сөзді жиі айтатындығы, өзі үнемі сол сөздің үдесінен шығатындығы, үшінші бір әңгімеде әлсіздің қорғаушысы, әділдің жақтаушысы, төртінші, бесінші ... тамаша хас қасиеттері жайлы жас та, жасамыс та төгілдіре сөйлеп берді дейсің. Оның бәрін баяндасам, әңгіме ұзай береді, онан да екінші бір есті әңгімені баяндайын.

Әңгімеден ауқымы әлдеқайда үлкен бұл оқиға 1998 жылы мамыр айының 12-жұлдызында болып еді. Сол күні мен онымен ұзақ сырластым. Аймаңдайын терезеден қиғаштай құйылған күн сәулесіне сүйгізіп, баппен шерткен сырымен, байсалды тұлғасымен сүйсінткен ақылман аға Бәйкен Әшімов шерткен сырды жүрегіме сіңіре бердім. Өмірде көпті көріп, көңіліне көп ой түйген Бәйкен аға айтқан тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: «Мен әлемнің көптеген қайраткерлерін білемін! Біздің Нұрсұлтан солардың бәрінен де оқ бойы озық тұрған саясаткер. Ел бағына туған ерді бағалай білейік. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Елбасының жақсылығын айту – жағымпаздық емес, әділеттілік» дегенге сайып еді.

Өткен ғасырдың аяғында Венаға жол түсті. Сол сапарда Венгриядағы елші Сағынбек Тоқабайұлы Тұрсыновпен бірнеше күн бірге болып, армансыз әңгімелестім. Сонда Сағынбек шерткен сырға құлақ түрелік.

Әркімнің де өмірінде ұмытылмас сәттер болады. Менің өмірімдегі сондай сәулелі сәттердің біразы менің, менің ғана емес, халқымыздың жүрегінің төрінде тұрған, бәрімізге бірдей қымбатты Нүрекеннің – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Жақсының өзінен бұрын аты жетеді. Мен Нүрекеннің өзін көрмей тұрып оның атына қанық болдым.

Өткен, жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары. Мен Қарағанды облысының Молодежный ауданындағы Тельман совхозында партком хатшысы едім. Жоғарыдағы басшылардың шешімімен «Көктал» совхозына директор болып тағайындалдым. Жұмысқа кіріскен алғашқы күні білгенім, бұл осы Молодежный ауданындағы бір совхоздың үш бөлімшесі негізінде

құрылған жаңа совхоз, өмірбаянын енді бастағалы тұрған жас шаруашылық екен. Шаруашылықтың басты міндеті сүт және сүт өнімдерін молайтуға қызмет ету деп қадап айтты Қарағанды обкомының сол кездегі екінші хатшысы Әбдуәли Сыбанов. Облыста ғана емес, республика деңгейінде де абыройлы, беделді басшы қажетті көмек, қолдаудың да болатындығын ескертті. Әлі отызға да жетпеген жалындап тұрған жас кезім, жұмысқа бар ынта-жігеріммен беріле кірісіп кеттім. Жұмыс қиындықсыз болушы ма еді?! Бұғанасы қатып, буыны бекімек түгіл, әлі қаз тұрып та үлгермеген жас шаруашылықтың қиындығы өзгеше болып шықты. Совхоздың басты байлығы 1200 ірі қара. Ал сүт беретін сиырларды күтіп-баптайтын комплекс құрылысы әлі салынып бітпеген. Қыстың көзі қырауға қарамастан құрылыс жұмысын жүргізейік десек, оған қажетті құрылыс материалдарының он екіде бір нұсқасы жоқ. Көмектеспек болған Әбдіуәли Сыбанов қызметі өсіп, аяқ астынан Алматыға аттанып кетті.

«Жыртық үйдің құдайы бар» деген рас. Қырсыққанда қымыран іріп тұрған шақта менің, ең бастысы енді ғана ұйымдасып жатқан жас совхоз, жаңа ұжымның бағына қуанышты оқиға болды. Ел «Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды» деп дүр ете қалды. Бұл дүрлігу емес, дүрілдеу еді. Себебі – елге өзінен бұрын аты жеткен Нұрекең жалыны мол, қуаты зор, жас бола тұра аса парасатты, асқан іскер басшы еді деген халық бағасы ел құлағын елендетіп тұрған кез. «Статуяны – тұрқы, адамды ісі сұлуландырады» демеуші ме еді Пифагор. Сол Пифагордың тағы бір тапқыр сөзі бар: «Бақытты іздеп арамтер болма, оны өзіңнің ісің мен ішіңнен ізде», деген. Облысқа басшы болып келгенге дейін өмірдің сан сынағынан өткен, сын сағаттарда сынбаған Нұрекең жайлы аңыз-әңгімелерді талай естігенбіз. Елдің ұлы, халықтың құлы деуге лайық іргелі істерін, ірі мінездерін, ерен еңбегін елден де естіп, газеттерден де оқығанбыз. Нұрекеңнің жап-жас болып «Ел қамын жеген ерлігі» деген жақсы атына қанық болғандықтан өзімді-өзім қамшылап, ол кісінің қабылдауын өтіндім. Нұрекең көп күттірмей қабылдады да. Сол сол-ақ екен, түйткілі көп түйіндер бірінен соң бірі кезек кезегімен шешіле берді... Сүт комплексінің құрылысы да қанаттанып сала берді. Шаруашылығымыздың өн бойына қан жүгіріп, жан бітті.

Мен жоғарыда Нұрсұлтан Әбішұлының Қарағанды сынды үлкен облысқа басшы болып келуі оқиға дегенде бір шаруашылық көлемінде ғана емес, одан әлдеқайда әулетті, облыс, оны айтасыз, республика ауқымындағы аса ірі, іргелі өзгерістерге байланысты айттым. Оның мәнісі мынада: Нұрекең облыста өнеркәсіппен бірге кадр мәселесіне де жетекшілік етті, ұлттық мәселелерде ұлтымыздың есесін еселеп қайтарды. Сол тұста Қарағанды қаласындағы қазақтың үлес салмағы бар болғаны жеті дейтін жетім цифр төңірегінде еді, облыстағы қазақтың саны он екі-ақ пайыз болатын. Ал басшылық жұмыстарындағы қазақтар саусақпен санарлық қана еді. Сонау Соломенцевтер мен кейінгі Акулинцевтер сол аз басшылардың өзін тұқыртып, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, олардың еңсесін езіп тастаған еді. Нұрсұлтан Әбішұлы қазақтың ақылды, іскер, білімді

жігіттерін бірінен соң бірін өсіре берді. Қазақ азаматтарын қызмет баспалдағымен жоғарылатып қана қоймай, олардың еңсесі тік, рухы биік болуына қатты көңіл бөлді. Қырға шыққан соң құмырсқаға да қанат бітеді. Нүрекең тәрбиелеп өсірген қыран тектес жігіттер қолтықтарынан қуатты қол демегесін, беделі биік басшының өзі жебеген талант, қабілеттері ашылып, қанаттарын қатты қағып, биіктерге самғап ұшты.

Н.Ә. Назарбаев жайлы Сағынбек Тұрсыновтан естіген есті әңгіме жайлы жазып отырған сәтте менің ойыма Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары қызметіне тағайындалғаны орала кетті. «Бәріміз де Гогольдың шинелінен шықтық» дегендей, бүгінде биліктің биік баспалдағында жүргендердің бәрі де Нүрекеңнің тәлім-тәрбиесімен қанаттанғандар. Солардың бірі Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық ұйымдағы жоғары қызметке тағайындалуы Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік ауқымдағы биік беделінің айқын бір айғағы.

2007 жылы Парижде, Сорбонна университетінде менің шығармашылық кешіме қатысқан француздың әйгілі ақыны Леон Робель, 2010 жылы Алматыға менің мерейтойыма келген Тәжікстанның халық жазушысы Момын Каноат, француздың аса көрнекті әдебиетшісі Альберт Фишлер, Өзбекстанның атақты жазушысы Насыр Фазылов. т.б. Н.Ә. Назарбаев жайлы сүйсіне әңгімеледі. Ел аралағанда Елбасы жайлы халық айтқан қасиетті сөз, киелі тілек тіптен көп. Халық айтса, қалт айтпайды. Ұлт көшбасшысы жайлы ұлағатты сөздерді жинасаң, бір емес, бірнеше том болары хақ.

Нүрекең жайлы елден естіген есті әңгімелер «Елін сүйген, елі сүйген Елбасының» (М.Қасымбеков) биік тұлғасын бұрынғыдан да бетер көркейте түседі.

Бірінші жыр:

Көзбен көргенім ұлылық пен сұлулық

1987 жылдың алғашқы айында Қазақ ССР министрлер Кеңесінің Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында болдым, Нүрекеңнің көмекшісі Владимир Нидің қолдауымен. Сол тұста КСРО Әдеби қоры қазақ бөлімшесінің директоры едім. Жазушылардың таудағы шығармашылық үйіне күрделі жөндеу ауадай қажет еді, қызмет көлігі, т.б. жетіспеушіліктер де көп еді. Әдеби қорының қарамағындағы шығармашылық үйдің сол кездегі директоры, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов екеуміз талай басшыға барсақ та күрмеуі қатты күрделі проблемаларды шешуге ешқайсысы көмектесе алмады. Амал жоқ, Нүрекеңді мазалауға тура келді. Бұл бір қиын кезең еді. Желтоқсан көтерілісінің ізі суымаған. Республиканы басқару тізгінін қолына алған Колбиннің әлі аптығы басылмай, аспанға шапшып тұрған шағы. Көп мәселеде келіспеген Нүрекеңе Колбин қырын қарап жүр дегенді де естиміз. Нүрекеңде жұмыс көп, уақыт аз. Соған қарамастан, үкімет басшысы мені өте жылы қабылдады. Бұл менің Нүрекеңмен бірінші рет жүзбе-жүз жүздесуім еді. Алғашқы әсерім – Н.Ә. Назарбаев жүзінен нұр, сөзінен жыр төгілген, сырт тұлғасы сымбатты, жан дүние байлығы аса қымбатты, жалы биік, жаны жомарт жан екен. Мені асықпай тыңдап, мәселенің байыбына барған соң Т. Бигелдинов екеуміздің күрмеуі қатты күрделі проблемалар дегенімізді бір-ақ сәтте шешіп берді.

Арада аз уақыт өткенде Н.Ә. Назарбаев ешкім шақырмай-ақ өз ықтияр, ынтасымен Жазушылар одағына келіп, қаламгерлермен кездесті. Жанында бірнеше министр бар. Сол кездесуде күрмеуі күрделі мәселелердің біразын қолма-қол шешті. Соған көп мысалдың біреуін ғана айтайын. Бірінші – қаламгер ағаларымыздың бірі пәлен мың адам тұратын «Орбита» мөлтек ауданында осы күнге дейін мектеп жоқтығын айтып еді, Нүрекең: «Бұл мәселені тап қазір шешпесек болмайды, біз шешпесек, кім шешеді», деп жанындағы құрылыс министріне тапсырма берді. Бір жылдан соң «Орбитада» жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілді.

1993 жылдың жазы. Ордабасыдағы ұлы жиын. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан президенттері Ордабасы мәлімдемесіне қол қойған соң, Н.Ә. Назарбаев Ордабасы тауының басында тұрып жазғытұрғы жасарған Жер-Ана мен жаңбырдан кейін шайдай ашылған Аспан-Атаның көгілдір түсіндей көк байрағымызды зеңгір көкке көтеріп, ұлы бірлік жайлы ұлағатты сөз айтып, толымды ойлар толғаған сәтте мыңдаған халық дауылды күнгі теңіздей толқып, тебіренді. Жүректен шыққан сөз жүрекке жетіп, жан дүнием қатты толқығандықтан, жанарымнан жалғыз тамшы жас үзіліп түсті. Жалғыз мен ғана емес, Ордабасы төрінде тұрған көрші елдердің президенттері де, Кемер облыстық кеңесінің төрағасы Аман Төлеев те, Өмірбек Байгелди, Оралбай Әбдікәрімов, Қуаныш Сұлтанов та – бәр-бәрінің қатты толқып тұрғанын жасаураған жанарларынан анық байқадым.

Өзге түгіл, өзіңе байқатпай өтіп жатқан өмірдің естен кетпейтін елеулі сәттері де аз емес. Мен үшін сондай есте қалар елеулі сәттің бірі 1998 жылдың көктемінде болып еді. Әлі есте, бәрі есте. Мамыр айының 28 жұлдызы, сенбі. Күндізгі 10. Дәл сол сәттен Н.Ә. Назарбаевтың Катар еліне ресми сапары басталды. Ауаның температурасы 45 градус ыстық, ылғалдылығы 80 пайыз. Катар мемлекеті мен Астана қаласының арасындағы ұзақ жолды Президент ұшағы төрт сағатта өтті. Президенттің жұмыс кестесі осыдан төрт сағат бұрын Астанадан ұшып шыққанда басталғанынан хабардармыз. Жол бойы – аспанда жұмыс істеп келгеніне, жергілікті жердің бой үйренбеген ауа райының жайсыздығына қарамастан, Нүрекең ұшақтан әдеттегісінше жұмсақ жымыып, сергек түсті. Ұшақ баспалдағында Қазақстан Президентін Катар елінің Әмірі Шейх Хамад бен Халип әл-Тани, тақ мұрагері Шейх Жасу бен Халиф әл-Тани, премьер-министрдің орынбасары Мұхамед бен әл-Тани қарсы алды. Қарсы алдымызда желбіреп тұрған көк байрағымыз көзге ерекше ыстық көрінді. Еліміздің Әнұраны орындалғанда жанарымыз жасаурап, қатты толқыдық. Екі ел арасындағы келіссөздер мен құжаттарға қол қою Катар әмірінің күміспен күптеліп, алтынмен апталып, асыл тастармен зерленген ақ мрамор сарайы «Каср-ад-Диафта» сол күні-ақ басталды. Катардағы атақты шейхтармен, әртүрлі топ, сан саладағы саясаткерлермен кездесулер, келіссөздер, баспасөз мәслихаты бірінен-соң бірі үзіліссіз, үздіксіз өтіп жатты. Соның бәріндегі басты салмақ түннің бір мезгіліне дейін жұмыс істеген Президентке түсіп жатты...

Катарда үш күн болғаннан кейін төртінші күні Біріккен Араб Әмірліктеріне келдік. Абу-Даби әуежайында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевты БАӘ-нің

Президенті Заид бин Сұлтан әл-Нахаян қарсы алды. Тағы да келіссөздер, кездесулер, баспасөз мәслихаты сынды шаралар басталып кетті. Н.Ә. Назарбаевтың жұмыс кестесі өте тығыз, таңның атысынан күннің батысына дейін бір тыным жоқ. Жанында ерқара болып жүрген жолсеріктері – біздер қарадай босқа жүріп шаршаймыз. Ал Нүрекең тың, сергек. Ара-арасында әзілдеп, елдің көңілін де көтеріп қояды. Жүріс-тұрысы сымбатты, сөйлеген сөзі тұнып тұрған ұлылық. Сұлулық пен ұлылықтың жасандылығы жоқ жарасымы бізді ғана емес, Катар мен БАӘ-нің үлкенкішісін де, шет елдердің сынап-мінеуге дайын тұратын шамшыл тілшілерін де таң қалдырып, таңдай қаққызды.

Президент әдеттегісіндей бұл жолы да шапшаңдық пен шалымдылық танытудан танған жоқ. Соған көп дәйектің біреуін ғана айтсақ, Катар елінің бір кәсіпкерінің «Өз қаржыма мешіт салып беремін», деген сөзін лезде іліп әкетіп: «Ол мешітті халқы тығыз орналасқан, қазағы көп Шымкент қаласынан тұрғызуға кеңес беремін. Мешітке жер беруді осы залда отырған облыс әкіміне тапсырамын», деп сарт еткізді. Қаржы демекші, Нүрекеңнің бұл жолғы сапарындағы өзіне-өзі жүктеген ауыр міндеттің бірі – ел экономикасына қан жүгіртетін мол қаржы табу екен. Нүрекең бұл міндетті де өзіне тән туа бітті дипломатиялық даналықпен мінсіз орындады. Қаржылық көмекті кейбіреулердей алақан жайып, төменшіктеп сұраған жоқ, төрде төбеби болып отырып-ақ қиын істің қиуын оп-оңай келтірді. Бір ғана мысал. Қазақстанға инвестиция тарту сөз болғанда, елдегі тұрақтылықты, шетел инвестицияларына берілетін жеңілдіктерді алға тарта келіп, делегация құрамындағы сол кездегі геология министрі Серікбек Дәукеевке аржағын өзің жалға деп жұмсақ жымыды. Тосыннан сөз берілсе де Серікбек ініміз тосылған жоқ, ағылшынша ағып ала жөнелді. Қазақстанның қазба байлықтары мен келешегі жайлы кең тынысты келелі сөз шетелдіктерді айрандай ұйытты. С.Дәукеевке тосыннан сөз беру арқылы Нүрекең, біздіңше бір окпен бірнеше қоянды атты. Оның бірі – геология министрінің аузымен Қазақстанның қазба байлығына шетелдіктердің қызығушылығын арттыру болса, екіншісі – өз командасындағы жігіттер осал еместігін, қажет болса қазақша, орысша ғана емес, ағылшынша да ойын еркін жеткізетіндігін аңғарту деп топшыладық. Нүрекеңмен екі шетелде төрт күн бойы бірге жүргенде алған әсер, ол кісінің сөзімен ғана емес, ісімен, тіпті жүріс-тұрыс, әзіл-қалжыңымен берген сабағы – менің бұл өмірде тапқан ең үлкен олжаларымның бірі ғана емес, бірегейі.

Арада бір жыл өткесін сәуір айының сәулелі күндерінің бірінде Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қабылдауында болу бақыты бұйырды. Алматыдағы Ақордада болған қабылдау кезінде радио мен телевидениенің алтын қорының бұзылып, жойылып кету қаупі туғанын, оларды тезірек қайта көшіру қажеттігін, ұлттық Ғылым академиясындағы қолжазбалар мен қолөнеріміздің ұмытылып бара жатқанын, оның шеберлеріне қамқорлық мәселелері, т.б. ұлттық құндылықтар мен проблемалар жайлы баяндадым. Нүрекең ол ойларыма түсіністікпен қарап, тиісті орындарға нақты тапсырмалар берді.

Президентті ұлықтау салтанатының бәрінде болмаса да біразында болдым. Соның ерекше есте қалған біреуі жайлы жүрекжарды сыр. 1999 жыл. Қаңтар айының 20-жұлдызы. Таңертеңгі сағат 10-нан 50 минут өткенде

Есілдің оң жағалауындағы Ақордадан шыққан Н.Ә. Назарбаев төсеніш кілем үстіндегі ақ жолмен аяңдай басып, қос қапталдағы халықпен сәлемдесіп, инаугурация – ұлықтау өтетін Конгресс-холға беттеді. Президент жүріп келе жатқан жол аппақ, аспаннан ақ ұлпа қар жауып тұр. Ел назары елордада, көз біткен көгілдір экранға қадалған.

«Дәл осы сәт Елбасы қандай ой мен сезім құшағында екен, – деп ойладым мен. – Жауапкершілік жүгін сезініп келе жатқан болар». Сезімім алдамапты. Елбасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы Зағипа Балиеваның қолынан Президент куәлігін алып, ант бергеннен кейін сөйлеген сөзінде былай деді: «Менің алдымда қазір сырт қарағанда қарапайым тәрізді көрінетін екі міндет тұр. Бірақ, олардың ең қиын да күрделі міндет екендігін тарихтың өзі үйретіп отыр. Ертеде ата-бабаларымыздың билеушілерге айтатын ең жақсы мақтауы «ол өз халқын тарықтырмай асырады» деген сөз екен. Сондықтан бірінші міндет – халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту. Тасты лақтыратын да, тасты жинайтын да кез болады. Реформаларды жүргізетін де, реформалардың жемісін теретін де уақыт болды. Алдағы жеті жылдың ішінде халқымыз реформалардың жемісін өз дастарқаны мен өз қалтасы арқылы көруге тиіс. Екінші міндет – елімізде демократияны дамыту».

Инаугурация сәтінде елдің ауыр жүгін арқалаған асыл азамат Нұрсұлтан Әбішұлының ширыққан ширақ түрінен ел мүддесі жолындағы серт пен сенімді айқын аңғардым. Оның көңілінде толқу, көзінде салиқалы ой, салмақты мұң бардай көрінді маған. Сол сәт сол төрде Нұрекең болмай, өзге біреуміз болсақ, басымызға қонған бақтан көзіміз жайнап, шаттықтан шалқып, шалқақтап тұрар ма ек, кім білсін?

Сәл алға озып, анығын айтсақ, Елбасы сонда айтқан сөзінде тұрды. Өмір сол кезгіден әлдеқайда алға кетті, өзгерді, өзгергенді көз көрді.

Сол күні кешкісін ақ көрпеге оранған елордадағы Орталық алаң халыққа лық толды. Астаналықтар Алматыдан келген әншілермен бірге аспан астын ән-думанға бөледі. Осы жолдарды жазып отырғанда менің ойыма өркениетті елу елдің қатарында болуға нық қадам басқан Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа сайланып, төбеби болып қана қоймай, жетінші Саммит өткізіп, Астана декларациясын қабылдап, ел тарихында бұрын-соңды болмаған тарихи ұлы оқиға мен талай жұлдызды сәт, бақытты шақты бастан өткізгеніміз оралды, Елім мен Елбасым үшін мақтаныш сезімі кеудені кернеді.

Екінші сыр:

Сырт көз – сыншы

Ұлылар ұлтқа бөлінбейді. Сол ұлтқа бөлмейтін ұлылардың бірі – Сергей Владимирович Михалков 1999 жылы Мәскеуде шығармашылық кеш өткізген мені отбасыммен үйіне шақырып, ұзақ әңгіме-дүкен құрдық. Сонда сол ұлы суреткер айтқан: «Мен қазақтармен құдамын. Бұл – бір. Екінші – Нұрсұлтан Әбішұлын жақсы көремін. Ол данышпан. Құдай өзі қалаған саясаткер. Назарбаевтай Президенті бар ел – бақытты», деген сөз көкейіме қона кетті. Сол С.В. Михалковтың 2008 жылы, наурыз айының 13-жұлдызында Мәскеудің Үлкен театрында өткен 95 жасқа толған мерейтойында алыс-жақын шетелдерден келген талай жақсы мен жайсаңның Нұрекең жайлы аса жоғары

бағасын есту көңілді көкке көтеріп еді. Әсіресе, көрнекті мемлекет қайраткері Геннадий Зюганов айтқан: «Назарбаев – кемел ойлы кемеңгер. Ол – алдына қиын асу, ұлы міндеттер қойып, соны жүзеге асыра алатын аса талантты саясаткер» деген сөз жадымда жаттаулы.

Жаңа – ХХІ ғасырдың басында Мәскеуде өткен ТМД елдерінің шығармашылық және ғылыми бірінші форумына қатысқанда Мәскеу университетінің ректоры Виктор Садовничий, академик Феликс Кузнецов, «Литературная газетаның» бас редакторы Юрий Поляков, Украина Ғылым академиясының президенті, әлемге әйгілі ғалым Б.Патон, т.б. талай тарландардың Елбасымыз жайлы іштен шыққан ішті сөздерін естіп, тағы бір марқайып қалып ек. Мұндай нақты деректер көп-ақ. Оның бәрін тізе берсек, сөз ұзай береді.

Екінші жыр:

Абыз аға, аңыз адам аманаты

Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған абыздары да бар қазақтың. Солардың бірі – өмірдің ащысын да, тұшысын да бір кісідей татқан менің қаламдас досым, қазақтың классик жазушысы, халық Әзағаң атап кеткен Әзілхан Нұршайықов. «Махаббат, қызық мол жылдар» атты бір романы қырық жыл бойы оқушының қолынан түспей, сан ұрпаққа рухани азық болған, сол қырық жылдың жүзінде он төрт рет қайта басылған Нұршайықовтай жазушы сирек.

Соңғы 20 жыл бойы бір-бірімізден сыр жасырмас сырлас, мұндас болған Әзағаң 90-ға қараған жасында пәниден бақиға аттанып кете барды. Қайтыс боларынан оншақты күн бұрын маған телефон шалып, Президентпен кездесуге баратынын айтып, сол кездесуде сөйлейтін сөзін факс арқылы жіберіп еді. Алайда, денсаулығы сыр беріп сөйлей алмапты. Ол үлкен әріптермен терілген бар болғаны екі беттік қана сөз болатын. Әлі еш жерде жарияланбаған әрі қысқа, әрі нұсқа сол сөз абыз аға, аңыз адамның соңында уақытша қалып тұрған біздерге айтқан аманаты тәрізді көрінеді де тұрады.

Түйін:

Абыз ақсақал Бәйкен Әшімов осы газетке берген соңғы сұхбатында айтқан бір сөз қалам ұшына оралып тұр: «Елдің тізгіні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолында барынша ұзақ болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін де жасауымыз керек».

Ел бағына туған ер жасай берсін; туған халқын, тұғыры биік Елін бақытқа бастай берсін!

Алла өзі жар болсын,

Бақыт әр кез нар болсын!



НАЗАРБАЕВТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ

Дархан Кәлетаев,
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат
қорының басқарушы директоры, «Нұр
Отан» ХДП Саяси кеңесінің мүшесі

Егемен Қазақстан, 6 сәуір 2011ж.

4 сәуір күні біз басқа адам боп ояндық. Біз өз тағдырымыздың бір-бірімізге қаншалықты байланысты екенін, бір-бірімізге қаншалықты жақын екенімізді сезіндік. Бейбіт өмір мен берекелі, бақуатты тірліктің қаншалықты бағалы, қымбат екенін түйсіндік. Біз сол үшін дауыс бердік. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеңісі – саяси мәдениеті, парасаты биік туған халқымыздың жеңісі болды. Орталық сайлау комиссиясының алдын ала мәліметтері жария болған кезде сайлауда өз қалауын білдірген әрбір азаматтың осындай көңіл-күйде болғанына мен күмәнсіз сенемін.

Осыдан тура жиырма жыл бұрын халықтың тағдырын тәлкекке айналдырып, тәуелсіздіктің болашағын оққа байлайтын революциялық жолды емес, үздіксіз даму мен өркендеуге бастайтын эволюциялық жолды қапысыз таңдаған Қазақстан өз таңдауының ақиқаттығына, дұрыстығына тағы да көз жеткізді. Әлемнің көзін жеткізді.

Мұның бастауында не жатыр? «Әрдайым жолдың ауырын таңда, ол жолда қарсылас таппайсың», деген екен Францияның сүйікті ұлы, генерал Шарль де Голль. Нұрсұлтан Назарбаев жолдың ауырын, ауыр да болса әділет жолын таңдады.

Көпшіліктің есінде болар, кезектен тыс сайлау өткізердің алдында Елбасы халықтың талабынан ауытқымайтынын, бірақ талаптың да демократиялық үрдістен ауытқымауы керектігін қадап айтты. Ол өзіне деген халықтың шексіз сенімін үнемі саяси, әлеуметтік, экономикалық модернизацияның, жаңарудың, дамудың кепіліне айналдырып келеді.

Бір мысал. 1997 жылғы қазан айында, Қазақстан халқына Жолдауында, Президент Н.Ә. Назарбаев: «...Қазақстан 33 жылдан кейін қандай болады? Біздің жас мемлекетіміз есейіп, етек-жеңін жияды, біздің балаларымыз бен немерелеріміз осы мемлекетпен бірге ержетеді. Олар білімі озық, денсаулығы түзік, өз буынының жауапкершілігі мол, қайратты өкілдері боп өседі.

Олар ата-бабаларының салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге бейім әрі дайын болады. Олар қазақ тілін де, орыс тілін де, ағылшын тілін де еркін меңгереді. Олар дүние жүзіне танымал, беделді, бейбітсүйгіш, гүлденген, қарышты дамыған елдің патриоттары болады» деген еді.

Мемлекет басшысының осыдан он шақты жыл бұрын айтқан сөздері бүгін әркімге жақын әрі таныс жайттай көрінетіні анық. Неге? Себебі біреу-

ақ – Елбасының, еліміздің сол кездегі арман-мақсаты отыз үш жыл емес, он үш жылдың өзінде-ақ іс жүзіне асып, өз үдесінен шығып отыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы осы өміршең мұраттың орындалуы жайлы биылғы жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында да ерекше толғаныспен айтты. Бұл заңды да. Заңды болатыны, осы орасан жетістіктерге Президент айтқандай «әр күні аптаға, әр аптасы жылға баланатын» тарихи уақыт пен орасан зор қажыр-қайрат пен еңбектің арқасында жеттік.

Жеткеніміз көп, жетпегеніміз одан да көп. Байқасаңыз, бүгінгі әлем де қысқа күнде қырық құбылып жатыр. Қазақстан да осыдан жиырма жыл бұрынғы немесе он жыл бұрынғы Қазақстан емес. Еліміз сапалық тұрғыдан да, сандық тұрғыдан да әлденеше мәрте өсті, өзгерді. Бұдан былай да біздің ұлтымыздың аласапыран әлемде өмір сүруінің жалғыз кепілі модернизация болмақ.

Міне, дәл осы мәселе төңірегінде біз бас ауыртатын сұрақтар аз болмаса керек. Ол сұрақтарды өмірдің өзі қойып отыр. Біз Елбасының, елдің ерік-жігерінің арқасында қол жеткізген табыстарымыздың қадір-қасиетін сезіне алдық па? Біздің ой-санамыз, қабілетіміз мемлекеттің қарышты даму форматына сәйкес келе ме?

«Модернизация қалай жүзеге асырылады? Оның негізгі локомотивтік күштері қандай болады?» деген сұрақтардың өзіне жауап табу оңай іс емес. Бәрібір, жауап беру керек. Және жауапты саяси, интеллектуалдық, мәдени элита ғана емес, бүкіл қоғам болып беруіміз керек.

Әрине, біз «модернизация» ұғымын классикалық үлгідегі, батыстық түсініктен көшіре салмауға тиіспіз. Ондай ойсыз қадам Қазақстан үшін әрі орынсыз, әрі қатерлі болар еді. «Қазақстандық модернизация» дегенде, бұл жаңарудың жоғарыда айтқан еуропалық үлгіге ұқсайтын да, ұқсамайтын да жақтары болатынын түсінуіміз керек.

Қазақстан өзінің мыңжылдық тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті бар мемлекет. Біздің географиялық, геосаяси жағдайымыз да өзгелерден анағұрлым бөлек. Ал бұған отаршыл езгіде болған уақыт пен коммунистік кезеңнен кейінгі аласапыран заманды қосыңыз. Біз тоғыз жолдың торабында жатқан, өркениеттер мен мәдениеттердің, Батыс пен Шығыс әлемінің түйіскен жеріміз. Және Қазақстанды бір жақты не Батысқа да, не Шығысқа да тели алмайсыз. Сондықтан аз ғана уақыттың ішінде осындай мемлекеттен барлығын және бір мезгілде талап ету – қисынсыз іс.

Атты-көшпенді өркениеті келмеске кеткен соң біздің әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық түсінігіміз бен өмір сүру философиямыз да кілт өзгерді. Одан кейін «советтік форматтың» қамытын кідік және одан енді ғана, әуірімдеп шығып жатырмыз. Осының бәрі, жоғарыда айтқандай, Қазақстандағы модернизациялық өзгерістерді асығыс, үстірт жасауға болмайтынын көрсетеді.

Айтпай кетуге болмас, Қазақстандағы бірізді, стратегиялық жағынан орнықты модернизацияны іске асыруда Назарбаев өз басын қатерге тіксе де, мемлекеттің болашағын, ел мен ұлттың бүтіндігін ешқашан бәске тіккен

емес. Кейде ойлайсың, егер дүрбелеңі мол 90-жылдары жас, тәуелсіз мемлекеттің басында басқа адам тұрса не болар еді? Ойлауға да қорқынышты. «Кеңестік шинельден» шыққан республикалардың мысалы ондайды ойлатпайды да.

Әлбетте, модернизация заңмен, жарғымен шешіле салатын жоба емес екенін бәріміз түсінеміз. Аспаннан түспейді, жерден өспейді. Жаңару мен жаңғыру – өлшеусіз еңбекпен, маңдайтермен келетін сый. Процесс тек жоғары жақтан басталмауы керек. Миллиондаған қарапайым адамдардың сапалық, сандық өсуінен, өзгеруінен басталуы қажет.

Сан жылдар бойы қалыптасқан, қатып қалған ғұрыпты, әдетті, тәртіпті бір күннің ішінде бұзу мүмкін емес. Бірақ жаңарғысы, жаңғырғысы келетін ағзаға соның бәрін бұзуға тура келеді. Өйткені, кез келген қоғам, қоғамдағы түрлі саяси күштер түйсігімен болса да жаңа реформаларға қарсылық танытады. Ең алдымен осы түйыққа тірейтін қарсылықты еңсеру қажет.

Мұны қайтіп еңсереміз? Ол үшін биліктің де, қоғамның да, қоғамдағы базбір кертартпа топтардың да басы қосылуы тиіс. Ел мен мемлекеттің болашағын ашық, боямасыз, еркін талқылау үшін. Әрине, бұл жерде барлық қазақстандықты бір партияға кіргізу немесе бір тудың астына жию деген әңгіме жоқ. Мақсат пен мұрат одан да орасан, зор. Мақсат – жаңару жолындағы ізгі істерді баршамызға темірқазық ету.

Осы ретте, мен алдымен мемлекеттік қызметкерлердің психологиясына «модернизация» керек дер едім. Мемлекеттік аппараттың инерциялық көңіл-күйін өзгерту қажет. Жоғарыдағы, төмендегі «науқан үшін науқан» жасағысы келетіндердің, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен атүсті нәтиже шығарғысы келетіндердің аптығын басқан абзал.

Кез келген қоғамдық пікірді, зерттеуді, өлшемді алыңызшы, Нұрсұлтан Назарбаевты елі арқа тұтады. Бірақ Президентке сенім мен партияға, үкіметке, әкімдерге сенімнің арасында айырмашылық көп. Өкінішке қарай, бұл жәйт бір-бірімен байланысты да. Қай-қайсы лауазым иесінің заңсыз, жөнсіз іс-әрекеті жоғарыдағы сенімге нұқсан келтіреді. Осыны естен шығармаған жөн. Ұлы Абай айтқандай «Бас-басына би болған өңкей қиқымның» кейпіне енуден сақтану керек.

Билікте жүргендердің тағы бір қателігі – халықтың Елбасыға деген құрметі мен қолдауының есебінен «тасада», тыныш өмір сүре бергісі келетін сияқты. Мұндай әдеттен арылатын кез жетті. Мансабың мен міндетің үшін Елбасының алдында да, елдің алдында да әркім, әрдайым жауап беруге дайын болуы тиіс.

Сонда ғана біз жоғарыдағы сұрақтардың жауабын табамыз. Елбасының, елдің ерік-жігерінің арқасында қол жеткізген табыстарымыздың қадір-қасиетін сезінетін боламыз. Мемлекеттің қарышты дамуына ақ, адал үлесімізді қосамыз. Қарапайым халықтың мемлекеттік қызметкерге, шенеунікке деген көзқарасын оңды өзгерте аламыз.

Президент елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік модернизацияны табысты жүзеге асырудың барлық алғышарттары мен мүмкіндіктерін үнемі ұсынып келеді. Мемлекеттің отыз жылдық даму болашағын дерлік, жан-

жақты қамтыған «Қазақстан-2030» стратегиясы, жақын болашақтағы ел дамуының нақты бағыттарын белгілеп беретін «Қазақстан-2020» бағдарламасы, мемлекетті бәсекелестікке қабілетті елдердің алдыңғы шоғырына шығаратын Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы – болашақтың «жол картасы».

Сондықтан бізге арқаны кеңге салудың жөні жоқ. Керісінше, 3 сәуір бізге он есе, жүз есе жауапкершілік пен міндет жүктеп отыр. Ол жауапкершілік пен міндетті қоғам мен элитаның басын қосатын, сенім радиусын кеңейтетін себепке айналдыру өз қолымызда.

Президенттің кезектен тыс сайлауы біз үшін елдің ішіндегі жалпы көңіл-күйді, аужайды тап басып тануға мүмкіндік берді. Бұл мүмкіндік жаңа идеяларды, жаңа кадрларды, керек десеңіз, жаңа драматургия мен динамиканы талап етеді.

«Саясаткер елдің бағына бітсе – мемлекет берекелі, бақуатты тұрмыс кешеді. Сорына бітсе – соғыстан көз ашпайды» дейтін шығыс тәмсілі бар. Арыға бармай-ақ қоялық, әлем жиырма жылдың ішінде осы екі мысалдың екеуін де алма-кезек өз басынан өткізумен келеді. Біздің бақытымызға орай, Қазақстан екінші мысал туралы тек бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғана оқып-біледі.

Уақыт пен тарих үшін күрмеуге келмейтін қысқа мерзімде осыншалықты ілгерілеу, осыншалықты өсіп-өркендеу екі мемлекеттің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ екені ақиқат. Және мұндай бақытты бағалау мен аялау, сақтау да екінші бірінің қолынан келе бермейді. Олай болса, біздің ендігі шаруамыз – Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған модернизациялық идеяның төңірегін топтасу ғана емес, сол игі бастаманың ұйытқысына, іске асырушысына айналу. Жаңаруға, жасампаздыққа ұмтылған халқымыздың күн тәртібі де осы.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЖҮЗДЕСУЛЕР

Илья Жақанов,
композитор, өнер зерттеушісі

Егемен Қазақстан, 8 сәуір 2011ж.

Мен Елбасымен бірнеше рет жүздестім. Сол жүздесулерде оның халық әндерінің, қазақ композиторлары әндерінің шығу тарихын, музыкасын жетік білетініне талай рет куә болдым. Сондай жүздесулерде өрбіген әңгімелерді қағазға түсіріп жүретінмін. Бүгін соларды ықшамдап, оқырманға ұсынғанды жөн көрдім.

Бірінші жүздесу

1993 жыл. Шуақты көктем.

Бұл кез Қазақстан Тәуелсіздігінің екінші жылы болатын. Қиын жылдар. Сол дағдарысты мехнатқа қарамастан, Елбасы саясатын бір кісідей қолдаған халық, оның ішінде өнер қайраткерлері елдің рухын көтеруге жұмыла кірісіп жатты. Сондай күндердің бірінде Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Ақан серінің туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты жиын болды. Сол бір күндерде менің (ұзақ жылғы зерттеулерім) сценарийім бойынша “Ақан сері әндері” атты музыкалы-деректі фильм түсіріліп жатқан-ды. Көкшетауды шарлап, Ақан серінің ел ішінде әлі де болса ұмытылмаған “Ақтотының аужары”, “Шырмауық”, “Райхангүл”, “Нәзікгүл”, “Жамал”, “Үштоты” секілді беймәлім әндерін тауып, жан-жақты насихаттаған едім. Бүгінгі концертте осы әндер тұңғыш рет орындалады. Жүрегім соған толқулы.

Біз, бір топ өнер қайраткерлері – композиторлар, ақын-жазушылар, режиссерлер, киношылар, актерлер театр сахнасының қалтарысында тұрдық. Жиынның президиумына отыратын топ. Бұл салтанатқа Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысуға тиіс. Міне, Нұрекеңнің келуін тағатсыздана күтіп тұрмыз. Кенет айдай жүзі жарқ етіп Нұрекең кіріп келе жатты. Ол бәрімізді аялы жанарымен шолып өтіп, ізетпен күлімсіреп, басын иді. Содан соң бә-



рімізбен қол алысып амандасты. Жүзінен шаршау сезіледі. Сол шаршаулы реңінің өзінде де бір сәулелі шуақ бар.

Мен сахнаның сол қанатында рояльдың қасында тұр едім. Жұрттың ең соңынан келіп менің қолымды алды. Саусақтары салалы, жұп-жұмсақ екен. Сондай бір жанға жайлы жылылықты сездім. Нүрекең жымыып:

– Жайлаукөлге барып тұрасыз ба? – деді.

– Иә, барып тұрамын, Нүреке. Биыл қобыз күйінің атасы Ықыласқа да 150 жыл. Өзіңізге мәлім, бейіті Жайлаукөлде. Ол жерде күйшінің өрен-жараны отыр. Солардың ортасында “Ықылас” атты деректі фильм түсіріп жүрміз.

– Бәрекелді, Ілеке, жұмыстарыңыз сәтті болсын! Тілектеспін! Сіздің “Жайлаукөл кештері” әніңіз біздің жастық шағымыздың асқақ романтикасы болды ғой. Әндеріңізді жақсы білемін. Айтамын да. Кейбіреуін “Сол өткен күндеріміздің сырға толы сәулелі белгісі екен ғой” деп аңсайтыным бар, – деп тебірене сөйлеген Нүрекеңнің осы бір сөзі жүрегімдегі сезім пернесін күні-бүгінге дейін қозғайды да жүреді.

Бұл – менің Президентпен тұңғыш кездесуім еді.

Екінші жүздесу

1996 жылдың 17 желтоқсаны.

Таң атқалы бері дым бүркіп, бұлттанып тұрған Алматы аспаны сәске кезінде шайдай ашылып, жадырап сала берді. Шығыстан соққан жел көкшулан бұлттарды лезде батысқа қарай жылжытып әкетті. Алатаудың ақ сеңгір шыңдары ап-анық көрінді. Алматы тұрғындары Республика алаңында Тәуелсіздік монументін тамашалап, қыдырып жүрді.

Осы бір күндері Қазақстан халқы ел Тәуелсіздігінің бес жылдық торқалы тойын тойлауға кіріскен-ді. Бұл тойға орай бір көшелі жиын Алматыдағы “Рахат-палас” қонақ үйінде өтіп жатты. Қонақ үйдің шамдары самаладай жарқыраған сәулетті залына үш жүзден аса қазақ зиялылары, өнер қайраткерлері, бизнесмендер жиналған. Тәуелсіздік монументінің тұсаукесері!

Бұл тұсаукесерге бізді жинаған осы монументтің авторы, атақты сәулетші Шота Уәлиханов еді. Бұл оқиғаны да қаз-қалпында айтып көрейін: жиналған дүйім жұрттың ортасында Нұрсұлтан Әбішұлы мен оның жұбайы Сара Алпысқызы. Кіріспе сөзді бастаған Шота Тәуелсіздіктің асқақ символы осынау монументтің идеясы Президент тарапынан туғанын айтты. Басқа сөйлеушілер де Нүрекеңнің атына жылы-жылы лебіздерін білдіріп жатты.

Жұрттың бәрі жайдары. Өздерін еркін ұстады. Шампандар атылып, рюмкелер сыңғырлады. Әндер шырқалып, шағын оркестр классикалық музыканы ойнады да тұрды. Кенет осы ду-дудың бір тұсында Шота ортаға шықты. Сол қолында алтын жіптен әдіптелген шапан. Президентке күлімсірей бұрылып:

– Аса қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы, – деді бұдан әрі Шота толқи сөйлеп, – осы бір естен кетпес басқосуымызды пайдаланып, сіздің алдыңызда қазақ пен қырғызға ортақ композитор, жазушы, өзіңіз әндерін сүйіп айтатын Илья Жақановқа бір құрмет көрсеткелі тұрмын. Бұл Илья мамыр айында өткен өзінің алпыс жылдық тойына шақырып еді, бір себептермен бола алмадым.

Сол қуанышты күнінде “кигіземін” деген шапанды енді ұсынғалы тұрмын, Нүреке.

Шота осылай деді де:

– Қане, Илья! – деп мені өзіне шақырды. Жұрт тым-тырыс боп тына қалды. Мен ыңғайсыздана қобалжып, Шотаға жақындай түстім. Көз қиығым түсіп кетіп еді, Нүреке мен Сара екеуі маған сондай бір жылы сезіммен мөлдіреп қарап қалған екен. Шота шапанды иығыма жауып жатып:

– Нүреке, мен хан тұқымымын ғой. Ильяға анау-мынау емес, ұлы Абылайхан атам киетіндей шапан жауып тұрмын, – деді. – Ильяның теледидардан берілген “Шоқан және музыка” атты төрт сериялы үлкен еңбегін осындағы біраз кісілер көрген де шығар деп ойлаймын. Ұлы Шоқанның рухын тірілткен осы бір музыкалы хабарлары үшін дән риза болдым.

Жұрт ду қол шапалақтап жіберді. Осы сәтте Нүреке маған:

– Ілеке, “Толағай” әнін айтыңызшы, – деп жүзіне нұр тола жымыған. Мен қысылыңқырап:

– Осында Бекболат Тілеуханов деген ініміз бар ғой, Нүреке, – дедім, – Бекболат айтып берсін.

Бекболат та лып етіп келе қалды. Орындыққа отырды да “Толағайды” айта бастады. Осы сәтте Президент оның иығына қолын салды да, “Тоқтай тұр, Бекболат” деді. Содан соң “Олай емес, былай” деп, “Толағайды” өзі айтып шықты. Ән орындалып жатқанда менің көз алдыма Нұрсұлтан Әбішұлының 60 жылдық торқалы тойына арнап түсірілген деректі фильмде Нүрекеңнің “Толағайды” домбырамен айтып отырған сәті келді.

“Толағайды” айтып болған соң Нүрекең:

– Енді “Еділ-Жайығыңызды” өзіңіз айтыңыз, – деді.

Мен “Еділ-Жайықты” толық айтып шықтым. Ту сыртымда кішкентай баласымен тұрған атақты композитор Нұрғиса Тілендиев:

– Тамаша! Жарайсың, Илья! – деп арқамнан қақты.

Салық Зиманов, Кәукен Кенжетаев, Асанәлі Әшімов, Ақселеу Сейдімбеков, Иманғали Тасмағамбетов, бізді қоршаған зиялы топтың көзінен шын жүректен шаттанған сезімнің нұрын көрдім. Шота Уәлиханов өзінің осы бір игі ілтипатына мәз бола сүйсінді. Бұл бір сәт те тәтті түс секілді есімнен шыға қоймас.

Үшінші жүздесу

2001 жылдың желтоқсан айы.

Еліміз үшін елеулі мереке де тақап қалған еді. Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы! Осы ұлы мерекеге орай бүкіл республика көлемінде әзірлік жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатты. Осындай бір дүбірлі күндерде Атыраудың Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі мерекеге арнап концерт беру үшін Астанаға келді. Бұл өнер шарасы сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтің идеясымен жүзеге асқан еді. Концерт Конгресс-холда салтанатты түрде зор табыспен өтті. Концертті мен жүргізген едім. Дирижері Рысбай Ғабдиев. Концерт жүріп жатқан сәтте сыртта Арқаның бораны түтеп тұрды. Ертеңінде

Иманғали Тасмағамбетовтің тапсыруымен осы концертті Көкшетауда екі рет қайталадық.

Концерттен соң кешкі асқа отыра бергенімізде Рысбайдың ұялы телефоны шылдырлап қоя берді. Рысбай сөйлесіп болды да: «Иманғали ғой, “Түнделетіп болса да Астанаға жетіңіздер. Ертең кешкі сағат жетіде, Конгресс-холда кешегі концертті қайталайсыздар. Оған Президент Нұрсұлтан Әбішұлының өзі қатысады дейді», – деп тосын хабар айтты. Сөйтіп, сол түні ақтүтек боранда тоқтай-тоқтай жүріп отырып, таң алдында Астанаға жеттік. Кешкісін Конгресс-холда Президент қатысқан бұл концерт те өте қызықты өтті.

Концерттен кейін біз банкет залында Президентпен бірге шай дастарқанына отырдық. Осы сәт менің жүрегімде бір сезім оты тұтанды. Ішімнен “Мұндай сәттілік бола бермейді, Нүрекеңнің өз аузынан біраз жайды біліп алайын,” дедім де:

– Нүреке, сізбен араласып жүрген дос-жаран, сыйлас, қадірлес адамдардан менің әндерімді сүйетініңізді, кейде әндетіп орындайтыныңызды естіп, іштей сүйініп жүремін. Осы бір жайды өз аузыңыздан естісем деп едім, – дедім.

Нүрекең маған күлімсірей қарап былай деді:

